**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 01 қыркүйек 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау**.(коммуникативтік, шығармашылық,физикалық іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. «Білім» күніне орай өткізілетін іс-шарамен қысқаша таныстыру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | | | | | **Сюжеттік ойын** «Менің балабақшам»<br>**Мақсаты**: Балабақша қызметкерлерінің қызметтерімен таныстыру.<br>**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды,шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу №1 (қыркүйек айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | **Дене шынықтыру**<br>**"Ұйымшыл балалар".**<br>**Мақсаты**: Балаларды сапта бір-бірлеп жүру; заттардың арасымен доптарды домалатуды үйрету.(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**"Заттардың арасымен" қимылды ойыны.**<br>**Мақсаты:** Кеглилер, текшелер және басқа да заттардың арасынан допты домалатуды үйрету.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік ,коммуникативтік іс-әрекет)** |
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| **Серуен** | | | | | **Күздің ерте немесе кеш келуін бақылау.**<br>**Тақпақтар**<br>Н. Әлімқұлов «Күз».<br>Берекесін сыйлауға<br>Өлкемізге күз келді.<br>Жемістерін жинауға<br>Шақырады біздерді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Қ.Ыдырысов «Күз».<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау,<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Астықты тасымалдау»** Дабыл бойынша арбамен «астық» тасу, бір шетінен екінші шетіне тасу. Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Еңбек:** гүлзарда жұмыс істеу.<br>Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге сүйіспеншілікті арттыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>**«Құмда сурет салу»** Балаларға құмда сурет салуды үйрету. Атқарған жұмыстарын атап, балаларды мақтау. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Серуен кезінде күннің суретін салуды үйрету.(**шығармашылық іс-әрекет)**<br>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтары, үй, трамвай, автобус; серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеу; | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | | | | | "**Асқар ата келді".**<br>**Мақсаты:** Балаларды сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, түрлі әдістерді қолданып, ыдыс-аяқ жасауды және бұйымның сыртын дымқыл шуберекпен өңдей отырып, пішіннің бетін тегістеуді үйрету.<br>(**Шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>"**Балабақша"**.<br>**Мақсаты:** Балаларды екі параллель сызықтың ұштарын көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның қарапайым ғимарат бейнесіне біріктіруді үйрету.<br>(**шығармашылық,танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**"Күз келді бақшама".**<br>**Мақсаты:** Балабақша маңайында ауа райын бақылау, күзгі құбылыстарды байқау, бір-бірінен ажыратуды үйрету. **(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Дидактикалық ойын:**<br>**"Күз құбылыстарын ата".**<br>**Мақсаты:** Күз құбылыстарын атау іскерліктерін дамыту; балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(Әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |
| | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | | **Төрежан Жантөре**<br>**Жыл мезгілі жайлы мнемокестемен жұмыс істеу немесе әңгімелесу-**<br>**Мақсаты:** Мнемокестедегі жыл ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруды үйрету.(**коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды ,шығармашылық іс-әрекеті)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу,  ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту  бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді                    М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ:  Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

***Жоспардың құрылу кезеңі*** 04-08 қыркүйек 2023 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(физикалық,коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".**<br>**Мақсаты:** Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік,шығармашылық  іс-әрекет)** | | | | |
| | **Қимылды ойын** «Ұшты-ұшты» **Мақсаты:** Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. **(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық коммуникативтік іс-әрекет)** | **Сюжеттік ойын**<br>«Мен дәрігер боламын»<br>**Мақсаты:** Балалар бір -бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Үстел-үсті ойын**<br>«Әдемі үйшік»<br>**Мақсаты**:Балалар өз еріктерімен  үйшікті құрастыра алады<br>**(шығармашылық ,танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Сюжеттік ойын**<br>«Шаштараз»<br>**Мақсаты:**Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді.<br>**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі»**<br>**Мақсаты:** Сандарды тура және кері санай білуге үйрету<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік  іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу №1 (қыркүйек айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Достар жұптары**".<br>**Мақсаты:** Балаларға допты жоғары лақтыруды үйрету.<br>(**Физикалық, танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>"**Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар**".<br>**Мақсаты**: Балаларға сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінік беру, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен таныстыру.<br>Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.<br>Көп адамға: «Сәлеметсіңдер ме!» - дейміз.<br>Көршің мен досыңа: «Сәлеметсің бе!» - дейміз. | **Дене шынықтыру**<br>**"Бір-бірден қатарға тұру**".<br>**Мақсаты:**Балаларға бір-бірден қатарға тұруды үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>"**Біздің балабақшада ойыншықтар көп**".<br>**Мақсаты:** Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір | **Дене шынықтыру**<br>"**Қатардан қалма".**<br>**Мақсаты:** Балаларды сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруді үйрету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Бейтаныс адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.<br>Педагог карточка-суреттерді атап көрсетеді:<br>Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.<br>(**Шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Музыка**<br>"**Балабақша әніміз**".<br>**Мақсаты:** Балаларға балабақша туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету.<br>(**Шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | | мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту.<br>**(шығармашылық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты).Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Құстарды танып білу, дене бөліктерін атау; құстарға қамқорлық сезімдерін ояту. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:**<br>**«Допты қуып жет»**<br>**Мақсаты:** Бір-бірімен қақтығысып қалмай жүгіруге жаттықтыру.<br>**(физикалық, коммуникативтік шығармашылық іс-әрекет)** | **Жаңбырды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Жаңбыр жауып тұрған кездегі ауа райындағы өзгерістерді білуді үйрету: сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр.<br>Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ немесе сирек жауады, күзгі жаңбырдан кейін шалшықтағы сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың қоректері азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді.<br>**Жұмбақ.**<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың. (Жаңбыр.)<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Кең** | **Бұлтты бақылау.**<br>**Мақсаты:**Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз.<br>Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады.<br>**Жұмбақтар.**<br>Ақ мақта,<br>Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар.)<br>Көзі жасты жылжып, келе жатыр бір алып,<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт.)<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын: «Кең** | **Өрмекші мен өрмекті бақылау.**<br>**Мақсаты:** Өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру. Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екенін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру.<br>Жұмбақ.<br>Шидиген ұзын сирағы,<br>Тастай керең құлағы.<br>Сөйтіп жүріп көп жерге,<br>Аспалы торлар құрады. (Өрмекші.)<br>(**коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды** | **Өзенді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Өзенде болатын маусымдық өзгерістерді бақылап және бәрін атап берулерін қадағалау. Өзеннің табиғаттың негізгі ресурсы екенін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Өз бетімен ойындар ойнау.**<br>**Мақсаты**:Ойынның барысы мен ережесін өз бетімен ойлап табуды үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>(**танымдық-зияткерлік,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>**Мақсаты:** Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **қадам».**<br>**Мақсаты:** Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>(**физикалық,танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту. Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек."<br>**(Коммуникативтік, физикалық,танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **қадам».**<br>**Мақсаты:** Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту.<br>Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>(**физикалық,коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар».**<br>**Мақсаты:** Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті жасауы.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық, физикалық іс-әрекет)** | **іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Маймылдар».**<br>**Мақсаты:** Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, ілулі тұрған заттарды алуды үйрету және эстафетаны келесі ойыншы жалғастыруы қажеттігін үйрету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**(Коммуникативтік,физикалық іс-әрекет** | **әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**) |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Дербес ойын «Менің балабақшам». **Мақсаты**: Түрлі – түсті ағаштардың биік ғимарат құрастыруға үйрету.<br>**(шығармашылық, танымдық-** | **Шығармашылық жұмыс**<br>Ертегіні оқи отырып, мазмұнын суреттер арқылы түсіндіре алуға үйрету.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық, физикалық іс-әрекет)** | **Қимылды ойын «Қандай пішін»**<br>**Мақсаты:** Заттарды пішіндермен сәйкестендіре отыра жапсыру, жылдамдыққа үйрету.<br>**(танымдық-зияткерлік,** | Суреттік боямалар «**Кім,қайда өмір сүреді**»<br>**Мақсаты:** Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың | **Дербес ойын «Пазл»**<br>**Мақсаты**:Балалар пазлдың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **зияткерлік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | **шығармашылық іс-әрекет)** | мекендерімен таныса алады. **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол** нейрожаттығулар жасау (**физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре** пайдалы және зиянды тағамдар плакат жасау**. (шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол** дұрыс ұстауды үйрету. (**шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | Ералиева Альбина Отбасы мүшелері жайлы әңгіме жүргізу. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре** көлік түрлерін ажырата білуге баулу. (**Шығармашылық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

***Жоспардың құрылу кезеңі*** 11-15 қыркүйек 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау**.** **(физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп»** **Мақсаты**:Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіп сақтауды, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | | | | |
| | **Үстел үсті ойыны** «**Мозаика**» **Мақсаты:** Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып, дұрыс орналастыруды үйрету. Тапқырлықты дамыту. **(әлеуметтік-эмоционалды , танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын «Түстері бойынша бөл»** **Мақсаты:** Өз еріктерімен суреттерді бояуды үйрету. **(шығармашылық,коммуникативтік іс-әрекет)** | **«Мозаика»** **Мақсаты**: Балаларға әртүрлі заттарды, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, олардың түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу**.** **(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік шығармашылық іс-әрекет)** | **«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.** **Мақсаты**: Тілдерін дамыту. **(коммуникативтік,танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын. «Кімнің дауысы?»** **Мақсаты**:Балаларды өз еріктерімен ойнату. Геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту. **(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу №2 (қыркүйек айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.** **"Қатарда жүру түрлері".** **Мақсаты:** Балаларға қатарға бір-бірден тұру; жүруді жүгірумен кезектестіру дағдыларын дамыту; орындықта көлденеңінен еңбектеуді үйрету. | **Қазақ тілі** **"Менің жанұям мен туыстарым".** **Мақсаты:** балаларға отбасы, отбасы мүшелері туралы түсінік беру; отбасы, туыстық қатынас туралы түсініктерін дамыту. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** **Музыка** | **Дене шынықтыру** "**Бір орнынан биікке секіру**"**.** **Мақсаты:** Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруді үйрету. (**физикалық,танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Музыка** "**Жаңбыр**"**.** **Мақсаты:** Балаларды әнді тыңдап отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету. **(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-** | **Дене шынықтыру** "**Шынықсаң - шымыр боласың**". **Мақсаты:** Балаларға құрсауларды домалатуды үйрету. (**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | "**Жаңбыр**".<br>**Мақсаты:**Балаларды әнді тыңдап отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | | **әрекет**) | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты).Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.<br>**(Әлеуметтік –эмоционалды, физикалық іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақшадағы көгөністерді бақылау.**<br>(Қырыққабат, қызылша, қызанақ, бұршақ.)<br>**Тақпақ.**<br>Көгөністі көп ектік,<br>Өссін, піссін деп ектік,<br>Көктемде еккен көгөніс,<br>Күзде берді көп өнім.<br>**Мақсаты:** көгөністер жөнінде білімдерін кеңейту: аты, түсі, дәмі, тағам түрінде қолданылуы, құрамындағы дәрумені; күзде көгөністерді жинау; көгөністердің пісіп-жетілуіне мән беру; топырақ салынған жәшіктерді арнайы бөлмелерде сақтау. Өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты карауды үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Бағбандар».**<br>**Мақсаты:** Балаларды бақшаны бірлесіп жинауды үйрету. Ойын | **Гүлдерді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Гүлдердің атауларын, оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету. Тапқырлықты, ақыл-ой ұшқырлығын дамыту.<br>Нарғызгүл (георгин), қашкаргүл (астра), қырмызыгүл (календула).<br>Жұмбақ.<br>Құлпырса қадірлейді, аялайды,<br>Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл.)<br>Күзгі гүлдердің сұлулығын сезінуге тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар».**<br>**Мақсаты:** Қимыл шапшаңдығы мен ептілікті дамыту.<br>Ағаштарға өрмелеп шығып, белгілі бір жерге секіріп түсуді | **Түскен жапырақтарды бақылау.**<br>**Мақсаты**:Күзгі табиғаттың сұлулығын байқауды үйрету. Тілін дамыту.<br>Жұмбақ<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары. (Жапырақ.)<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт».**<br>**Мақсаты:** Ойын ережесін сақтап ойнауды үйрету.<br>Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп бару, кері жүгіріп қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Өз бетімен ойындар: «Жапырақты кілем».**<br>**Мақсаты:** Балалардың бірлесіп ойнауларын ұйымдастыру. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Шалшықтағы суды бақылау.** Көркем сөз.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>**Мақсаты:**<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқауды үйрету.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру».**<br>**Мақсаты:**Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.<br>**Еңбек:** балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау, еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-** | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау.**<br>**Мақал-мәтел**.<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>**Мақсаты:**<br>аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты карауға тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Құнан шабысы»**<br>**Мақсаты:** Ойын ережесін сақтауды (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру (**физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) **«Көгөністер дүкені». Мақсаты:** Көгөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу. Берілген ойын тақырыбында шығармашылық және белсенділік көрсеткендерді мақтау; ойынға қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көгөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)** | үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу. **(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Өз бетімен ойнайтын ойындар. Мақсаты:** Түстерді үйлестіруді үйрету. «Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу». **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық,коммуникативтік іс-әрекет)** | | **эмоционалды іс-әрекет)** | **(физикалық, танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу.<br>«**Ұқыпты бала**» әңгімесі(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | "**Менің мекенім тақырыбына әңгімелесу**". **Мақсаты:** Балалардың ұғымдарында мекенжай туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазақстандағы ауыл мен қала елді мекендер мен табиғаттың ерекшеліктері жөнінде жалпы ұғымдар беру. (**коммуникативтік,** | **"Арқасын жиырған мысық". Мақсаты**: Балаларға арқасын жиырған мысықтың бейнесін бормен салу амалдарын үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына | "**Сұр қоян". Мақсаты:** Балаларға бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуді үйрету. (**шығармашылық, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) «Пішінді құрастыр». Мақсаты:** Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту. (**шығармашылық,танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | "**Санауды үйренемін. Тәулік бөліктері". Мақсаты:** Балалардың тәулік бөліктері жөнінде,"таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" туралы түсініктерін тиянақтау, заттардың саны, заттарды белгілейтін сандар туралы ұғымдарды қалыптастыру. **(танымдық-** | "**Ханзада бақа**". **Мақсаты:** Балаларды ағайынды Гриммнің "Ханзада бақа" ертегісінің басты кейіпкері бақаны қағаздан құрастыруды үйрету. (**коммуникативтік,шығармашылық іс-әрекет**) **«Жұбын тап». Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді қайталау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын. «Көрші-көрші».**<br>**Үстел ойындары**: лото, домино.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Ойын-жаттығу.** "**Жабайы жидектер**".<br>**Мақсаты:** Жабайы жидектердің пайдасы мен зияны туралы түсініктерін пысықтау.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Қарақаттан не жасайды?" жаттығуы.**<br>**Мақсаты**: Жидектердің қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру.<br>**(шығармашылық, физикалық іс-әрекет)**<br>**Ойын-жаттығу. "Бірдей мысықты тап".**<br>**Мақсаты:** Байқампаздықты, сөйлеуді, зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын «Тап та, атын ата».**<br>**Мақсаты:** Түсті қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік коммуникативтік іс-әрекет)** | | **зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>"**Ормандағы оқиға**".<br>**Мақсаты:** Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын: "Қандай ағаш екенін тап!"**<br>**Мақсаты**: Ағаштардың қасиеттері туралы білімдерін кеңейту.<br>**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | оларды салыстыруға жаттықтыру.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |

| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол «Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны. Мақсаты:** Сөйлеу тілін дамыту. **(коммуникативтік,танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре Дидактикалық ойындар "Геометриялық пішіндер". Мақсаты:** Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету. **(танымдық-зияткерлік,шығармашылық іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол Дидактикалық ойын "Жұмбақ сан". Мақсаты:** Балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Балалармен Театрды сахналау.** "**Қасқыр және жеті лақ**" ертегісінің желісін саусақ театры арқылы сахналау. **(коммуникативтік,физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре** Геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыру. **(танымдық-зияткерлік,шығармашылық іс-әрекет)** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** 18-22 қыркүйек 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Орындықтарды жуу".**<br>**Мақсаты:** Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталануды, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | **«Емхана» сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**Мақсаты:** Балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике рөлін ойнауды үйрету. **(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Құрылыс ойындары «Аспалы көпір».**<br>**Мақсаты:** Балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. **(шығармашылық, физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **«Кім зейінді?»**<br>**Мақсаты:** Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі заттарды құрастыру. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойыны. «Төлдерін тап».**<br>**Мақсаты**: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін тиянақтау. **(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын. "Жамауын тап".**<br>**Мақсаты:** Балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. **(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу№2 ( қыркүйек айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Достық» шеңбері.<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз,<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br>Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"**Біз алғырмыз**".<br>**Мақсаты:** Балаларға аяқтың ұшымен жүгіруді; | **Музыка**<br>"**Ата-ананы тыңдаймыз".**<br>**Мақсаты:** Балаларды ата-ана туралы әннің сын-сипатын ажыратуды үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"**Бөренемен төрттағандап жүру**".<br>**Мақсаты:** Балаларға бірінің артынан бірі | **Музыка**<br>"**Күздің ғажайып құбылыстары".**<br>**Мақсаты:** Балаларға әнді тыңдай отырып, | **Дене шынықтыру**<br>"**Кедергіден өту амалдары".**<br>**Мақсаты:** Балаларға бір орында тұрып секіру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік ісм-әрекет**) | (**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | қатармен жүруді жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сапта тұрып, тізені жоғары көтеріп адымдауды үйрету.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | мағынасын түсінуді және ырғақты айыруды үйрету.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | (1,5 м қашықтықта) үйрету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік, коммуникатитвік іс-әрекет**) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштарды бақылау.**<br>**Көркем сөз.**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі,<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>**Мақсаты:** ағаштардың 2-3 түрін сыртқы белгілерінен (шырша, қайың, терек) тану және ажырату. Маусымдық өзгерістер кезінде ағаштарды бақылау, жапырақтарының азаюына назар аудару.<br>(**танымдық-зияткерлік**, **әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Аталған ағашқа жүгіріп бар».**<br>**Мақсаты:** Ағаштың атауын сын-сипатынан білу. Белгі бойынша жұмыс істеу, алаңда | **Шөптің солуын бақылау.**<br>**Жұмбақ.**<br>Дала кілемі.<br>Ол не? (Шөп, өсімдіктер.)<br>**Мақсаты:** балалардың ұғымындағы шөптің түрінің өзгеруі туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктерге қызығушылықтарын дамыту.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Көгершін» ойыны.**<br>**Мақсаты:** Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтау, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс - әрекет**)<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар. «Ертегідегі үйшік» ойыны.** | **Шыбын-шіркейлердің жойылуын бақылау.**<br>**Жұмбақ.**<br>Шидім, шидім, шидім құс,<br>Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс. (Шыбын.)<br>**Мақсаты:** күз мезгілінде шыбын-шіркейлерлің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Ауа райының салқындауына байланысты жәндіктердің жоғалуы.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет**) | **Саңырауқұлақты бақылау.**<br>**Жұмбақ.**<br>Сырты бүтін,<br>Іші түтін. (Саңырауқұлақ.)<br>Жеуге жарамды – ақ түсті, майлы.<br>Улы – шыбынжұт (мухомор), бозарыңқы арамқұлақ.<br>**Мақсаты:** Саңырауқұлақтарды ажырата білу, олардың сырт бейнесіне қарап тану (түсі, пішіні). Бөліктерін атап беру: аяғы, қалпағы. Күз айының кереметін ұғыну, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Аюдың апанында» (орыс халқының ұлттық ойыны).**<br>**Мақсаты**: Балаларға сөздерін анық айтқызу, ойын ережесін сақтауға үйрету. «Аюды» санамақ арқылы таңдауды үйрету.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Жапырақтардың түсуін бақылау.**<br>**Жұмбақ.**<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары. (Жапырақ.)<br>**Мақсаты:** өсімдіктер дүниесінің маусымдық өзгерістері туралы түсініктерін толықтыруды жалғастыру; жалаңаш ағаштар. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты тануды және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Соқыр теке» ойыны Мақсаты**: Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау.<br>**(коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бір-біріне соқтықпай орын ауыстыруды үйрету. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Мақсаты:** Балалардың қалауы бойынша (2-3 адам) үйшік ойнауларын қадағалау. Байсалды, қуанышты жағдай жасауына мүмкіндік туғызу**.** **(шығармашылық, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Қимылды ойын. «Көбелекті ұстап алу».** **Мақсаты:** Бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруді үйрену. Достарымен жақсы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. **(Физикалық, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | "**Туыстар.** **Мақсаты:** Балаларға туыс адамның отбасындағы орны туралы түсіндіру; [Ы], [І] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу мысалдарын көрсету. (**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) **Үстел-үсті ойындары. "Пазылдар".** **Мақсаты:** Зейін, ойлау және визуалды есте сақтау қабілеттерін дамыту. **(коммуникативтік,** | "**Астанаға саяхат**"**.** **Мақсаты:** Балаларды Астана қаласының әсем ғимараттарымен таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруді үйрету. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) **Қимылды ойындар «Ұшты-ұшты».** **Мақсаты**:Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт жібермей, тыңдап отырулары керек. (**физикалық, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | "**Көк тудың желбірегені**"**.** **Мақсаты:** Балаларды көк түсті қағаз бетіне қыран және күннің қимаулгілерін жапсырып, тудың бейнесін құрастыруды; күн мен күн шуақтарының үстіне тарыны, қыранның үстіне қарақұмықты желімнің көмегімен жапсыруды үйрету. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) **Дидактикалық ойын. «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды бір-бірлеп** | "**Менің көшемде не бар?**" **Мақсаты:** Балалардың екі және үш сандары жөніндегі ұғымдарының негіздерін қалыптастыру, "оң қол", "сол қол" ұғымдарын тиянақтау. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | "**Ормандағы оқиға**"**.** **Мақсаты:** Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) **Дидактикалық ойын. «Киім дүкені»** **Мақсаты:** Ойын барысында рөлдерді ойнауды үйрету. Сатушы әртүрлі киім түрлері туралы әңгімелейді. **(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | **атап бер".**<br>**Мақсаты:** Үй жануарларын бір-бірінен және төлдерін ажырата білуді, оларға күтім және қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық іс-әрекет)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Байменде Раяна**<br>**«Сиқырлы қапшық»**<br>**Мақсаты:** Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды үйрету.<br>**(коммуникативтік ,танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**Дидактикалық ойын. «Не артық?»**<br>**Мақсаты:** Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Думан Сара**<br>**Артикуляциялық жаттығу**<br>**Мақсаты:** Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау.<br>Ян - ян - секеңдеген ақ қоян,<br>Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю.<br>Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі,<br>Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Мадияр Бекәлім**<br>**«Дәл осындай пішінді тап».**<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауды, ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**«Кел, жазайық.»**<br>**Мақсаты:** Тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** 25-29 қыркүйек 2023 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ұйымдастрылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оған керекті заттар туралы әңгімелесу. **(коммуникативтік ,шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".**<br>**Мақсаты:** Балаларды жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, бірге жұмыс істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| | **Құрылыс ойындары "Қуыршақтарға арналған үй".**<br>**Мақсаты:** Ағаштардан үй құрылысын жасауды үйрету. Тиянақтылыққа дағдыландыру.<br>**(шығармашылық ,коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар».**<br>**Мақсаты:** Тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Заттардың атауларын жалпылауды, заттарды бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".**<br>**Мақсаты:** «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді өзара қосып, қарлығаштың суретін шығарады.<br>**(шығармашылық, коммуниткативтік іс-әрекет)** | **Суреттерді бояу**<br>Суреттерді бояу, беттерін де бояу.<br>**Мақсаты:** Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу№2 (қыркүйек айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Қайырлы таң, Алтын күн!<br>Қайырлы таң, Жер-Ана!<br>Аман болсын, достарым,<br>Аман болсын, ата-анам!<br>Алтын күз жайлы әңгімелесу.**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"**Кедергілерден өту ойындары**".<br>**Мақсаты:** Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету. | **Қазақ тілі**<br>"**Қазақстан - менің Отаным**. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері".<br>**Мақсаты**:<br>Балалардың Қазақстанның | **Дене шынықтыру**<br>"**Сарщұнақтай жылдам болайық**".<br>**Мақсаты:** Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге | **Музыка**<br>"**Жапырақтар сарғайды**".<br>**Мақсаты:** Балалардың әнді тыңдай отырып, сыр-сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; | **Дене шынықтыру**<br>"**Күздің қызықтары".**<br>**Мақсаты**: Балаларға жүруді секірумен кезектестіруді үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуді үйрету.<br>**(әлеуметтік-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы түсініктерін дамыту; Қазақстан туралы өлеңмен таныстыру; кіші отан туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету.<br>**Мәтінді мәнерлеп оқу.**<br>"Көрікті Қазақстан".<br>Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу "Есте сақта". "Өз елің - алтын бесігің".<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br><br>**Музыка**<br>"**Күн дидарлы Қазақстан**".<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету.<br>(**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын.**<br>"**Күннің көзі және бұлт**" (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**). | жаттықтыру.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекеті)** | әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын билеу білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **эмоционалды,физикалық іс-әрекет**)<br>"**Басына қап қою**" қимылды ойыны.<br>**Мақсаты:** Денесін тік ұстап жүруді үйрету<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай)**<br>**Жұмбақ.**<br>Қысы-жазы бір түсте. | **Бұтақтарды бақылау (итмұрын, мамыргүл (сирень), қара жемісті шетен, мойыл).**<br>**Жұмбақ.** | **Жеміс ағаштарын бақылау.**<br>**Тақпақ.**<br>Жеміс біткен бау-бақша,<br>Жемін жайды жан-жаққа. | **Торғайды бақылау**<br>**Мақсаты:** Торғайдың тіршілік етуінің ерекшеліктері, өмір көріністері туралы | **Ауа райын бақылау.**<br>**Мақсаты:** күздің алғашқы өзгерістері және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Шырша)<br>**Мақсаты:** балабақша алаңында өсетін қылқан жапырақты ағаштарды тану (2 түрі, қылқанжапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағайдың ұзын инелері бар, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шыршаның инелері қысқа және қою жасыл түсті. Табиғатқа сүйіспеншілікті арттыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Бос орын».**<br>**Мақсаты:**<br>Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. Табиғат бұрышының мекендеушілерін қоректендіру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)** | Өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған. Жемісін жұлып алсаң, оның тікені қолыңа кіреді. (Итмұрын.)<br>**Мақсаты:** сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру. Табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Белгіні тыңда».**<br>**Мақсаты:** Ойын ережелеріне бағынуды, дұрыс жауап беруді үйрету.<br>**(шығармашылық, физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | Бақта құстар сайрады,<br>Құйқылжытып сан-саққа.<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып.<br>Арам шөпті жұламын.<br>**Мақсаты:** балаларға ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайтынын, піскен жемісті ғана жеу керектігін түсіндіру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойындар. «Қоян мен қасқыр».**<br>**Мақсаты:**<br>Мәтіннің мағынасына сәйкес әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау. Алаңның бойымен қозғалу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалдық, физикалық іс-әрекет)** | білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру.<br>Торғай - епті құс, ол бұтақтан-бұтаққа қорықпай секіреді, ол дәндер мен тұқымдарды шоқып жейді. Ол барлық жерде адамның әдеттеріне жақсы бейімделеді. Торғай "шиқ-шиқ" деп ән салады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Допты ұста" ойыны.**<br>**Мақсаты:** Допты екі қолмен лақтыру және ұстау дағдыларын бекітуді жалғастырыңыз.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр бұлттар, бұлыңғыр аспан, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтартардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүюге баулу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар:** «**Сүйікті ойыншықтармен ойнау**».<br>**Мақсаты**:Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына жағдай жасау.<br>**(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу.**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Сюжеттік-рөлді ойын. «Шаштараз».**<br>**Мақсаты:** Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен тарап, әдеміленіп жүруді | **Ойын-жаттығу.** "**Менің өлкем**".<br>**Мақсаты:** Балаларды Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңнің мазмұнымен таныстыру; | **Ойын-жаттығу Ыдыстар.**<br>**Мақсаты:** Балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езу, бояуды қылқаламмен | **Ойын-жаттығу.** "**Қыран".**<br>**Мақсаты:** Балаларды қыранның сыртқы бейнесімен таныстыру; қыранды тануды, оның тіршілік етуіне | **«Балықшы».**<br>**Мақсаты:** Білімдерін тиянақтау, ойлау қабілетін дамыту.<br>Көрнекіліктер: аквариум суреті, балықтар. Ойынның барысы: балалар суреттегі аквариумнан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?"**<br>Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту, іс-әрекетті сөзбен түсіндіруді үйрету | өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру. (**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы жақта тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | араластырып қоюландыру тәсілін қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің қасына салып, табақша мен шыны-аяқ суреттерін бір сюжетке біріктіруді үйрету. (**Коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын. "Басқаша айт".**<br>**Мақсаты:**Жалпылама ұғымдарды бекіту<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | қызығушылықты дамыту. (**шығармашылық, физикалық іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын: "Қыранды тап".**<br>**Мақсаты:** Құстардың бірнеше бөлікке бөлінген суреттерінен қыранды білдіретін суретті табуды үйрету. Зейін, байқампаздық қабілеттерін дамыту.<br>**(коммуникативтік іс-әрекет, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | балықтарды аулап алады да, балықтың түсін айтады. (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Театрды сахналау.**<br>"**Қызыл телпек**" ертегі желісін маскамен сахналау.<br>**Мақсаты:** Сөйлеуді, еске сақтауды, қиялды дамыту.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол «Әдемі кілемшелер».**<br>**Мақсаты:** Бөліктерден кілемше жасауды үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Балаларға**<br>**Жаңылтпаш жаттатқызайық.**<br>1) Доп деп,<br>Доп теп.<br>2) Қапыда ит қапты,<br>Қатты қапты,<br>Қапты қатты.<br>3) Қырқада қырық арқар бар.<br>Қырық арқарда ақ арқар бар.<br>Алты арқарда марқа арқар бар.<br>(**физикалық, коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | **Казенбай Нұрбол "Жомарт күз"**<br>**Мақсаты:** Жомарт күз тақырыбында суретке қарап әңгіме құрастыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**) | **Ералиева Альбина**<br>**Артикуляциялық жаттығу.**<br>1) Ара болсаң, ызыңда<br>З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж<br>Жұмыс істе, тығылма.<br>- Ара қалай дыбыстайды?<br>(з- з-з) - қатты\жай<br>2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе»,<br>«За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза»,<br>«Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу»,<br>«Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | **Балалармен**<br>**Кел, санайық**<br>**Мақсаты:** 1-ден 5-ке дейін және кері санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 02-06 қазан 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Мамандықтар туралы сұрақтар қою. **(Әлеуметтік –эмоционалды,физикалық іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Біздің шкафта тәртіп бар".**<br>**Мақсаты:** балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету.<br>**(Әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| | **Қимылды ойын** «Ұшты-ұшты» **Мақсаты:** Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. **(Коммуникативтік, физикалық шығармашылық іс-әрекет)** | **Сюжеттік ойын** «Мен дәрігер боламын» **Мақсаты:** Балалар бір -бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. (**Әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Үстел-үсті ойын** «Әдемі үйшік» **Мақсаты**:Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады **(Шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Сюжеттік ойын** «Шаштараз» **Мақсаты:**Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. (**Коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі» Мақсаты:** Сандарды тура және кері санай білуге үйрету **(Танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу кешені №1 (қазан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "**Күзгі жолдар үстіндегі ойындар**". **Мақсаты:** Балаларды кішкентай және үлкен қадаммен жүгіру; көлденең тақтайда еңбектеуді үйрету. (**коммуникативтік, физикалық іс-әрекет**) | **Қазақ тілі** "**Күз мезгілі. Алтын күз". Мақсаты:** Балалардың "күз" жайлы түсініктерін дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімдер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап беретін етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру. Мнемокарточкаларға | **Дене шынықтыру** "**Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру**". **Мақсаты:** Балаларға сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауды үйрету. (**физикалық, коммуникативтік іс-** | **Музыка** "**Күзге ән арнайық**". **Мақсаты:** балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету. (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру** "**Тақтайдың үстімен қалай жүреміз?**" **Мақсаты:** Балаларға екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруды үйрету. (**физикалық,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | негізделген сөздік жұмыс.<br>"Күз" тақырыбына мнемокесте бойынша әңгіме құрау.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Музыка**<br>"Күз".<br>**Мақсаты:** Балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Дидактикалық ойын: "Балақан".**<br>**Мақсаты:** Музыка ырғағына сай қол соға отырып, әннің әуеніне қосылу.<br>(**шығармашылық, физикалық іс-әрекет**) | **әрекет)** | | **шығармашылық іс-әрекет**) |
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты).Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. (**Әлеуметтік –эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күн - жылу мен жарық көзі.**<br>**Мақсаты:** күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.** | **Желді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>(**физикалық, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Суды бақылау.**<br>**Мақсаты:** балаларды сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау;<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік коммуникативтік іс-әрекет**) | **Мысықты бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға | **Аспанды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсайтынын байқауға машықтандыру; ой-қиялын, зейін. бақылау қабілетін дамыту.<br>(шығармашылық, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. **(физикалық, танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** **"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны.** **Мақсаты:** Қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту. **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет).** | **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты:** Балаларды шеңберде ойын ережесіне сақтап, бірігіп ойнауға ынталандыру; **(физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** **Мақсаты:** Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. **( коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.** **Мақсаты:** Балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту. **(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.** **Мақсаты:** Балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге баулу; **( әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)** | қызығушылықтарын арттыру, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. **Көркем сөз.** **Б. Соқпақбаев "Мысық".**<br>Үстінде үйдің<br>Тұр еді мысық.<br>Қасына келді<br>Бір торғай ұшып.<br>бассалмақ болып,<br>Ыршыды мысық.<br>Жалт берді торғай,<br>Пыр етіп ұшып.<br>Биіктен жерге<br>Топ ете түсіп,<br>Мысықтың қалды<br>Жамбасы ісіп.<br>**( коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.** **Мақсаты:** Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) **Көркем сөз.** **Қ. Мырза Әли "Аспанда".**<br>Аспан малға толып кетті -<br>Бұлттар түлік болып кетті:<br>Бір бұлт шықты ешкі болып,<br>Бір бұлт шықты мешке болып.<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.я.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.** **Мақсаты:** Балаларды мергендікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | "**Күз туралы тақпақты құрастыру".** **Мақсаты:** Балалардың ұғымдарында тақпақ пен өлең | "**Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі".** **Мақсаты:** Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен | **"Күзгі жапырақтар шоқтары".** **Мақсаты:** Балалатанымдық-рдың | "**Алтын күз".** **Мақсаты:** Балаларды "Алтын күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыру, | **"Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат".** **Мақсаты**: Балаларды жасымықтан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру, көркемсөз үлгісінің қара сөзден айырмашылығын түсіндіру; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды пысықтау.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. «Шаштараз».**<br>**Мақсаты:** Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, өз шаштарын үнемі тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | бояу және қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетін күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Дамытушы жаттығу. "Бұл қандай ағаштың жапырағы?"**<br>**Мақсаты:** Ағаштардың атауларын жапырақтарына қарап табуды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеуді дамыту.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | ұғымында заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиындары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет )**<br>**Дамытушы жаттығу. "Күзгі бояу".**<br>**Мақсаты:**Табиғаттағы күзгі түстерді атауды, бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | тақпақты мұқият тыңдауды үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Саңырауқұлақтар".**<br>**Мақсаты:** Екі бөлшектен тұратын заттарды, оларға тән пішіндерін бере отырып, сомдау біліктерін нығайту; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануды үйрету.<br>**(шығармашылық, физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | саңырауқұлақтың қалпақшасын, қарақұмықтан саңырауқұлақтың түбірін, құрмадан саңырауқұлақтың сабағын құрастыруды үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**Дидактикалық ойын. "Қай ағаштың жапырағы?"**<br>**Мақсаты:** Таныс ағаштардың жапырақтарын ажырату және атау.<br>**(шығармашылық ,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>**«Әдемі кілемшелер».**<br>геометриялық пішіндерді кілемшелердің үстіне қояды да, әдемі құрақ құрауды үйрету.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекеті)** | **Төрежан Жантөре**<br>**жаттайық.**<br>1) Доп деп,<br>Доп теп.<br>2) Қапыда ит қапты,<br>Қатты қапты,<br>Қапты қатты.<br>3) Қырқада қырық арқар бар.<br>Қырық арқарда ақ арқар бар.<br>Алты арқарда марқа арқар бар.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Кел, жазайық.**<br>**Мақсаты:** Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету.<br>**(коммуникативтік шығармашылық іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина**<br>**Артикуляциялық жаттығу.**<br>1) Ара болсаң, ызында<br>З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж<br>Жұмыс істе, тығылма.<br>- Ара қалай дыбыстайды?<br>(з- з-з) - қатты\жай<br>2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе»,<br>«За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза»,<br>«Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу»,<br>«Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса.<br>**(физикалық, коммуникативтік шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**10-ға дейін тура және кері санауды бекіту.**<br>Геометриялық денелерді дұрыс атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекеті)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** 09-13 қазан 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.<br>Балабақша туралы сұрақтар қою. **(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **«Жұбын тап»** ойыны<br>**Мақсаты:** Балалардың алдына екі бөлікке бөлінген жұмыртқа-ларды беріп, түстерін тауып сәйкестендіруге үйрету.<br>**(Танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **«Көңілді көліктер»**<br>**Мақсаты**:Көліктің дөңгелегін орналастыру<br>(ұсақ қол мотори-касына арналған ойындар)<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **«Көңілді бояулар»**<br>**Мақсаты:** Суреттерді бояу. Балаларға қарындашты оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру<br>**(Шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | «Бауырсақ» ертегісі<br>**Мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру.<br>**(Коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойын-дарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары **(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу кешені №1 (Қазан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Дидактикалық ойын:** «Қуыршақтың киімі»<br>**Мақсаты:**Қуыршаққа киім таңдап беру, қуыршақ суретін салу.<br>**(Шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Гимнастикалық қабырғаға өрмелейміз!"**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға сапта бір-бірден жүгіруді; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуді үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>**"Көгөністер мен жемістерді жинаймыз Геометриялық пішіндер**".<br>**Мақсаты:** Балалардың "күзгі астық", "қысқы дайындық" туралы түсініктерін қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы білімдерін пысықтау. | **Дене шынықтыру**<br>**"Допты қақпаға дәлдеп домалату".**<br>**Мақсаты:** Балаларды сапта денесін тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру.<br>(**физикалық,танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>"**Күз жомарт" пысықтау.**<br>**Мақсаты:**Балалардың музыканы тыңдай білу қабілеттерін арттыру; әнді тыңдау арқылы сыр-сипатын ажыратуды үйрету.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын. "Біздің саяхат".**<br>**Мақсаты:** Балғаның дыбысы арқылы көңіл күйді білдіртуді үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"**Епті баламыз".**<br>**Мақсаты:** Балаларға табан мен алақанға сүйеніп төрттағандап еңбектеуді үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Кешігіп қалма" қимылды ойыны.**<br>**Мақсаты:** Еңбектеу, жүгіру дағдыларын бекіту. Қимыл жылдамдығы мен ширақтығын дамыту.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Музыка**<br>"**Жомарт күз**".<br>**Мақсаты:** Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету.<br>(**шығармашылық коммуникативтік іс-әрекет**) | | (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты).Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. (**Әлеуметтік-эмоционалды,физикалық іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау**<br>**Еңбек**: Біздің ойын алаңы<br>«**Таяқшадан аттап өт»**<br>**Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Бұлтты бақылау**<br>**Көркем сөз:**<br>Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр)<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арртыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**«Артығын тап» д/о**<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | ***Желді бақылау***<br>**Көркем сөз:**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**Мақсаты:**Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **«Жел» туралы әңгіме**<br>**Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру**.**<br>**Көркем сөз**<br>Қалың ну халық саулығы<br>Көк орман<br>Отан байлығы.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Күннің ерекшелігі**<br>**Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Қимылдық ойын: «Қуаласпақ»**<br>**Мақсаты**: Жылдамдыққа , ептілікке баулу.<br>**(физикалық ,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу.<br>«Ұқыпты бала» әңгімесі<br>**(Коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Тақырыбы: «Алма мен алмұрт»**<br>**Мақсаты:**Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білу. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін игеру дағдыларын дамыту.<br>**(Шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **«Пішіндерді орналастыр және суретін сал» ойыны**<br>**Мақсаты:** пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады.<br>Дөңгелек пішінді мүсіндеу.<br>**(Танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **«Өз үйін тап» ойыны**<br>**Мақсаты:** үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**«Дөңгелек»**<br>**Мақсаты:** шығаршылыққа деген қызығушылықтарын дамыту;<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **«Өз орнын тап» ойыны**<br>**Мақсаты:** түстерді тануға үйрету.<br>(**танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**«Пішіннің суретін сал» ойыны**<br>**Мақсаты**: көріп есте сақтауын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | Үстел -үсті ойыны пазл: **«Үйшік құрастыр»**<br>**Мақсаты:** логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**«Кім көп,кім аз»**<br>**Мақсаты**:ұл және қыз атауларын естеріне сақтауға және ажырата алуға дағдыландыру.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ералиева Альбина**<br>Құрылыс материал-дарынан орындық, сырғанақ құрастыра білуге үйрету.<br>(**танымдық-зияткерлік**, **шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Төрежан Жантөре**<br>**«Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев**<br>**Мақсаты:**Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Балалармен**<br>**Саусақ жаттығуы: «Қоянның құлағы»**<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>**Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | **Ералиева Альбина**<br>«Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли<br>**Мақсаты:** Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Төрежан Жантөре**<br>**Саусақ ойыны:**<br>Саусағымда сақина<br>Санап көрші кәнеки<br>1,2,3 Бір, екі үш<br>Демалайық жинап күш.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Балалардың жасы: 4 жас**

***Жоспардың құрылу кезеңі*** 16-20 қазан 2023 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике және психологпен бірлескен жұмыс. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балабақша - баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта. Тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуді үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**"Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br>**Мақсаты:** Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүейтін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс істегенде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(коммуникативтік , әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | **"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>**Мақсаты:**Балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілетін дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік,коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?"**<br>**Мақсаты:** Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>**(коммуникативтік,танымдық-зияткерлік іс-** | **Үстел үсті ойыны. «Мозаика».**<br>**Мақсаты:** Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып дұрыс орналастыруды үйрету. Тапқырлылықты дамыту.<br>**(әлеуметтік – эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>М.Әлімбаев «Он саусақ».<br>Жалғыз саусақ тіпті де,<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды<br>Жүгіртеді қаламды<br>Өнерлі екен он саусақ!<br>Қала салсақ, жол салсақ.... | **Дидактикалық ойын. "Баспанасын тап".**<br>**Мақсаты:** Жануарлар мен жәндіктер туралы балалардың білімдерін бекіту.<br>**(физикалық, шығармашылық әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (заттар).**<br>**Мақсаты:** Балалардың айналадағы заттар, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?»**<br>**Мақсаты**: Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету.<br>**(танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс айтқызып, оның атқаратын қызметі туралы бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін, қолдың | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».**<br>**Мақсаты:** Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. Құстардың атауын дұрыс атауды үйрету.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>**Мақсаты**: Саналы логикалық есте сақтауды және зейін бөлуді қалыптастыру.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекет)** | **(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | | ұсақ моторикасын жетілдіру. **(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет )** | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу кешені №2 (Қазан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Бидай туралы әңгімелесу.<br>Балаларға 1-ден 4-ке дейін санауды ұсынады. Саналғандар реттік сандарына сәйкес 4 топқа бөлінеді.<br>**(коммуникативтік,танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>"Нан қалай пайда болады?" суреті бойынша әңгіме құрастыруды үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Мергендер жарысы".**<br>**Мақсаты**: Балаларға саптағы орындарын өзгертіп қайта тұруды; 2–3 м қашықтықтан алға ұмтыла екі аяқпен секіруді үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>**"Сиқырлы бауырсақтар".**<br>**Ыдыстар.**<br>**Мақсаты:** Балаларды **"Сиқырлы бауырсақтар**" әңгімесі, бауырсақтың дайындалу ретімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; ыдыстың жана түрлері, олардың қолданысымен таныстыру.<br>**(коммуникативтік,шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Музыка**<br>**"Тәтті нан".**<br>**Мақсаты:.** Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру.<br>(**коммуникативтік,шығармашылық іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>"**Алға жүрелеп жылжу".**<br>**Мақсаты:** Алға жүрелеп жылжи отырып, екі аяғымен жерде жатқан таяқшалардан аттап секіруді үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>"**Адам еңбегіне жыр".**<br>**Мақсаты**: Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдау арқылы дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды ,шығармашылық іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>"**Арақашықты сақтау амалдары".**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға бұдыры бар тақтаймен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауды; 1,5-2 метр арақашықтықтан кеглилерді қағып түсіруді үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | | | | |
| **Серуен** | **Желді бақылау.**<br>**Мақсаты:** күзгі желге назар аударту.<br>Іс-тәжірибелік әрекет: жел бағдардың көмегімен желдің күшін анықтау.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | **Аспанды бақылау.**<br>**Мақсаты**: балаларды аспандағы болып жатқан құбылыстарды ажыратуға, атауға дағдыландыру; ауа райының құбылмалы екендігін түсінуге үйрету.<br>Балаларды түрлі табиғат құбылыстарымен: ашық, бұлтты, бұлыңғыр таныстыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Жанды лабиринт" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты**: тепе-теңдікті, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын, тапқырлықты дамыту; бірлескен іс-қимылдардың реттілігін жаттықтыру.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия.**<br>**Мақсаты**: балаларды бағдарлау барысына, басынан бастап, аяғына дейін, зейін салып, қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту;<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**"Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты.**<br>Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту<br>(**коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау.**<br>**Мақсаты**: танымдық әрекеттерін белсендету; еңбек нәтижесін бағалауды үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, Танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды әртүрлі бағытта жалтарып жүгіруде жаттығу, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы.**<br>**Мақсаты**: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**(танымдық-зияткерлік,физикалық іс-әрекет)** | **Қылқан жапырықты ағаштарды бақылау.**<br>**Мақсаты**: ағаштар жайлы білімдерін бекіту, қорытындылау, салыстыру, тұжырымдай білуді дамыту; қылқан жапырақтыларды өзге ағаштардан ажырата білуге баулу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>**Мақсаты**: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай, шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық, құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа, шаян,<br>Торғай, шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>Қадыр Мырза Али.<br>**"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>**(коммуникативтік,физикалық іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Дидактикалық ойын «Адасқан цифрлар».**<br>**Мақсаты**: баланың ойлау жылдамдығын арттыру.<br>**(Танымдық-зияткерлік,шығармашылық іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын «Атын атап бер»**<br>**Мақсаты:** түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(Шығарма-шылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу**<br>«Күз»(сурет қарастыру)<br>**Мақсаты**:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**(Коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу**<br>**«Қайсысы нені жақсы көреді?»**<br>**Мақсаты**:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | «**Өз орныңды тап» дидактикалық ойын.**<br>**Мақсаты**: Цифрлардың сандар қатарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау.<br>(**танымдық-зияткерлік, физикалық іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>Шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.<br>**(Танымдық-зияткерлік ,шығармашылық іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>Көп және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік ,шығармашылық іс-әрекет**) | **Балалармен:**<br>Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.<br>**(Шығармашылық,танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>Сюжетті ойын: **«Шаштараз»**<br>**Мақсаты:** Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу**.**<br>**(Әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 23-27 қазан 2023 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.<br>Балабақша туралы сұрақтар қою. **(коммуникативтік,физикалық іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **«Жұбын тап»** ойыны<br>**Мақсаты:** Балалардың алдына екі бөлікке бөлінген жұмыртқа-ларды беріп, түстерін тауып сәйкестендіруге үйрету.<br>**(Танымдық-зияткерлік, физикалық, шығармашылық іс - әрекет)**<br>**«Көңілді қалам»**<br>**Мақсаты:**Балалармен бірлесіп плакатта сурет салу<br>**(Шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **«Көңілді бояулар»**<br>**Мақсаты:** Суреттерді бояу. Балаларға қарындашты оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру<br>**(Танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | | **«Бауырсақ» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру.<br>**(Коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойын-дарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет).** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу кешені №2 (Қазан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>**(Шығармашылық ,коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі, қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>**(Коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Саптарда кім бар?"<br>**Мақсаты:** Балаларға тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп алып, тақтай бойымен жүруді үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>**"Кедергілерден секіру".**<br>**Мақсаты:** Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилердің арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру дағдысын үйрету.<br>(**физикалық,танымдық-** | | **Музыка**<br>**"Көгершіндер әні"**.<br>**Мақсаты:** Балалардың көгершіндер туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбысты есту қабілетін | **Дене шынықтыру**<br>**"Кедергілерден сүрінбей өтіп көр".**<br>**Мақсаты**: Балаларға қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағытта жүгіруді; допты екі қолымен бастан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | **зияткерлік іс-әрекет**)<br>"**Қоян" қимылды ойыны**.<br>**Мақсаты:** Қимылдарын қайталап көрсетуді үйрету. Еске сақтау, зейін, қимыл ептілігін дамыту.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | | жетілдіру.<br>(**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | асыра кедергінің үстіне лақтыруды үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | | | | |
| **Серуен** | **Сауысқанды бақылау.**<br>**Мақсаты:** балалардың сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>"Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>(Ел аузынан).<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>"**Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны**.<br>**Мақсаты:** белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Ұстап ал"қимылды ойын-жаттығуы.**<br>**Мақсаты**: белгі бойынша | **Торғайды бақылау.**<br>**Мақсаты:** торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты**: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты**: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік іс-әрекет)** | | **Құстарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** балалардың аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>**Мақсаты**: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**(Физикалық әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Құстың ұшуын бақылау.**<br>**Мақсаты:** құстардың түрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау..<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Қайда жасырылғанын тап" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға, ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>(**физикалық,танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы.**<br>**Мақсаты**: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылдам әрекет етуге үйрету; достық қарым-қатынастарды дамыту. (**әлеуметтік-эмоционалды ,физикалық іс-әрекет**) | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау.<br>Қолдарын жууға үйрету. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | "**Көлшіктегі торғайлар**".<br>**Мақсаты**: балаларды шаршыдан шеңберді шығарып қию арқылы торғайдың басы мен денесін жапсыруға, дайын дайындамаларды пайдаланып торғайдың қанаттарын жапсыруға үйрету.<br>(**шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын: "Жолдағы серігің**".<br>**Мақсаты:** балаларды құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдар жинағынан жеңіл көлікті құрастыруға үйрету; көліктің бөліктерін атай білу; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану түсініктерін дамыту.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **"Тыраулайды тырналар".**<br>**Мақсаты**: балаларды тырнамен таныстыра отырып, тырнаның ерекше қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру;<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | | "**Көлдерге қонған үйректерді санайық".**<br>**Мақсаты**: балаларды заттарды ғана емес, шығарылған дыбыстарды да санауға болатынымен таныстыру.<br>(**танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты**: балалардың сөздік қорларын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | "**Мысық, қораз және түлкі" ертегісі.**<br>**Мақсаты:** балаларды "Мысық, қораз және түлкі" орыс халқының ертегісі мазмұнымен таныстыру.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Дидактикалық ойын: "Жыл құстарын тап".**<br>**Мақсаты:** балалардың үйрек сұлбасын қылқалам арқылы дымка ою элементтерімен безендіруге үйрету.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>"**Бейбітшілік құсы - қарлығаш".**<br>**Мақсаты**: балаларға қатырма қағаздан жолақтар қиып, бүгу арқылы қарлығашты құрастыруға үйрету; (**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Логикалық ойлау**.<br>**Мақсаты:** қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту.<br>Сурет бойынша әңгіме | **Төрежан Жантөре**<br>Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.<br>(**шығармашылық,** | | **Балалармен**<br>Тыныс алу жаттығуы: «Мен құйынмын».<br>- Мен құйынмын, құйынмын,<br>Шаң тозаңды үйірдім. | **Төрежан Жантөре**<br>Зейін қабілетін дамыту, сипаттауға, ұқыптылыққы үйрету.<br>Құстардың суреттерін құстардың көлеңкесімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрауды ұсыну.<br>(**шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | **коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | | Ү-ү-ү-ү-ф!<br>Кездескеннің барлығын<br>Ұшырамын деп шүйілдім.<br>Ү-ү-ү-ү-ф!<br>Өлең жолын тәрбиеші айтады, әр екі жол сайын балалар тыныс алу жаттығуын жасайды.<br>( **физикалық, коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | сәйкестендіреді.<br>(**шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 30 қазан-03 қараша 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың дербес ойындары (**коммуникативтік,физикалық іс-әрекет**) | | | | |
| Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптар қарау және басқалар) | Ол балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, күні бойы тәрбиеші ұйымдастырған әр түрлі балалар іс-әрекеті (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету) түрінде жүзеге асырылады. Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояйтын кітаптарды бояу, үстел ойындары (пазлдар, домино), құрастыру, кітап қарау, табиғат бұрышында еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау).<br>Балалармен жеке жұмыс | | | | |
| | «**Қиялдағы саяхат**» шығармашылық шеберханасы<br>**Мақсаты:** балалардың елестету, қиялдау, есте сақтау қабілетін дамыту; ұсынылған жағдайларда қарым-қатынас жасау мүмкіндігі.<br>(**Шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | «**Олар не ойлады**» сөз ойыны<br>**Мақсаты**: заттар мен құбылыстардың негізгі, тән белгілерін ажырата білу, оларды салыстыру, безбендеу; балалардың сөздігін белсендіру, баланы заттар әлемімен, құбылыстармен, олардың қасиеттерімен, сапасымен таныстыруды кеңейту.<br>**(Танымдық-зияткерлік , коммуникативтік іс-әрекет**) | К. **Чуковский «Мойдодыр**»<br>**Мақсаты:** мәдени-гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды ,коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Шығармашылық зертханасы**<br>**Мақсаты**: шығармашылық процеске жағымды эмоциялар тудыру, қателіктер жіберуден қорықпау; жұмыс материалдары мен құралдарына ұқыпты қарау; жұмыс аяқталғаннан кейін бәрін өз орындарына жинап, жұмыс орнын ретке келтіру.<br>**(Әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | «**Өсімдіктердің суға деген қажеттілігі** «<br>**Мақсаты**: балалардың өсімдіктердің тіршілігі мен өсуі үшін судың маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды эксперимент барысында қорытынды жасауға, логикалық қорытынды жасауға үйрету.<br>(**физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | «**Екі қабатты үй**» саламыз (үлгі бойынша)»<br>**Мақсаты**: қиялды, әртүрлі материалдардан құрастыруға қызығушылықты дамыту.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>«**Ұқсас - ұқсамайды**»<br>**Мақсаты**: заттар мен құбылыстардың негізгі, тән белгілерін бөліп көрсету, оларды салыстыру, безбендеу қабілетін қалыптастыру.<br>(**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) |
| Таңертеңгі жаттығу | **Таңертеңгі жаттығу кешені № 2 (Қазан айына арналған)** | | | | |
| ҰІӘ дайындық | Балалар өз әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылық түрін таңдау, ережелер туралы келіссөздер жүргізу және т. б. үшін жиналады. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **Дене шынықтыру**<br>**"Кедергілерден секіру".**<br>**Мақсаты**: Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилердің арасымен оң және сол | **Қазақ тілі**<br>"**Не, қалай дыбыстайды**?<br>**Үй жануарлары мен төлдері**.<br>**Мақсаты:** Балалардың үй | **Дене шынықтыру**<br>"**Кедергілерден сүрінбей өтіп көр**".<br>**Мақсаты:** Балаларға қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта | **Музыка**<br>"**Жомарт күз".**<br>**Мақсаты:** Балалардың әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; | **Дене шынықтыру**<br>"**Озамын десең - зерек бол".**<br>**Мақсаты**: балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұруға; 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқпен кезек-кезек секіру дағдысын үйрету. (**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, үй жануарлары төлдерінің атауларымен таныстыру; "қатты - ақырын" қимыл-әрекетінің белгілері жайлы түсініктерін қалыптастыру. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** **Музыка** **"Күз әуені".** **Мақсаты**: Балаларды әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысын үйрету. (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | жүгіруді; допты екі қолымен ұстап, бастан асыра кедергінің үстінен лақтыруды үйрету. (**физикалық,танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысына үйрету. (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | үздіксіз жүгіруге үйрету. (**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) |
| | | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігіне жағдай жасау, балалармен спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретті киіндіру (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді қадағалау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| Серуен | Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау , әңгіме (**коммуникативтік іс-әрекет**), ересектер ұйымдастырған спорттық, ашық және ұлттық ойындар еңбек қызметі | | | | |
| | **Қайыңды бақылау** **Мақсаты:** жыл мезгіліне байланысты тән белгілер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; табиғаттың тірі объектісі ретінде ағашқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) **«Өзіңе жұп тап»** қимылды | **Ауа-райын бақылау** **Мақсаты:** табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруға үйрету; байқауды дамыту. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** **Қимылды ойындар:** **«Қуып жету».** **Мақсаты:** сигнал бойынша тез әрекет етуге үйрету; достық қарым-қатынасты | **Ауа-райының жай-күйін бақылау** **Мақсаты**: табиғи құбылыс — тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауды үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) **Қимылды ойындар:** **«Кім жылдам»** | **Жыл құстарын бақылау** **Мақсаты:** жыл құстары туралы, күзде суық түскен кезде құстардың өмірінің өзгеруі туралы идеяларды кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) **Қимылды ойын** **«Күшік пен торғай»** **Мақсаты:** құстарға тән | **Бақшадағы күзгі жұмыстарды бақылау** **Мақсаты:** табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімді бекіту. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) «**Қайда жасырылған, тап**» қимылды ойындар. **Мақсаты**: кеңістікті шарлауға үйрету. (**танымдық-зияткерлік, физикалық іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойындар.<br>**Мақсаты**: сигнал бойынша әр түрлі жұптарды таңдау.<br>(**танымдық-зияткерлік, физикалық іс-әрекет**)<br>«**Қайыңға жүгір**».<br>**Мақсаты:** тәрбиешінің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету.<br>(**Әлеуметтік іс-әрекет)** | тәрбиелеу.<br>(**шығармашылық, физикалық іс-әрекет**) | **Мақсаты:** жүгіру, өрмелеу, секіру қабілетін жетілдіру; реакцияны дамыту.<br>(**танымдық-зияткерлік, физикалық іс-әрекет**)<br>«**Көңіл-күйді бейнелеу» жеке жұмысы**<br>**Мақсаты**: пластикалық қозғалыстармен ішкі сезімдерді жеткізуге үйрету.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | қимылдары туралы білімді бекіту; оларды дауыспен еліктеуге үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | «**Жүгіру — соқтықпа**».<br>**Мақсаты:** жүгіру техникасын, жақсы позаны, қолдың табиғи жұмысын жақсартуға қол жеткізу.<br>(**танымдық-зияткерлік, физикалық іс-әрекет**) |
| Серуеннен оралу | Рет-ретімен шешіну, киімді шкафқа бүктеп қою, қолды жуу | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүзеге асырылады: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, үйлесімді сөйлеу, бейнелеу қызметі арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (**физикалық, коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | **Казенбай Нұрбол**<br>«Дыбыс қай жақтан шықты» ойын жаттығуы<br>**Мақсаты:** Есту жадын қалыптастыру<br>(**коммуникативтік, физикалық іс-әрекет**) | **Төрежан Жантөре**<br>«**Есте сақтау» ойын жаттығуы**<br>Мақсаты: оларды сөздер тобынан, берілген дыбысы бар сөздің сөйлеу ағымынан ажыратуға үйрету<br>(**танымдық-зияткерлік, коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | **Ералиева Альбина**<br>«**Сыйлық» ойын жаттығуы**<br>**Мақсаты**: өз идеяларын қолөнермен жеткізу қабілетін дамыту<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | **Балалармен**<br>«**Бұл ненің дауысы?» ойын жаттығуы**<br>**Мақсаты**: балалардың айналасындағыларды сүю қабілетін қалыптастыруға ықпал ету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**) | **Төрежан Жантөре**<br>«**Бөлмеде не бар екенін айт» ойын жаттығуы**<br>**Мақсаты**: көрнекі сөйлеуді, есте сақтауды дамыту<br>(**коммуникативтік, физикалық іс-әрекет**) |
| Балалардың үйге қайтуы | Балалардың жетістігі туралы әңгіме, ата-ананың баланы тәрбиелеу және дамыту жөніндегі сұрақтарына жауап беру, кеңес беру | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 06-10 қараша 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың дербес ойындары (**коммуникативтік,шығармашылық іс-әрекет**) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | «**Саңырауқұлақ**» шығармашылық шеберханасы<br>**Мақсаты**: балаларға саңырауқұлақты мүсіндеу шұжық пен шарды дөңгелектеуді үйрету.<br>(**шығармашылық, физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **«Орманшыға қонаққа»** квест-ойыны<br>**Мақсаты:** балалардың үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту; оларды ажырату және атау; балалардың ағаштар туралы білімін бекіту, оларды ажырату және атау.<br>**(танымдық-зияткерлік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | С. Маршактың **«Сандар»** өлеңін оқу<br>**Мақсаты:** сандармен танысу.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **«Жапырақтар қалай су болады»**<br>**Мақсаты:** судың өсімдік арқылы қалай қозғалатынын көрсету.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **«Күзгі ағаш»**<br>**Мақсаты:** табиғаттағы өзгерістерді байқау қабілетін қалыптастыру; ойлауды, визуалды есте сақтауды дамыту.<br>**(әлеуметтік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу кешені № 1(қараша айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Пингвин сияқты секіру".**<br>**Мақсаты:** Құм салынған қапты басына қойып, текшелерден аттап өту және құм салынған қапты екі аяқтың арасына қысып, пингвин сияқты екі аяқпен бірге секіру дағдысын үйрету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>**"Көліктер. Қала мен ауыл. Көп - аз".**<br>**Мақсаты:** Балалардың көлік түрлері, олардың ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы білімдерін кеңейту; "қала", "ауыл", сондай-ақ, "аз" және "көп" мөлшер ұғымдарын, "жылдам - баяу" сын сипат белгілерін, қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық туралы түсініктерін дамыту.<br>(**танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Музыка**<br>**"Ойыншықтар".** | **Дене шынықтыру**<br>**"Сан түрлі секіре аламыз".**<br>**Мақсаты:** Балаларға шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екінші аралығына өрмелеуді үйрету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>**"Ойыншықтар".**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды пысықтау.<br>(**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**"Ойын шартын ұстанайық".**<br>**Мақсаты:** Балаларды қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өтуге үйрету.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды үйрету. (**шығармашылық, физикалық іс-әрекет**) | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігіне жағдай жасау, балалармен спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретті киіндіру (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді қадағалау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| **Серуен** | **Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:** Торғайдың сыртқы түрі мен дағдысы туралы білімді кеңейту; зейін мен байқауға тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойындар**<br>**«Қояндар мен қасқыр»**<br>**Мақсаты:** жүгіру, секіру жаттығулары.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**)<br>**Жеке жұмыс**<br>**«Кім алысқа лақтырады?»**<br>**Мақсаты**: затты қашықтыққа лақтыру қабілетін бекіту<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**) | **Шетен ағашын бақылау**<br>**Мақсаты:** шетен ағашымен таныстыру, оның құрылымын: діңгегі, бұтағы, жапырақтары, жидегін көрсету; оның күзгі көрінісін қызықтау.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойындар:**<br>**«Күн мен жаңбыр**».<br>**Мақсаты**: тәрбиешінің белгісі бойынша командаларды орындау арқылы бүкіл алаңда жүгіруді үйрету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**«Алысқа лақтыр!»**<br>жеке жұмыс<br>**Мақсаты**: доппен жаттығу жасауды үйрету;<br>Көзбен дәлдеу, жүгіру жылдамдығын дамыту.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Құстарды бақылау**<br>**Мақсаты**: әр түрлі құстардың сыртқы түріндегі айырмашылықты табуға үйрету, олардың мөлшеріне, қозғалу тәсілдеріне назар аудару.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын**<br>**«Құстардың ұшуы»**<br>**Мақсаты:** өрмелеу және жорғалау жаттығулары; зейін мен ептілікке тәрбиелеу.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**Жеке жұмыс**<br>**Қозғалыстарды дамыту**<br>**Мақсаты:** құрсауды бір-біріне айналдыру қабілетін қалыптастыру.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | **Сауысқанды бақылау**<br>**Мақсаты:** сауысқанның пайда болуы, оған тән белгілері, дағдысы туралы идеяларды қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасау қажеттілігін тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойындар: «Қарға мен күшік», «Допты ұста».**<br>**Мақсаты**: құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуге үйрету;<br>Допты екі қолмен ұстау.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**) | **Қайыңды бақылау**<br>**Мақсаты:**жыл мезгіліне байланысты тән белгілер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; табиғаттың тірі объектісі ретінде ағашқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**«Өзіңе жұп тап» қимылды ойындар.**<br>**Мақсаты:** сигнал бойынша әр түрлі жұптарды таңдау.<br>**(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Рет-ретімен шешіну, киімді шкафқа бүктеп қою, қолды жуу | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | "**Асқабақ тиелген трактор".**<br>**Мақсаты:** Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы атауы көлік болатыны туралы | **"Жүк мәшинесі".**<br>**Мақсаты**: Балалардың қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салып, ішін бояу техникасына үйрету. | **"Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу**.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды тақпақ шумақтарындағы оқиғаларды сипаттаудағы | "**Көлік жүргізуші".**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды көлік жүргізушінің қызметімен таныстыра отырып, көлік түрлеріне байланысты көркем сөздердің мағынасын | **"Көліктер".**<br>**Мақсаты**: Балаларға көлік туралы түсінік беру; көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсініктерін кеңейту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**"Көліктердің орнын тап" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балалардың көліктердің қозғалыс ортасы жөніндегі білімдерін пысықтау. Көліктерді топтастыру дағдыларын жетілдіру.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**«Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(коммуникативтік,танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Санамақ.**<br>**Мақсаты:** Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік.<br>Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | ұйқасы мен сөздердің ырғақтылығы тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы мағлұматтар беру.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**"Автобус" қимылды ойын.**<br>**Мақсаты:**Балаларға баяу жүруді , катарға бір-бірден тұруды үйрету.<br>**(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сөзбен сипаттап айтуды үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Қандай көлік екенін тап".**<br>**Мақсаты:** Көлік түрлерін топтастыруды және атауын атауды дағдыландыру.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>"**Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар".**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға заттардың ұзындығының қасиеттері жөнінде білім беру.<br>**(танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | атқаратын қызметіне қарай салыстыруды үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Алманы құрастырамын" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу.<br>**(танымдық-зияткерлік,шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Жыл мезгілі туралы әңгіме.**<br>**Мақсаты:** Сұрақтарға толық жауап беруді үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Байменде Раяна,**<br>**Совет Айсана**<br>**д\о "Затты сипаттамасынан таны".**<br>**Мақсаты**: зейінін, ойлау қабілетін, жылдамдығын дамытады.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылк іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**«Көлеңкесінен таны».**<br>**Мақсаты:** Суреттегі көлік түрлерін көлеңкесінен танып, сызық арқылы қосуды ұсынады.<br>**(физикалық, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Қазынасы бар сандық".**<br>**Мақсаты:**<br>Қиял, талдау дағдыларын дамыту, ішіндегі затты қолмен сипап сезу арқылы табуды үйрету.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Ырысхан Ұлжан**<br>**д\о «Шектес сандарды ата».**<br>**Мақсаты:** Балаларға ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, ата-аналардың баланы тәрбиелеу және дамыту туралы сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 13-17 қараша 2023 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. Ата-аналарға балабақшаға уақытында келуді ескерту. Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Асхана бойынша кезекшілік".**<br>**Мақсаты:** Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығында ретсіздікті көре білу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**"Суретті жина". Дидактикалық тапсырма**. **"Дана және оның достары!»**<br>**Мақсаты:** конвертті таңдап алып, сурет қиындыларын жинайды. Суретті жылдамдыққа жинайды.<br>**(танымдық –зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Төсектерді салуға күтушіге көмек көрсету".**<br>**Мақсаты:** Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмек көрсетуге ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа ниеттенуді, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын. «Не артық?»**<br>**Мақсаты**: жемістер мен көгөністі ажырату дағдыларын қалыптастыру..<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".**<br>**Мақсаты:** Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты карауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?»**<br>**Мақсаты:** Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br>**Мақсаты:**Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қаншалықты қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты карауды, оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Бір дегенің - білеу,<br>Екі дегенің - егеу,<br>Үш дегенің - үскі,<br>Төрт дегенің - төсек,<br>Бес дегенің - бесік,<br>Алты дегенің - асық,<br>Жеті дегенің - желке,<br>Сегіз дегенің - серке,<br>Тоғыз дегенің - торқа,<br>Он дегенің - оймақ,<br>Он бір - қара жұмбақ. | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".**<br>**Мақсаты:** Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті сақтауды, ұжымда бірігіп еңбек етуді үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Еркін ойындар.**<br>**Мақсаты:** Ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдауды үйрету, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу кешені № 1 (қараша айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Ертегілер әлеміне саяхат жасайды.<br>Ертегі түрлерін естеріне түсіріп, ертегілер жайлы әңгімелеседі<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Бір жанымен, шапшаң қадаммен жүру".**<br>**Мақсаты:** Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруді үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Қазақ тілі**<br>"**Жабайы аңдар және балалары. Жылдам-баяу".**<br>**Мақсаты:** Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту; жабайы аңдардың балаларының атауларымен таныстыру; "жылдам - баяу" қимыл-әрекеті жайлы түсініктерін қалыптастыру; ормандағы жабайы аңдардың тіршілігі жайлы білімдерін бекіту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Музыка**<br>"**Кірпі".**<br>**Мақсаты**: Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге үйрету.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**"Аңдардың жүрістеріне еліктейік".**<br>**Мақсаты:** Балаларды педагогтің нұсқаулары бойынша жүгіруге үйрету.<br>(**физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Музыка**<br>**"Аңдардан нені үйренеміз?"**<br>**Мақсаты**:. Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуді үйрету.<br>(**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**"Ойын жүргізуші".**<br>**Мақсаты:** Балаларға бір орында оңға және солға бұрылып секіруді; допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алуды (қатарынан 3–4 рет) үйрету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) |
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Желдің соғуын бақылау.**<br>**Мақсаты:** | **Жапырақтың түсуін бақылау.** | **Шалшық суды бақылау.**<br>**Мақсаты:** | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау.** | **Ауа райын бақылау.**<br>**Мақсаты**: Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желде ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.<br>**Жұмбақ.**<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады.<br>(Жел.)<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Өз үйіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты:** Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету біліктерін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Өз бетімен ойындар:** «**Желбезекпен ойын**».<br>**Мақсаты:** Қолайлы жағдай жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**) | **Мақсаты:** Күздің ерекшеліктері туралы ойын толық жеткізуге, сұраққа толық жауап беруге үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құрғақ жапырақтарды жинау.<br>**Мақсаты:** Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс істеу біліктерін бекіту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. | Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге жылдам сіңетініне, ал күзде салқын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру.<br>**Көркем сөз.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Бір аяқпен жолдан секіру».**<br>**Мақсаты**:Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.<br>**(физикалық, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Айна»**<br>**Мақсаты:** Қимылдардың мәнерлілігі мен шеберлігіне тәрбиелеу.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | **Мақсаты:** Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Мақал-мәтел.**<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Құнан шабысы» Мақсаты:** Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты:** Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс үйлесімділігін дамыту.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүюге баулу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны).**<br>**Мақсаты:**Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету. Аланда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару.<br>(**коммуникативтік, физикалық іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (**физикалық, шығармашылық іс-**әрекет) | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | "**Ойыншықтар фабрикасына саяхат" ертегісін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ф], [п], [б] дыбыстары"**<br>**Мақсаты:** Балаларды ойыншықтар фабрикасы туралы ертегі мазмұнымен таныстыру; ертегі жанры туралы ұғымдар қалыптастыру; ойыншықтардың пайда болуы туралы жаңа мәліметтер беру.<br>Фонетикалық ритмика. "Па-ба-па, па-ба-па, жүреді жолда арба".<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын. "Сиқырлы сөздер".**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдам ойлауға, зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>. | "Ғажайып әлемінің шамдары".<br>**Мақсаты:** Балаларға дымқыл қағаз бетіне акварельге малынған қылқалам ұшымен шамдар тәріздес дақтарды және дақтардан жан-жаққа шашыраған сәулелерді салу техникасын үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Ғажайып шамдар,<br>Алғашында дақ боласыңдар.<br>Сәулелеріңді шашып,<br>Жарқырап жайнайсыңдар.<br>Жанып-сөніп,<br>Жанып-сөніп<br>Жарқырап жанасыңдар.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**«Вагондарға дөңгелек таңдау».**<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажыратуды, олардың қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Ағаштарды қар басты".**<br>**Мақсаты**: Балаларды қоңыр түсті қағаздың үстіне алақандарын бастырып, қайшының көмегімен қиып алып, ағаштың діңі мен ұшар басын көк түсті қағаздың үстіне, дәл ортасына орналастырып, әдемілеп жапсыруды үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>"**Алтын құс".**<br>**Мақсаты**: Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; ертегідегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін сипаттай білуге үйрету.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын. "Алтын құс ертегісінің кейіпкерлерін тап".**<br>**Мақсаты:** Бірнеше ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетемін, сендер суреттерге мұқият қарап отырып, «Алтын құс» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін табуға дағдыландыру.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | **"Түрлі пішіндерге толған ғажайып көлік. Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш".**<br>**Мақсаты**: Балалардың үшбұрыш, дөңгелек және шаршы сияқты геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін тиянақтау.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Дамытушы ойын. "Ғажайыптар көлігін жөндейік."**<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атауды, сөзбен сипаттауды үйрету.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>"**Сиқырлы кемпірқосақ".**<br>**Мақсаты**: Балаларға кемпірқосақ туралы түсінік бере отырып, олардың түстерімен таныстыру; кемпірқосақ түстерін бір-бірінен ажыратып, оларды атау дағдыларын жетілдіру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын. "Саңырауқұлақтың үйіндегі кемпірқосақ түстерін тап".**<br>**Мақсаты:** Табиғат құбылыстарына қатысты жұмбақты шешу.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Өсімдіктер күтімі".**<br>**Мақсаты**:<br>Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру; бөлме гүлдерінің аттарын жатқа айтуға және оларды көргенде тануды үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-**әрекет)<br>**"Бөлме өсімдіктерін күтейік" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:**Бөлме өсімдіктерінің атауларын, оларды күту ерекшеліктерін балалардың есіне түсіру, бірігіп жұмыс істеуді үйрету, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-**әрекет)<br>**"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалармен:**<br>**д\о «Сөзді өзгерт».**<br>**Мақсаты:** Сөздегі бір дыбысты өзгерткенде сөздің мағынасы өзгеріп кететіні туралы түсінік береді.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**д\о «Қай қолымда көп».**<br>**Мақсаты:** Аз және көп заттарды ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(коммуникативтік, Танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>**д\о"Айырмашылықтарды тап".**<br>**Мақсаты:** Есте сақталатын заттарды салыстыра білуді дамыту, олардан ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина**<br>**д\о «Сипаттамасы бойынша тап».**<br>**Мақсаты:** Ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**Кім, қайда тұрады?" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балалардың көру қабілетін, зейінін дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 20-24 қараша 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.<br>**Үстел үсті ойыны**<br>**«Бөліктерін тап» (танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін жуу".**<br>**Мақсаты:** Балаларға суару әдістері және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасауға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды үлкендерге өз қолдарынан келетін көмек көрсетуге тарту, бөлме өсімдіктері туралы балалардың идеяларын нақтылау.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Дидактикалық ойын "Ненің ізі?»**<br>**Мақсаты:** Байқампаздыққа, ұқыптылыққа үйрету.<br>**(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп».**<br>**Мақсаты:** Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім және аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, тәртіп сақтауды үйрету. Ұжымда тату-тәтті еңбектенуге үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Үстел үсті ойыны.**<br>**"Логикалық ойын".**<br>**Мақсаты**: Ойлау қабілетін, зейінін, ынтасын дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".**<br>**Мақсаты:** Балалардың өз төсек-орнын ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап".**<br>**Мақсаты:** Мамандық түрлерінің атауын еске сақтауды үйрету, ой-қиялын, ынтасын дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".**<br>**Мақсаты:** Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**«Суреттер құрастыру».**<br>**Мақсаты:** Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын дамыту.<br>**(шығармашылық,** | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".**<br>**Мақсаты:** Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**«Заттарды салыстыру».**<br>**Мақсаты:** Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, оларды бір-бірінен ажыратуға баулу.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **коммуникативтік іс-әрекет)** | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу кешені № 2 (қараша айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу.<br>Қыс мезгілінің мнемотехникасына қарап әңгімелесу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік,шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Арқан астынан еңбектеу".**<br>**Мақсаты**: Биіктігі 40 см арқанның астынан қолды жерге және денені арқанға тигізбей, бір қырымен еңбектеу, 5 м қашықтықта орналасқан затқа дейін оң және сол аяқпен кезек секіру, гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған қапшаларды басына қойып, дене тепе-теңдігін сақтап жүру дағдыларын үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>**"Үш аю" ертегісін оқу.**<br>**Мақсаты**:<br>"Үш аю" танымал ертегісінің сюжетін еске түсіру; үш түрлі көлем жайлы "үлкен", "орташа", "кішкентай" түсініктерін бекіту; адамдардың қонақтағы әдепті мінез-құлқы жайлы білімдерін кеңейту.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Үлкен, орташа, кішкентай".**<br>**Мақсаты:** Балаларды ертегідегі заттың көлемін анықтайтын үш сөзді дыбыстап айтуға жаттықтыру.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Музыка**<br>**"Қоңыраулар сыңғыры".**<br>**Мақсаты**: Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**"Иілгіш боламыз".**<br>**Мақсаты**: Балаларға жетекшімен ауыса отырып жүгіруге; құрсаудан еңбектеп өтуді үйрету.<br>(**Физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>**"Қоңыраулар сыңғыры".**<br>**Мақсаты**:. Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуді пысықтау.<br>(**шығармашылық, физикалық іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**"Қимылдарды қалай танимыз?"**<br>**Мақсаты**: Балаларды 20-25 см биіктікке секіру; гимнастикалық қабырғамен оңға, солға ауысу арқылы өрмелеуді үйрету.<br>**(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге ойын құралдарын дайындау.<br>Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты).Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | **Қарға мен сауысқанды бақылау.** | **Қардың түсүін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қардың қасиеттері | **Шыршаларды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балалардың таныс | **Қар мен мұзды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Судың әртүрлі | **Қайың мен шетенді бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты**:Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешекліктері мен белгілерін тануға ынталандыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балаларды ойын шарты бойынша белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>(**физикалық,танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау.<br>**(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың тамырларын қармен жабу.<br>**Мақсаты**: Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>**"Аққала ойыны".**<br>**Мақсаты**: Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту.<br>( **физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>**Мақсаты:**<br>Қақпаға"допті өткізе білуге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**). | ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>**"Бос орын".**<br>**Мақсаты:.** Шапшаңдықты, ептілікті дамыту.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық"**<br>**Мақсаты:** Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту.<br>(**танымдық-зияткерлік, физикалық іс-әрекет**)<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек жет".**<br>**Мақсаты:** Шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары**<br>**Мақсаты:** Алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Табиғаттағы еңбектенуді, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай".**<br>**Мақсаты:** Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.**<br>**Мақсаты:** Балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу.<br>(**коммуникативтік, физикалық іс-әрекет**) | **Мақсаты:** Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қоқыстарды жинау).<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>(**физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балаларға ойын шарты бойынша ойнауды, мұқият және белсенді болуды; батылдыққа, шапшаңдыққа, жылдам жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**)<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту.**<br>**Мақсаты:** Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қимылдарды қалыптастыру. **(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету.<br>Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.<br>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **"Аппақ қыс".**<br>**Мақсаты**: Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**«Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | "**Сыңарлы және сыңарсыз киімдер".**<br>**Мақсаты**: Балаларды заттардың көлемінің қасиеттері жөніндегі білімдерін тиянақтау, "ені", "ұзындығы", "көлемі" ұғымдарын бекіту.<br>**(Коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**Дидактикалық ойын. "Қыста не болады?"**<br>**Мақсаты:** Күз бен қыс мезгілдерінің құбылыстарын ажырату.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Аулаға қар жауды".**<br>**Мақсаты**: Балаларға бор мен қылқалам арқылы аулаға қардың жауғаны туралы суретті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің сұлбасын салып, қардың суреттің әр жеріне қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>**Мақсаты**:Ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Боран".**<br>**Мақсаты**:<br>Балаларды Қ. Көпішевтің "Ақ боран" атты тақпағымен таныстырып, қыс мезгіліндегі ақ боран сипатын тануға талпындыру; тақпақ жаттауды жаттықтыру; көркемсөзге қызығушылықтарын арттыру; қыс көптеген құбылыстардан тұратын мезгіл деп тануды үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Ойын-жаттығу "Аққала".**<br>**Мақсаты:** Балаларға тұзды қамырдан аққала сомдауды үйрету; бір бөлшекті екінші бөлшекке қосып тегістеу жолымен біріктіруептілігін бекіту.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | "**Қыс келді" тақпағын жаттау".**<br>**Мақсаты**: Балалардың ұғымында"тақпақ" түсінігін қалыптастыру, қыс туралы көркемсөз үлгісімен таныстыру; қыс мезгілі туралы ұғымдарды көркемдеуіш сөздер арқылы толықтыру.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Ойын-жаттығу "Ақтөске үйшік құрастырамыз".**<br>**Мақсаты**: Балаларды құрамында: тақтайша, үшбұрыш, білеу бар құрылыс материалдары жинағын пайдаланып, Ақтөске қыс мезгілінде тұруға арналған үйшікті құрастыруды үйрету.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>**д\о «Сыңарын тап».**<br>**Мақсаты:** Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа | **Төрежан Жантөре**<br>**д\о "Қыс белгілерін ажыратамыз"**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Шешуін тап, заттарды ата.**<br>Көрнекі құралдар. Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шана, фланелеграф.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Мадияр Бекәлім**<br>**д\о «Сөз ойла».**<br>**Мақсаты:** Балаларға мағынасы қарсы сөздерді тауып айтуды ұсынады.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Сөйлеуді дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 27 қараша-01 желтоқсан 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік,физикалық іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін жуу".**<br>**Мақсаты**: Балаларға суару әдістері және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасауға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды үлкендерге өз қолдарынан келетін көмек көрсетуге тарту, бөлме өсімдіктері туралы балалардың идеяларын нақтылау. (**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын "Ненің ізі?»**<br>**Мақсаты:.** Байқампаздыққа, ұқыптылыққа үйрету. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп».**<br>**Мақсаты:** Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім және аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, тәртіп сақтауды үйрету. Ұжымда тату-тәтті еңбектенуге үйрету. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br><br>**Үстел үсті ойыны. "Логикалық ойын".**<br>**Мақсаты**: Ойлау қабілетін, зейінін, ынтасын дамыту. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".**<br>**Мақсаты:** Балалардың өз төсек-орнын ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (**әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**)<br><br>**Дидактикалық ойын. "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап".**<br>**Мақсаты:** Мамандық түрлерінің атауын еске сақтауды үйрету, ой-қиялын, ынтасын дамыту. **(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".**<br>**Мақсаты:** Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br><br>**«Суреттер құрастыру».**<br>**Мақсаты:** Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын дамыту. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".**<br>**Мақсаты:** Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br><br>**«Заттарды салыстыру».**<br>**Мақсаты:** Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, оларды бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар.<br>Ойынның барысы:<br>балалар әртүрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу кешені № 1 (желтоқсан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Еңіс тақтайдың үстімен жүру".**<br>**Мақсаты**: Еңіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, тура жүруге, жердегі кедергі жолақтардан (жолақтар арақашықтығы 50 см) екі аяқпен екі аяқпен аттап, секіру және бір-біріне қарама-қарсы тұрып, допты бастарынан асыра лақтыруды үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>**"Қыс мезгілі. Қысқы табиғат құбылыстары".**<br>**Мақсаты:** Балалардың қыз мезгілі жайлы мнемокесте және сызбалық суреттер негізінде "қыс", "қысқы табиғат құбылыстары" туралы түсініктерін қалыптастыру; "қыс" пен "жаз" мезгілдеріне байланысты антоним сөздерді дұрыс дыбыстауға жаттықтыру. Өлеңді мәнерлеп оқу. "Ну орманда қар жауып". Мнемокесте арқылы өлеңді топпен мәнерлеп қайталау.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Музыка**<br>**"Қыс әні".**<br>**Мақсаты**: Балалардың қыс туралы әннің сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырату қабілетін қалыптастыру.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**"Тепе-теңдікті сақтайық".**<br>**Мақсаты**: Балаларға қатарға екеуден тұруға; допты алысқа дәлдеп лақтыруды (3,5–6,5 м кем емес); сызықтардың арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>**"Қыс бояулары".**<br>**Мақсаты**: Балалардың қыс туралы әннің сын-сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>(**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**"Досқа нені үйретемін?"**<br>**Мақсаты**: Балаларға аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруды; көлбеу тақтайдың үсітмен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүруді үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарға мен сауысқанды бақылау.**<br>**Мақсаты**: Қарға мен сауысқанның | **Қардың түсуін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың | **Шыршаларды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша | **Қар мен мұзды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат | **Қайың мен шетенді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешекліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** **Еңбек әрекеті:** құраған жапырақтарды жинау. **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (**әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**) **"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.** **Мақсаты:** Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. (**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) **"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.** **Мақсаты:** Балаларды ойын шарты бойынша белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (шығармашылық, **әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**) | түсуі туралы білімдерін бекіту. (**әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**) **Қимыл-қозғалыс ойындары.** "**Аққала ойыны".** **Мақсаты**: Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. **"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы.** **Мақсаты:** **" Қақпаға**"допті өткізе білуге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. (**коммуникативтік, физикалық іс-әрекет**) **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. **Мақсаты**: Қар лақтыруды үйрету. (**әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**) **"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы.** **Мақсаты:** Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. (**әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**) | табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. **(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** **Қимыл-қозғалыс ойындары."Бос орын".** **Мақсаты:** Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. (**шығармашылық, физикалық іс-әрекет**) **Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық".** **Мақсаты:** Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. (**әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**) | туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай".** **Мақсаты**. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. ( **физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) **"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.** **Мақсаты:** Балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. (**танымдық-зияткерлік, физикалық іс-әрекет**) | мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.** **Мақсаты:** Балаларға ойын шарты бойынша ойнауды, мұқият және белсенді болуды; батылдыққа, шапшаңдыққа, жылдам жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. (**әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**) **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек жет".** **Мақсаты:** Шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары. ( **физикалық іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **"Аппақ қыс".**<br>**Мақсаты:** Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**«Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br><br>**Дидактикалық ойын. "Қыста не болады?"**<br>**Мақсаты:** Күз бен қыс мезгілдерінің құбылыстарын ажырату..<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **"Сыңарлы және сыңарсыз киімдер".**<br>**Мақсаты**: Балаларды заттардың көлемінің қасиеттері жөніндегі білімдерін тиянақтау, "ені", "ұзындығы", "көлемі" ұғымдарын бекіту. **(әлеуметтік-эмоционалды,танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**Дидактикалық ойын. «Артығын тап».**<br>Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттерден артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | "**Аулаға қар жауды".**<br>**Мақсаты**: Балаларға бор мен қылқалам арқылы аулаға қардың жауғаны туралы суретті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің сұлбасын салып, қардың суреттің әр жеріне қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>**Мақсаты:** Ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>"**Байтерек".**<br>**Мақсаты**: Балаларды макарон өнімдерін трафаретке қойып "Бәйтеректі" құрастыруды үйрету; дайын трафаретке макарон өнімін беттестіру әдісі бойынша іскерліктерін дамыту; сары түсті жылтырлақтармен безендіргенде желімді пайдалану техникасын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Боран".**<br>**Мақсаты**: Балаларды Қ. Көпішевтің "Ақ боран" атты тақпағымен таныстырып, қыс мезгіліндегі ақ боран сипатын тануға талпындыру; тақпақ жаттауды жаттықтыру; көркемсөзге қызығушылықтарын арттыру; қыс көптеген құбылыстардан тұратын мезгіл деп тануды үйрету.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**"Аққала".**<br>**Мақсаты**: Балаларға тұзды қамырдан аққала сомдауды үйрету; бір бөлшекті екінші бөлшекке қосып тегістеу жолымен біріктіру ептілігін бекіту.<br>**Дидактикалық ойын. "Қате тап".**<br>**Құрастыру. "Зәулім ғимараттар".**<br>**Мақсаты:** Қиял, ойлау қабілетін, зейінін дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | "**Қыс келді" тақпағын жаттау".**<br>**Мақсаты**:Балалардың ұғымында"тақпақ" түсінігін қалыптастыру, қыс туралы көркемсөз үлгісімен таныстыру; қыс мезгілі туралы ұғымдарды көркемдеуіш сөздер арқылы толықтыру.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>"**Ақтөске үйшік құрастырамыз".**<br>**Мақсаты**:Балаларды құрамында: тақтайша, үшбұрыш, білеу бар құрылыс материалдары жинағын пайдаланып, Ақтөске қыс мезгілінде тұруға арналған үйшікті құрастыруды үйрету.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**«Сыңарын тап».**<br>**Мақсаты**: Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Шешуін тап, заттарды ата.**<br>**Мақсаты:**Заттарды дұрыс атауларын үйрету.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**«Сөз ойла».**<br>**Мақсаты:** Балаларға мағынасы қарсы сөздерді тауып айтуды ұсынады.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Сөйлеуді дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 04-08 желтоқсан 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Табиғат бұрышы"**<br>Табиғат бұрышындағы кезекшілік күнін балалар тірі объектілер үшін жауапкершілік сезінетіндей етіп ұйымдастыру керек. Балалар таңертең барлық жұмысты жасаса (балықтарға қорек беру, гүлдерді суару, торды тазарту және тағы басқа), кейін оларға тіршілік иелері мен өсімдіктерге назар аударудың қажеті болмай қалады, сондықтан педагог балаларға күні бойы атқаратын жұмысты реттеге көмектескені дұрыс: балықты таңертең қоректендіруге, ал өсімдіктерді кейінірек суаруға болады. Педагог балалардың түсінігінде өздері жасаған жұмыстың ұжым үшін маңыздылығы туралы түсінік қалыптастырады, айналасындағыларға қамқорлық көрсете отырып, өз жұмысын уақытында істеуге ұмтылысты дамытады.<br>**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | **Пазл жинау ойыны.**<br>**Мақсаты**:қолдың ұсақ моторикасы мен қозғалыс координациясын дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, логикаларын дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау.<br>**( коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**"Қайсысы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **"Не артық?" дамытушылық** ойыны.<br>**Мақсаты:** балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты**: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **"Не дөңгелек болады?" дамытушылық ойыны.**<br>**Мақсаты**: ой-өрістерін, зеректікті, қиялдарын дамыту, білімдерін бекіту.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту.<br>**(коммуникативтік, физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу кешені № 1 (желтоқсан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері.**<br>**Мақсаты:** "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"- деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!»-деп кіремін.<br>Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды.<br>**(коммуникативтік ,шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Төрт тағандап еңбектеу".**<br>**Мақсаты:** балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тексеріп, қатарға тұрғызуға үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>**"Қазақстан байлықтары. 5 дейін санау, кері санау".**<br>**Мақсаты:** балалардың еліміздің негізгі байлықтары туралы білімдерін кеңейту; "байлықты" дұрыс атауды қолданылу аясы туралы түсініктерін нақтылау.<br>(**коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**Музыка**<br>"**Қысты сағындық"**<br>**Мақсат**ы Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық-дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне | **Дене шынықтыру**<br>"**Сапты бұзбай еңбектейміз".**<br>**Мақсат**ы: балаларды көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүгіруге; орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіруге үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>"**Жаса, елім!"**<br>**Мақсат**ы: балалардың әнді эмоционалды қабылдай отырып, ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру.<br>(**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>"**Озаттар эстафеталары".**<br>**Мақсат**ы: балаларды қатарға үшеуден тұрып, сапты қайтадан құруға үйрету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу; оқу қызметінде белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру. (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Шетенді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап".**<br>**Мақсаты:** Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. (**физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Шыршаларды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ұжыммен қар тазалау.<br>**Мақсаты:** Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. **(әлеуметтік-эмоционалды,)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға".**<br>**Мақсаты:**Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. (**физикалық, әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**) | **Қардың жауғанын бақылау.**<br>**Мақсаты:** Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. (**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.<br>**Мақсаты:** Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар айналады".**<br>**Мақсаты:** Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. (**физикалық, әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Өзіндік еркін ойын** | **Қардың тереңдігін бақылау.**<br>***Жұмбақ.***<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>**Мақсаты**: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. (**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде».**<br>**Мақсаты**:Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. (**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (**физикалық,** | **Терезедегі қырауды бақылау.**<br>***Жұмбақ.***<br>Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау).<br>**Мақсаты:** шынидағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. (**әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ»**<br>**Мақсаты:** «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. (**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. (**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **әрекеттері:**<br> **"Нысанаға тигіз".**<br>**Мақсаты:** Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | **әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**) | **әрекет**) |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | "**Әдемі көйлек киген Дана".**<br>**Мақсаты**: балаларды мерекелі киімді киген Дананың бейнесін салуға үйрету; сурет салуда қарапайым дене пропорциясын, басы және ұзын етек, жеңі бар көйлекті, бетіндегі көздері мен ауызы сияқты ұсақ бөлшектерді салу техникасын қалыптастыру.<br>(**шығармашылық, физикалық іс-әрекет**)<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны".**<br>**Мақсаты**: балалардың сұлулық салонында жұмыс атқаратын мамандар (шаштаразшы, мастер маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) жайлы түсініктерін бекіту; жағымды қарым-қатынас орнатуға, әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | "**Әжемнің құрақ көрпесі. Шаршы мен тіктөртбұрыш"**<br>**Мақсаты**: балалардың геометриялық пішіндер, тіктөртбұрыш пен шаршының қасиеттері, жөніндегі білімдерін тиянақтау.<br>(**танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**"Тостағанды әшекейлейміз".**<br>**Мақсаты**: балаларды қағазды бүру арқылы, бұрыштарын кесіп алып, тостаған қимаүлгісін қағаздың тең ортасына, көлденең орналастырып жапсыруды, тостағанның тең ортасына сол жақтан оңға қарай "қошқар мүйіз" оюларын жапсыруды үйрету.<br>(**шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".**<br>**Мақсаты**: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br> **(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды** | **"Көк тудың желбірегені".**<br>**Мақсаты**: балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үйрету.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр".**<br>**Мақсаты**: ойын барысында балаларға мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br> **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | "**Қазақстан картасы бойынша әңгімелесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [-с], -з] дыбыстары".**<br>**Мақсаты**:<br> Отанын сүю және басқа тақырыптарға қатысты [С], [З] дыбыстары бар сөздер мен фразаларды нақтылы айта білуге жаттықтыру, осы дыбыстардың артикуляциясын орындата отырып, сөздер құрамында, атап айтқанда, басында құлақпен қабылдауп, атауға үйрету.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>"**Мұхитарал (океанариум)".**<br>**Мақсаты**: балалардың мұхитаралдағы балықтар туралы түсініктерін кеңейту.<br>(**танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет**) | "**Қазақстан қалалары"**<br>**Мақсаты**:<br> балаларды Қазақстанның картасымен таныстыра отырып, еліміздің қалаларын жатқа білуге үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат"**<br>**Мақсаты**: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу".<br> **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **іс-әрекет)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Жыл мезгілі туралы әңгіме.**<br>**Мақсаты:** қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**"Қоянға көмектес" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Ғажайып дорба".**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Не артық?"**<br>**Мақсаты:**Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдері бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**Дамытушы ойын.**<br>**"Қимылдар тізбегі".**<br>**Мақсаты:** Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуде жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

***Жоспардың құрылу кезеңі*** 11-14 желтоқсан 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "**Балаңыздың күн режимін қалай сақтаймыз"** тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту".** **Мақсаты**: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | **"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары.** **Мақсаты:** ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **«Шаршы құрастыр».** **Мақсаты:** балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. **(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **«Жұбын тап».** **Мақсаты**: балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. **(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **«Оқиғалар».** **Мақсаты**: тиісті сөздерді тауып құрастыру, буынға бөлу. Баланың ой-өрісін, зейінін дамыту **(коммуникативтік ,шығармашылық іс-әрекет)** | **«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері»** **Мақсаты**:Балаларға рәміздер туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін сүюге тәрбиелеу. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу кешені №1 (желтоқсан айына аралған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жаса, Қазақстан!** **Мақсаты**: Балалармен Отан тәуелсіздік туралы ән шырқату. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** **Біз бақыты баламыз!** **Мақсаты:** Шеңбер аясында балалар бір-бірлеріне мерекелік жылы лебіздерін айтады. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Тепе-теңдікті сақтап жүру"**<br>**.**<br>**Мақсаты**: қатарда келе жатып, педагогтің белгі беруі бойынша тоқтап, "фигуралар" жасау; жүру, шашырап жүру және жүгіру; сапта тұрып, 2,5 м қашықтыққа допты екі қолымен төменнен лақтыру, гимнастикалық орындықта етпетінен екі қолымен тартылып, еңбектеу (орындықтың екі жағынан қолымен ұстау) және гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған қапшаны бастарына қойып, екі қолдарын жанына жіберіп (немесе белде), тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету.<br>(**физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>**Киімдер, аяқ киім, бас киім.**<br>**Мақсаты**: Балалардың ұғымында киімдер, бас киім мен аяқ киімі туралы түсініктерін дамыту; ұл бала мен қыз балаға арналған киімдер, мезгілдік киімдер туралы білімдерін қалыптастыру; тазалық пен ұқыптылық жайлы түсініктерін дамыту.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Музыка**<br>"**Жаңа жыл".**<br>**Мақсаты**: балалардың Жаңа жыл туралы әнді айтуда есте сақтау қабілеті мен әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін дамыту.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**"Шырша ойыншығын қолға ұстап".**<br>**Мақсаты**: балаларды бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен); 1,5 м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға дәлдеп лақтыруға үйрету.<br>(**физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Музыка**<br>**"Жаңа жыл сыйлықтары".**<br>**Мақсаты**: балалардың Жаңа жыл туралы әнді айтуда есте сақтау қабілеті мен әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін дамыту.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты**: гимнастикалық қабырғаның тақтайшаларынан ұстап, ажырамай, өрмелеу, гимнастикалық орындықтың үстімен баланың екі адымындай қашықтықтағы кубиктерден аттап, жүру және арақашықтықтары 40 см кеглилардың арасымен оң және сол аяқпен секіру, допты қабырғаға лақтыру жаттығуларына үйрету.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың терендігін бақылау.**<br>**Мақсаты:** балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну.<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Ақшақарды ізде».**<br>**Мақсаты:**Ептілікті, шапшандықты дамытатын, | **Ағаштардағы қырауларды бақылау.**<br>**Мақсаты:** қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойындар: «Бірінші бол».**<br>**Мақсаты:**Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>**Мақсаты:**балаларға ойын | **Терезедегі қырауды бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау).<br>**Мақсаты:** шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) Мақсаты:**<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын | **Бұрқасынды бақылау.**<br>**Мақал.**<br>Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.<br>**Мақсаты**: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Әткеншек».**<br>**Мақсаты:**Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптлыққа тәрбиелеу.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.**<br>**Мақал-мәтел**<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>**Мақсаты:** Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін терендете түсіндіру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | ережесін сақтауға үйрету.Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>**Мақсаты**: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)** | **Өз бетімен ойындар:**<br>**Мақсаты:**Ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып таңдап алуға,ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу.<br>(**танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Қимылды ойын: «Бәйге»**<br>**Мақсаты**: Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді)<br>Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>**(физикалық коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | "**Шырша туралы әңгіме құрастыру".**<br>**Мақсаты**: балалардың әңгіме жанры туралы білімдерін тиянақтау; әңгіме және тақпақ, жұмбақ туралы ұғымдарды жетілдіру; шыршаның өсу ерекшелігі мен адамның өмірінде алатын ойны туралы ұғымдар жиынтығын қалыптастыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Дамытушылық жаттығу. "Қандай және қанша айырмашылық бар?"**<br>**Мақсаты**: Балалардың қабылдауын, зейінін, ойлауын дамыту; ақылдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | "**Шыршаның басынан өткізген хикаясы".**<br>**Мақсаты**: балаларды С. Дүйсенбиевтің "Шырша да жылайды" әңгімесі мазмұнымен таныстыру; оларға шырша туралы мәтін мазмұнын түсінгендерін сұрақтарға толық жауаптарды қайтару арқылы жеткізуге білуге үйрету.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Шырша".**<br>**Мақсаты**: балаларды шырша пішінін салу техникасын игерту; бор арқылы шыршаның діні мен бұталарын салып, жасыл бояуға малынған сорғышпен жақпалап, қылқандарын жасап шығару дағдысын қалыптастыру.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | "**Қырау".**<br>**Мақсаты**: балалардың жансыз табиғат құбылысы қырау туралы түсініктерін кеңейту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Дидактикалық ойын. "Көңілді қыстырғыштар".**<br>**Мақсаты:** қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Дамытушылық жаттығу. "Не өзгерді?"**<br>**Мақсаты:** Балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-** | **Театрды сахналау. "Күшік досын қалай тапты" ертегі желісін сахналау.**<br>**Мақсаты**: Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегінің желісі бойынша әңгімелеуге үйрету.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**"Аяз ата".**<br>**Мақсаты**: балаларды ермексаздың бөлшектерін домалату, созу, есу әдістерін пайдалана отырып аяз атаны мүсіндеуге үйрету.<br>(**шығармашылық,танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>"**Жаңа жылдық сыйлық"**<br>**Мақсаты**: балаларды қалдық материал: бірреттік қағаздан жасалған табақшадан, мақта және қағаздан аяз атаны | "**Шырша ойыншықтары"**<br>**Мақсаты**: балаларды шырша және шырша ойыншықтарының дайындамаларын қағаз бетіне орналастырып, жапсыруға үйрету.<br>(**танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>"**Қапқа жасырынған сыйлықтар".**<br>**Мақсаты**: балалардың заттарды көзбен көрмей-ақ бірден беске дейін санау амалы туралы білімдерін кеңейту.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **әрекет)** | құрастыруға үйрету.<br>(**шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | **әрекет)**<br>**«Көзінді жұмып, қолыңмен анықта».**<br>**Мақсаты:** ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Бала тілін дамыту.**<br>**Тақпақтар айтқызу.**<br>"Күміс қар" (Әли Ысқабаев)<br>Қырларды жапты күміс қар,<br>Далада жаңа тыныс бар.<br>Бұталар жалт-жұлт етеді<br>Кәдімгі бейне хрусталь.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**Жаңылтпаштар жаттайық.**<br>1) Торта қойдым,<br>Орта қойдым.<br>Орта қойдым,<br>Жорта қойдым.<br>2) Топ бала, топ бала,<br>Ойнап жүр, топтала.<br>Зымырап допты ала<br>Қуады көп бала.<br>3) Қырық құрықтық<br>Сырық қырықтық.<br>**(коммуникативтік, Физикалық іс-әрекет**) | **Казенбай Нұрбол**<br>**«Суреттер құрастыру».**<br>**Мақсаты:** Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина**<br>**«Үй құрылысының ретін көрсет».**<br>**Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту.<br>(**танымдық-зияткерлік , шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**«Қажетті сөзді тап».**<br>**Мақсаты:** тапқырлыққа, ойланып жауап беруге үйрету.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | "Балаңызға қандай ойыншық таңдайсыз" атты сауалнама. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 18-22 желтоқсан 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | | **«Біреу-көп»**<br>**Мақсаты:**Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау,ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Үстел-үсті ойыны:** «Түсін тап»<br>**Мақсаты:**<br>түстерді сәйкестіндіру<br>Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттер-ден тануға дағдыландыру;<br>**(танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **«Менің Отаным» өлең**<br>**Мақсаты:** Отан туралы түсінік беру.Өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **«Түлкі»**<br>**Мақсаты:**Балаларға ермексазды пайдаланып отырып түлкінімүсіндеп үйрету.Ертегімен таныстыру. Сопақша пішінге келтіріп, бұрыштарын қырлауды ермексаздан мүсіндеуге үйрету.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Танертенгі жаттығу кешені №2 ( Желтоқсан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Жаңа жыл" мерекесіне арналған тақпақтар жаттау.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>Аяз ата туралы тақпақ жаттау.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Қазақ тілі**<br>**Мақсаты**: Балалардың ұғымындағы қысқы мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін дамыту; сын есім және үстеу сөздер жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Музыка** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты**: балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, бөренемен жүруге; қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен) аттап өтуге үйрету.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | **Музыка**<br>**Мақсаты**: балалардың шырша туралы әнді қызығушылықпен тыңдап, әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топта ән айту қабілетін жетілдіру.<br>(**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты**: балаларды қолын беліне қойып, екі жаққа айналуға; еденнен 20-25 см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өтуге үйрету.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты**: Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі бөлімдерді ажырата білуге үйрету; жаңа жыл туралы ұғым беру.<br>(**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | **Күннің ұзақтығын байқау. Мақал-мәтел.**<br>Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ.<br>**Мақсаты:** желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Бермеймін».**<br>**Мақсаты:** Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу.<br>(**коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)**<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>**Мақсаты:**балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу; құрдасының ойы мен өзінің ойын сәйкестендіріп, | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? Мақал-мәтел.**<br>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br>**Мақсаты:** қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын «Аю апанында».**<br>**Мақсаты:** Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, | **Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие).**<br>**Көркем сөз. «Қарағай»**.<br>Тау баурайын - жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**Мақсаты**.<br>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ). Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні); ағаштар: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана, жұпаргүл, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының тез сынғыш | **Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін). Көркем сөз**.<br>Шыр-шыр еткен торғайды.<br>Қорғамасаң болмайды,<br>Кіп-кішкентай торғайлар,<br>Бақшамызды қорғайды.<br>**Мақсаты**: құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.). Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын «Қарғалар».**<br>**Мақсаты:**Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту. (**физикалық, коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | жылдам қозғалысқа үйрету. (**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет) Өз бетімен ойындар:** өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. (**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | болатынын түсіндіру. Балаларды ағаштарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. (**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) Қимылды ойын «Шаңғы жарысы». Мақсаты**:Дыбыс белгісіне көңіл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру). Дене шынықтыру әрекетінде алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру. (**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | (**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет) Өз бетімен ойындар. Мақсаты:**Балаларға өз рөлдерін және құрбыларының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуге үйрету; ойын барысында балаларды 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ережелерін білу. (**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу.<br>«Ұқыпты бала» әңгімесі | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | | "**Жасыл шырша сыйлығы". Мақсаты**: балаларды шырша ағашының ерекшеліктерімен таныстыру; жаңа жылда шырша ағашын пайдалану себептері туралы білімдерін кеңейту. (**танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет) Театрды сахналау. Мақсаты:** «**Жыл басына таласқан хайуанаттар»** ертегі желісін қуыршақ театрымен сахналау. Ертегідегі рөлдік диалог сөздерді балалардың аша білуіне, қарым-қатынаста сыпайылықты сақтау іскерліктеріне мүмкіндіктер туғызу. | "**Жаңа жыл қарсаңында". Мақсаты**: балаларды "Жаңа жыл қарсаңында" картинасының мазмұнымен таныстыра отырып,картинадағы әрекеттер арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету. (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**Дидактикалық ойын «Сиқырлы суреттер». Мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. (**коммуникативтік,** | "**Жасанған шырша". Мақсаты**: Балалардың жасыл шырша туралы түсініктерін кеңейту; жасыл шыршаның табиғаттың төрт мезгілінде жасыл болатындығын байқау дағдыларын жетілдіру; жасыл шыршаның қасиеттерін білуге деген қарапайым зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын арттыру; Жаңа жылдық сыйлықтар туралы түсінік беру. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-** | "**Аққаламен сөздік жаттығулар тізбегі". Мақсаты**: балалардың тақпақ және жұмбақ ауыз әдебиет формалары жөнінде ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; Жаңа жыл мерекесіне қатысты тақырыпты пысықтау. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) "Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсаты:** сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **әрекет)** | **(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Төрежан Жантөре**<br>**Кел, жазайық.**<br>**Мақсаты:** тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту.<br>Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Дидактикалық ойын «Суретші қай жерде қателесті?»**<br>**Мақсаты:** балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Балалармен**<br>**Ойын "Барлық мамандықтар қажет, барлық мамандықтар маңызды».**<br>**Мақсаты**: сөйлеуде белгілі бір кәсіптерге тән заттарды білдіретін зат есімдердің деративті жағдайының формасын бекіту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**«Қолымда не бар?» ойыны.**<br>**Мақсаты:**<br>Мынадай ұғымдарды пысықтау: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші, оң - сол; кеңістік түсінікті пысықтау, қимылды, түсіну сезімдерін дамыту.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 25-29 желтоқсан 2023 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (**коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балаларды ертерек ұйқыға жатқызулары туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.**<br>**Мақсаты:** балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».**<br>**Мақсаты:** балаларды әр аңның көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Аңдардың атауын атап, сипаттауға үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>**Мақсаты:** балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.**<br>**Мақсаты:** қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>**(танымдық- зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Санамақтар.**<br>Бірім - бір,<br>Екім - екі,<br>Үшім - үш,<br>Төртім - төрт,<br>Бесім - бес,<br>Алтым - алты,<br>Ауыр балтам,<br>Қалды қалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Олпық-солпық,<br>Сен кір, сен шық!<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Лото" үстел ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық –зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу кешені №2 ( желтоқсан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жаңа жылдық сыйлықтар туралы әңгімелесу.<br>**(коммуникативтік,шығармашылық іс-әрекет)**<br>Жасыл шырша туралы әңгімелесу.<br>**(коммуникативтік,шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты**: 40 см қашықтықта орнынан ұзындыққа секіруге (6-8 рет) дағдыландыру; алдындағы допты баспен итеріп, доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өту және допты жоғары лақтыруға үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>**Мақсаты**: Балаларды «Біз қармен қалай ойнадық» әңгімесімен таныстыру; әңгіме жанры туралы түсінік беру; қысқы өзгерістер туралы білімдерін кеңейту, қысқы қызықтар жайлы түсініктерін қалыптастыру; «биік - аласа», «тар - кең» шамалары туралы түсініктерін бекіту, сөйлеу барысында қолдануға жаттықтыру; көргенімен естігенін сәйкестендіре білу біліктілігін, еске сақтау, қиял, көру зейінін, жағымды эмоцияларын дамыту. Зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қысқы ойындарға қызығушылықтарын арттыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Музыка**<br>**Мақсаты**: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты**: балаларды сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүруге; аяқтың ұшымен жүгіруге; құрсауларды домалатуға үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>**Мақсаты:** балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыруды пысықтау.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардағы іздерді бақылай білу**<br>**Көркем сөз**.<br>Ойын ойнап, міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз, | **Өзенді бақылау**<br>**Мақал-мәтелдер**.<br>Бұлт өзеннен су алса ғана жауады.<br>**Мақсаты:** қыстағы су құбырлары жайлы | **Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау**<br>Көркем сөз.<br>Күн мұңайып тұр бүгін,<br>Қыс ызғары келеді.<br>Жұмбақтар. | **Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру.**<br>**Мақсаты:** Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті | **Қардың түсуін бақылауды жалғастыру.**<br>**Мақсаты:** Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Шаңғыны да тебеміз.<br>**Жұмбақ.**<br>Мен кетемін, ол қалар. (із)<br>**Мақсаты:** қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу; құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, жан-жаққа бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Нысанаға тигіз».**<br>**Мақсаты**:Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу.<br>Қызығушылықтарын арттыру.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | түсініктерін анықтау.<br>Балаларға өздерінің көргендерін ашып, толық көлемде айтуларын талап ету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Белгіні тыңда».**<br>**Мақсаты:**Берілген дабыл бойынша әр түрлі қимылдар жасау. Жүгіру (қысқа, кең адыммен, аяқты екі жаққа жіберіп жүгіру, секіру арқылы жүгіру). Жаттығу жұмыстарына деген қызығушылықтарын ояту, қимылдарының деңгейін жақсарту.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | Жаңа жыл күні<br>Төрінде тұрар.<br>Басқа күні<br>Өскен жерінде тұрар. (шырша)<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Қақпа».**<br>**Мақсаты:**Алаңда қозғалып жүру.<br>«Бір, екі, үш - ұста» дегенде, бәрі алаңға жүгіреді. Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойынға өз беттерінше тақырып таңдап үйрену, қоршаған ортаның жақсы жақтарынан көрсетіп, алған білімдерін көрсете білу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**) | қалыптастыру..<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>**"Қарға мен торғай".**<br>Мақсаты: Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.**<br>**Мақсаты:** балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**).<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"**Аққала ойыны".**<br>**Мақсаты**: Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту.<br>(**танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсаты:**<br>"Қақпаға"допты кіргізуді үйрету, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **"Қысқы аулада" суреттер тізбегі бойынша әңгіме құру.**<br>**Мақсаты**: балалардың қысқы ойындар туралы білімдерін жетілдіру; балалардың ойындар түрі | "**Қос қолғап".**<br>**Мақсаты**: балаларды монотипия сурет салу техникасымен таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқалам мен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін | "**Қыс қызығы аққала".**<br>**Мақсаты**: балаларды қалдық материал: поролоннан сызық бойымен домалақ кесіп алу, домалақтарды көлемі бойынша қағаз бетінде орналастырып, аққаланы құрастыруға үйрету. | **"Ақ аю".**<br>**Мақсаты**: балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; ақ аюдың сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін | "**Қыс қызығы".**<br>**Мақсаты**: балаларға қардан құрылыс немесе қамалдар жасауға үйрету: қойылған мақсатқа жетуге, ұжымдық жұмысты эстетикалық түрде жасауға үйрету; өз әрекетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы жаңа мағлұматтар беріп, "қысқы ойындар" ұғымын кеңейту; сөйлеудің әңгіме түрі туралы түсініктерді тиянақтау; қыста денсаулықты сақтау қағидалары туралы баяндау.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Сырғанақ".**<br>**Мақсаты**: балаларды сырғанақта ойындар суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру; Бауыржан Жақыптың "Сырғанақ" тақпағымен таныстырып, қимыл жаттығуларын тақпақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуге үйрету.<br>**(физикалық, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | салып, екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету.<br>(**шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br><br>**"Мысық пен тышқандар" ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; бегле бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>**(физикалық, шығармашылық, іс-әрекет**) | (**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**"Қыстың жуан және жіңішке жолақтары".**<br>**Мақсаты**: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін<br>кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" сияқты шамалар ұғымдарын қалыптастыру.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты**: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.<br>(**шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | кеңейту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>"**Жылқы".**<br>**Мақсаты**: балаларға жылқыны саз балшықтан жасауға, дене пішінін, фигураның қозғалысын дұрыс беруге, фигураға тән сипатына қарай саздылықты, сымбаттылықты бере білуге үйрету.<br>(**шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>(**танымдық-зияткерлік**, **әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**) | жоспарлай білу дағдысын дұрыс дамыту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**«Тақия тастамақ» қимылды ойын.**<br>**Мақсаты:**Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>(**физикалық, шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалармен**<br>**Үшінші артық**<br>Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлары бейнеленген карталар.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Балалармен**<br>**Жаңылтпаштар жаттау.**<br>1) Пеш үстінде бес мысық,<br>Пеш ішінде бес мысық.<br>Бес күзетші, бес пысық.<br>2) Үш кіші ішік піштім,<br>Бес кіші ішік піштім.<br>Неше кіші ішік піштім?<br>3) Ұшып кетті үш құс,<br>Ұшып келді ұшқыш.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Жыл мезгілі жайлы әңгімелеу.**<br>**Мақсаты:** мнемокестеге қарап әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Балалармен**<br>**Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>**Мақсаты:** балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**Өздері білетін ертегілері бойынша суреттерді қарау.**<br>**Мақсаты:** суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.<br>**(шығармашылық, физикалық коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | «Ашық ой мен сұрақ-жауап күні» ата-аналармен жиналыс. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** 03-05 қаңтар 2024 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу, кеңес беру. «**Тұмаудың алдын алу жолдары». (әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br>**Мақсаты:** өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| | | | **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>**Мақсаты**: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br><br>**Құрылыс ойыны "Зәулім ғимарат".**<br>**Мақсаты:** қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**«Қимылды қайтала» саусақ жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Үстел үсті ойыны "Лото". Жалғасын тап.**<br>**Мақсаты**: қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, байқампыздықты дамытады.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**Дидактикалық ойын. «Сипаттамасы бойынша тап».**<br>**Мақсаты:** ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br><br>**«Үй құрылысының ретін көрсет».**<br>**Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін | **Үстел үсті ойыны.** «**Көңілді құрылыс».**<br>**Мақсаты**: үлгі бойынша геометриялық фигуралардан композиция құруға үйрету. Геометриялық фигуралар, негізгі түстер туралы білімді кеңейту. Көрнекі қабылдауын, назарын, ойлау қабілетін дамыту**.**<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**"Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>**Мақсаты:** балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | үрдістерін дамыту.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу кешені №1 (қаңтар айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Қыс ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(коммуникативтік,шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Қысқы ойындар.**<br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Қысқы ойындар.**<br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Қысқы ойындар.**<br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Мұзды бақылау.**<br>**Көркем сөз.**<br>Дала аппақ, жапалақтап,<br>Қар жауып тұр тынбастан.<br>Қалың орман, қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>Жұмбақ.<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (мұз)<br>**Мақсаты:** ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Мұзды аулаға кіргіз».** | **Бұлт пен тұманды бақылау.**<br>**Көркем сөз.**<br>Ақ киімді, денелі, ақ сақалды<br>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,<br>Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап келіп қалды.<br>Жұмбақта.<br>Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын.<br>Қыраттарға шөлдеген.<br>(бұлт)<br>Аспан түйді қабағын,<br>Сұр пердесін керді де,<br>Жапты жердің табанын.<br>(тұман)<br>**Мақсаты:** қыс кезіндегі | **Қар тазалайтын машинаны бақылау.**<br>**Жұмбақ.**<br>Ол бензинді сүтше ішеді,<br>Тез арада сыпыра алады,<br>Қарды жолдан тазартып,<br>Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік)<br>Мақал-мәтелдер.<br>Еңбек түбі –береке.<br>Көптің түбі –мереке.<br>**Мақсаты:** адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Мақсаты:**<br>Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру). Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Өз бетімен ойындар:** ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады; ақырын қар жауа бастайды.<br>Байқампаздықты арттыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Бірінші болу».**<br>Бір-бірін қуалау арқылы жүгіруді бекіту (көкпарға дейін жүгіріп, мәреге келу); ойын ережесін сақтау (киімнен ұстауға, итеруге, дөрекілікке рұқсат жоқ).<br>Батырлыққа, күштілікке, икемділікке тәрбиелеу.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Өз бетімен ойындар:** ойынға керекті құралдармен жабдықтандыру үйрету; ойын барысында табиғи заттарды қолдануға үйрету.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Таяқпен сыпыру»**<br>Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін).<br>Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу.<br>**(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Өз бетімен ойындар:** таңдалған тақырыпқа сай ойын барысында ойыншықтарды айырбастап, ойын көмегімен құрастырып, түрлілігін анықтай білуге үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | | | **Дидактикалық ойын.**<br>«**Артығын тап**».<br>Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады.<br>Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарандашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық. Қар қыста ғана болады. | **Дидактикалық ойын: "Біреу және көп"**<br>**Мақсаты:**<br>Жиын сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **«Ұшады, ұшпайды, өседі, өспейді» театрландырылған ойын.**<br>**Мақсаты:** балалардың танымдық қабілетін дамыту.<br>**(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені.**<br>**Мақсаты**: Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет".**<br>**Мақсаты:** Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәлімет беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **"Үй құрылысы".**<br>**Мақсаты**: Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **Казенбай Нұрбол**<br>**Көркем сөз жаттау "Қар".**<br>Жауды міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br><br>Үстін жауып көлдердің,<br>Бетін бүркеп белдердің.<br>Жастық етіп тауды асқақ<br>Жаңтайыпты жамбастап.<br>Жаңтайыпты жамбастап.<br>(Тілген Шопаев)<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Мадияр Бекәлім, Ырысхан Ұлжан**<br>**«Суреттерді орналастыр».**<br>**Мақсаты:** заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**«Табиғат жайлы әңгімелесу».**<br>**Мақсаты:** балалардың дүние танымын, тіл байлығын дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | | | «Отбасының денсаулық бағдарламасы». | Баяндама «Бала неге өтірік айтады?» | Кеңес «Тұмаудың алдын алу жолдары» |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** 08-12 қаңтар 2024 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Баяндама. «Баланың дамуы мен тәрбиесінде күн тәртібінің маңызы».** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br>**Мақсаты:** балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| | **«Мозаика».**<br>**Мақсаты:** балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>1. Шынжыр.<br>Оң және сол қолдағы басбармақпен балаң үйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.<br>2. Піл.<br>Оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, балаң үйрек пен шылдыр шүмек алдыңғы аяқтары, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)**<br><br>**Танграм әдісі бойынша "Қызықты бейнелер" ойыны**<br>Танграм әдісін пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды ұсынады.<br>**Мақсаты:** бұл ойын балалардың түстер мен формаларды қабылдауын дамытуға ықпал етеді. Әр бала | **"Пазл".**<br>**Мақсаты:** балаларға әртүрлі сюжетті суреті бар пазлды құрастыру үйрету, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамыту. Ісінің аяғына дейін жеткізуді қадағалап, шыдамдылыққа, байқампаздыққа үйрету.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту.<br>**(коммуникативтік, физикалық** | **"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты**: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды.<br>(**шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>**Мақсаты**: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Құрылыс ойындары "Робот".**<br>**Мақсаты:** балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**"Қажетті киімді алыңыз" дидактикалық ойын.**<br>**Мақсаты:** балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тапсырмаларды орындау логикасын бөліктен бастап, бүтінге дейін меңгереді.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу кешені №1 (қаңтар айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Күндей жадырап,<br>Жұлдыздай жарқырап,<br>Судай мөлдір таза көңілмен,<br>Бүгінгі күнімізді бастайық.<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br>Қыс мезігілі туралы ертегілер айту, әңгімелеу, мазмұндау.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, жүруге үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>Балалардың ұғымындағы қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; заттардың қасиетін білдіретін «суық- ыстық», «жұмсақ - қатты» ұғымдарын бекіту. Қар, оның ерекшеліктері жайлы тақпақтарды түсініп, дұрыс айтуды үйрету; қардың калпын айқындайтын сын есімді дұрыс қолдануға жаттықтыру; сөйлеу мәнерін, көру және есту қабілетін, логикалық ойлауын дамыту. Байқампаздыққа, шыдамдылыққа, әдептілікке, айналасындағы әлемге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>(**танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Музыка**<br>Балаларды әнді ықыласпен тыңдай білуге және әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>Балаларды допты бір-біріне төменнен лақтыру және оны қағып алуға үйрету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>Балаларды сапта бір-бірден өкшемен, табанмен жүруге; көлденең орындықта төрттағандап еңбектеуге үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Көшені бақылау. Көркем сөз.**<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам. (жол инспекторы)<br>**Мақсаты:** қалада көшелердің көптігін, олардың атауы әртүрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу. (дүкен, дәріхана, банк, почта, колледж, кітап баспасы және т.б..). еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Бірінші бол».**<br>Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі оңға қарай, басқасы солға қарай), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>(**физикалық,танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**Өз бетімен ойындар:** балаларға өз рөлдерін және жолдастарының рөлдерін біліп, 2-3 рөлде кезекпен | **Отырғызылған гүлдерді табиғат бұрышына қою, гүлдерді бақылау.**<br>**Тақпақ «Су құям гүлге»**<br>Қ.Сауғабаев.<br>Ұмытпай күнде,<br>Су құям гүлге.<br>Жайнайды гүлім,<br>Құлпыртып түрін.<br>**Мақсаты:** бөлме гүлдерінің атауларын бекіту, олар туралы білімдерін кеңейту. Бөлме өсімдіктерін күту; бөлме өсімдіктерінің негізгі талаптары бөлімін бекіту, негізгі белгілері туралы мәлімет беру ( шіріген, жапырақтары сарғайған және т.б.), суарудың қосымша түрімен таныстыру. Бөлме өсімдіктерін жақсы көру, оларды күту, тірі ағза сияқты қарым-қатынаста тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>Қимылды ойындар.<br>**«Қара сиыр»**<br>**(қазақтың ұлттық ойыны).**<br>**Мақсаты**:Дабыл бойынша тығыз орта құра білу дағдысын бекіту, ойын ережесін сақтау (ойыншының жанына бір затты жасыру, дабыл бойынша затты іздеу, тапқан адам қарауылдайды, қалғандары оны алып қоюға тырысады). Шынықтыру, ептілікті, төзімділікті дамыту. | **Көпірді бақылау. Жұмбақ.**<br>Өзеннің қос жағасын,<br>Жалғастырып жол жатыр.<br>Тура өтіп шығасың,<br>Су кештірмес қол шатыр.<br>(көпір)<br>**Мақсаты:** көпірмен таныстыру.<br>Көпірдің құрылысы жайында түсіндіру (тіреуіші, жан-жақты құрылымы) бар; жүру белгісі (автокөлікке, жаяу жүргіншілерге, бәріне ортақ).<br>(**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Нысанаға тигіз».**<br>Балалардың ойын ережелеріне бағынуын, жауапты рольдерді орындай алуға ұмтылдыру .<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Еңбек.** Жолға құм себу. Берілген тапсырманы, жолға құм себуді өз беттерінше орындауға үйрету. Білу және еңбек ережелерін сақтауға тәрбиелеу. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Қыс соңында баған түбінде орналасқан шеңберді бақылау.**<br>**Көркем сөз.**<br>Аппақ қар жауа бер,<br>Риза ғой саған ел.<br>Боратты-ау бораным,<br>Қайратын қарай гөр.<br>Біз батыл баламыз.<br>Жылы үй қорамыз.<br>Ақ ұлпа қарыңнан.<br>Аққала саламыз.<br>**Мақсаты:** балалардың назарын қыс соңында ағаш жанында пайда болған қарлы шұңқырға аудару. Балаларға баған түбінде орналасқан қарға күннің көзі түскен кезде қардың еритінін, баған түбінде шеңбердің бар екендігін түсіндіру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Кім шапшаң?»**<br>**Мақсаты:**<br>Белгіленген жерден шаңғымен жүре білуді қалыптастыру.<br>Жарыстарға қатысуға деген талаптарын арттыру; достық сезімдерін ояту, топтағы жолдастарына көмек беруге тәрбиелеу.<br>**(физикалық,** | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау.**<br>**Мақал-мәтелдер.**<br>Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.<br>Ердің атын еңбек шығарады.<br>Ер дәулеті - еңбек.<br>**Мақсаты:** қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула тазартушы көмектеседі. Балалардан аула тазартушының жазғы жұмысына қарағанда, қысқы жұмысының ерекшелігі неде екенін сұрау. Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы білімдерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Кім күшті?»**<br>Жаттығу жасау барысында еңбектену. Жолдасымен бірлесіп жасау; дұрыс ойын ережесін сақтауын қадағалау. Жолдасыңның жетістігіне, жеңілісіне көңіл аудара білу.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Өз бетімен ойындар:** біріккен ойындарда өз тәртібіне жауап бере алуға тәрбиелеу, ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнап; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ретінде рөлдік ойын ережесін білу.<br>(**физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | (**әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет**)<br>**Еңбек:** гүлді суару, жапырақты жуу. Балаларды өз бетінше тәрбиешінің берген тапсырмасын орындауға үйрету (гүлді суарып, жапырақтың шаңын сүрту).Өсімдікке ұқыптылықпен қарап, уақытында күте білуге бағыттау.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | | **коммуникативтік іс-әрекет)** | әрекетін ұйымдастыруға талпындыру.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **"Аппақ қар".**<br>**Мақсаты**:<br>Балаларды "Аппақ қар" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, табиғатты көркем бейнелеген сөздерді мұқият есте сақтауға үйрету.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**"Аққала қалай пайда болды?"**<br>**Мақсаты**: балаларды аққаланың алғаш пайда болуы туралы деректермен таныстыру; аққала туралы әртүрлі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**)<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".**<br>**Мақсаты:** эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, | **"Алыс және жақын жатқан қар**".<br>**Мақсаты:** балаларды заттардың алыс не жақын қашықтықта тұруы ұғымдарымен таныстыру.<br>(**танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**"Қуыршақ театры шымылдығын әшекелейміз".**<br>**Мақсаты**: балаларды жазуға арналған жабысқақ қағазды бүктеу арқылы шырша, жүрекше және шеңбер пішіндерін қиып алуға, және оларды жіпке шеттерінен жапсыруға, қуыршақ театр шымылдығын безендіруге үйрету.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | "**Оюлар салынған қарлы жолақ".**<br>**Мақсаты**: балаларды тіктөртбұрышты жолдарды қазақтың ою өрнектері элементтерімен безендіру тәсілімен таныстыру; "қарға ізі", "құс тұмсығы", "қаңқа" сияқты ою элементтерін белгілі ырғақтықта қарындашпен сурет салу техникасын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, ой-қиялын, елестету қабілеттерін дамыту.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"**<br>**Мақсаты:** ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, | **"Қарды бақылау. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-р] дыбысы."**<br>**Мақсаты:** балаларды үнді дауыссыз [Р] дыбысымен таныстыру; кейбір қоршаған объектілердің шығару дыбыстарының дауыссыз [Р] дыбысының айтылуы біркелкі болатыны туралы, дыбыстың сөздердің құрамында әрқалай тұратыны туралы түсіндіру.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Дайын суретті бояу тапсырмасы.**<br>Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілі (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-** | "Қар жауғанда".<br>**Мақсаты**: қардың қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**«Тап та, атын ата» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** түсті қабылдауын және ұсақ саусақ моторикасын дамыту.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткердік іс-әрекет )** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | | қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **әрекет)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалармен Жыл мезгілі туралы әңгіме. Мақсаты:** Қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре "Сәйкесін тап"ойыны. Мақсаты:** Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол Дайын суретті бояу тапсырмасы. Мақсаты:**Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. **(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. Мақсаты:** Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. **(физикалық, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре «Суреттер құрастыру». Мақсаты:** Балаларға шағын суреттерден мазмұнды үлкен суретті құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** 15-19 қаңтар 2024 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «**Балалармен демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы**» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".**<br>**Мақсаты:** жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| | **Санайық жаңаша.**<br>Бір, екі, үш!<br>Желбіре жалауша,<br>Достықта біздің күш.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>**(коммуникативтік физикалық шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**"Мысық пен тышқан" қимылды ойын.**<br>**Мақсаты:** Санамақ арқылы тышқанды таңдайды.<br>Балалар келесі сөздерді қайталайды:<br>Мысық, мысық ұйықтайды,<br>Тышқан, тышқан жорғалайды: пи - пи.<br>**(физикалық,** | **Үстел үсті ойыны. «Мозаика».**<br>**Мақсаты:** балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа үйрету.<br>**(танымдық –зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>**Мақсаты**: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Даусыңа қарай ажырат" дыбыстық жаттығу.**<br>Педагог үстел үстіне үй жануарларының суреттерін қояды. Балалар өздеріне ұнайтын жануарды таңдайды.<br>**Мақсаты:** Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру және жетілдіру.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>**Мақсаты**: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай,шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық,құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа,шаян,<br>Торғай,шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>Қадыр Мырза Али.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың | **"Сиқырлы суреттер" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту..<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Танграм әдісі бойынша "Қызықты бейнелер" ойыны**<br>Танграм әдісін пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды ұсынады.<br>**Мақсаты:** бұл ойын балалардың түстер мен формаларды қабылдауын дамытуға ықпал етеді. Әр бала тапсырмаларды орындау логикасын бөліктен бастап, бүтінге дейін меңгереді.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **коммуникативтік іс-әрекет)** | | | бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. **(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу кешені №2 (қаңтар айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Аңдардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелесу.<br>Қысқы ұйқыға кететін аңдар туралы әңгімелесу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Оқу қызметінде бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, аңдардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету.<br>(**физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Қазақ тілі**<br>Балаларды **«Үш торай»** ертегісімен таныстыру; сөздердің түрленуі, зат есім, сын есім, негізгі және туынды сөздер жайлы білімдерін дамыту; мезгілдік өзгерістер туралы, адамдар мен жан-жануарлардың өміріндегі әртүрлі жыл мезгіліндегі ерекшеліктер жайлы түсініктерін дамыту; еңбектің маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Музыка**<br>балаларды қасқыр туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.<br>(**Шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>балаларды доптарды басынан асыра лақтыру және оны қағып алуға; гимнастикалық орындықпен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету.<br>**(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Музыка**<br>балаларды қасқыр туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.<br>(**Шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>балаларды екеуден аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүру; гимнастикалық орындықта қолдарымен тартылу арқылы ішімен еңбектеуге үйрету.<br>**(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Жаяу борасынды бақылау.**<br>Көркем сөз.<br>Боран гулеп соғады,<br>Қайсар қалай тоңады?<br>Мақта, мейлі.<br>Айналаны орады.<br>Аяғында саптама,<br>Мақтама.<br>Баста тымақ,<br>Өзіңе дәл, шақ қана.<br>Қайсар бейне атамдай,<br>Үсте тон.<br>Қолда қамшы, астында ат.<br>Қой қайырған шопандай.<br>**Мақсаты:** жансыз табиғаттағы қыстың белгілерімен танысу. Қыстың суық күнінде жолда қар борасыны болады, ауада қатты жел көтеріліп, жолды ақ борасын басады. Борасын қарды ойшыққа, бос жерлерге апарады.<br>Балалардың сөздік қорларын молайту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын: «Қайсардың киімін ата».**<br>**Мақсаты:** Қысқы киім атауын атай білуді бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту (киім атауларын есте сақтау), дабылға назар аудару (ортаға тұрған кезде бос орынға тұру). Нақтылыққа, сенімділікке тәрбиелеу.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қар басуын бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер. (қар)<br>**Мақсаты:** балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру.<br>Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту.<br>Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Қармен ойнау». Мақсаты:** Балаларды қармен ойнауға үйрету.<br>Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру.<br>Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | **Қардың тереңдігін бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар).<br>**Мақсаты:** балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, Танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде».**<br>Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**Еңбек.**<br>Гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру.<br>Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу.<br>Тапсырманы орындау, | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.**<br>Мақал-мәтел.<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>**Мақсаты:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Бәйге».**<br>Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді).<br>Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | **"Көшені бақылау".**<br>Көркем сөз.<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам. (жол инспекторы)<br>**Мақсаты:** қалада көшелердің көптігін, олардың атауы әртүрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру.,<br>Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Бірінші бол».** Әртүрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі оң жаққа, басқасы сол жаққа қарай), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Еңбек.** Алаңдағы құралдарды қардан тазарту (сырғанайтын жер, алтыбақан және т.б..).<br>Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. **(әлеуметтік-эмоционалды,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**) | | **коммуникативтік іс-әрекет**) |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(әлеметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | "**Аю мен қонжық апанда ұйықтап жатыр".** **Мақсаты**: балаларды апанда ұйықтап жатқан үлкен аю мен қонжықты салу композициясын бейнелеуге үйрету; аңдардың негізгі бөлшектерін сопақшалар мен дөңгелек пішіндерінде пропорциялық үйлесімділікте салу техникасын жетілдіру. (**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) **Театраландырылған қойылым.** "**Үйшік" ертегісі.** **Мақсаты**: танымал ертегі мазмұнын балалар естеріне түсіру, есте сақтау, ойлау, эмоционалды, ым-ишаралық, қабілеттерін дамыту. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Аңдардың іздерін зерттейік".** **Мақсаты**: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" ұғымдарын жетілдіру. (**әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) **Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана".** **Мақсаты**: дәріхана қызметкерлерінің мамандықтары туралы білімдерін кеңейту. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Көзі қорқақ Қоян ертегісін мәнерлеп оқу".** **Мақсаты**: балаларды "Көзі қорқақ қоян" ертегісімен таныстыру; жабайы аңдардың бойындағы адам қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар туралы ертегі жанры туралы ұғымдарын қалыптастыру; "көз қорқақ" фразеологизімінің мағынасын түсіндіру. (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Ветеринарлық емхана". **Мақсаты:** балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **"Аю мен қасқыр".** **Мақсаты**: балаларды геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне қасқырды және аюды құрастыруға үйрету. (**әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) **"Апандағы аю".** **Мақсаты**: балаларды "Апандағы аю" картинасының мазмұнымен таныстыру; мәтіні қысқа картинаны бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) **Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр".** **Мақсаты**: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Жабайы жануарларға қамқорлық".** **Мақсаты**: қыста тіршілік ететін жабайы жануарларды жатқа білуге үйрету. (**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**) "**Қонжықтың достары".** **Мақсаты**: аңның сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы қонжықты мүсіндеуді үйрету. (**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) **Сюжетті-рөлдік ойын.** "**Хайуанаттар бағы".** **Мақсаты**: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалармен**<br>**Театрды сахналау.**<br>**«Күшік пен мысық»** ертегісін сахналау. Балалармен бірге ертегі қойылымын қуыршақ театры арқылы ойнап көрсету және үй жануарларын қорғай білуге үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>«Қайсысы қайда орналасқан?»<br>**Мақсаты:** кеңістікте бағдарлау. Оң жақты және сол жақты ажырату.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>**"Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып беру іскерліктерін жетілдіру.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина**<br>**"Ненің құйрығы?"**<br>**Мақсаты:** Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Балалармен**<br>**Шешуін тап та, ата!**<br>Көрнекі құралдар.<br>Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шана, фланелеграф.<br>Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетіп, онда бейнеленген заттар мен жануарларды атауды сұрайды.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** 22-26 қаңтар 2024 жыл

<table>
<tr><th>Күн тәртібінің үлгісі</th><th>Дүйсенбі</th><th>Сейсенбі</th><th>Сәрсенбі</th><th>Бейсенбі</th><th>Жұма</th></tr>
<tr><td>Балаларды қабылдау</td><td colspan="5">Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</td></tr>
<tr><td>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</td><td colspan="5">«Балалармен демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)</td><td colspan="5">"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп»<br>Мақсаты: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда ынтымақта еңбек етуге үйрету.<br>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</td></tr>
<tr><td>Үстел үсті ойыны «Мозаика».<br>Мақсаты: балаларды берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге, тапқырлыққа үйрету.<br>(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</td><td>Санамақ.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он саусақ.<br>Оң аяқта бес бақай,<br>Сол аяқта бес бақай.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он бақай.<br>(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</td><td>Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».<br>Мақсаты: балаларды әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, сипаттауға үйрету.<br>(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)<br>Театрландырылған қойылым "Аққу-қаздар".<br>Мақсаты: балалардың өз бетінше театрландырылған ойындарды ұйымдастыруын үйрету, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісу біліктіліктерін жетілдіру, шығармашылық дербестікті дамыту.<br>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</td><td>"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.<br>Мақсаты: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>"Халық ауыз әдебиеті.<br>(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</td><td>"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады.<br>(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу кешені№2 (қаңтар айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Қыстайтын құстардың суреттеріне қарап әңгіме құру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>ұйымдастырылған іс-әрекетінде бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, құстардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету.<br>(**физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту, адам құстарға қалай қамқорлық жасай алатынын түсіндіру, құстардың дыбыстарын білдіретін сөздердің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түбірлес сөздер туралы білімдерін мысал келтіру арқылы қалыптастыру<br>Балаларға қыстайтын құстарды ажыратып, дұрыс атауға үйрету,<br>мейірімділікке, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**Музыка**<br>балаларды құстар туралы әндерді тыңдап және айтуда әндердің сипатын ажырата білуге үйрету; құстар туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>(**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>балаларды алға ұмтыла секіруге; сызықтар арасымен ( 10 см арақашықтық ) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуеніменырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.<br>(**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>балаларды допты еденге ұруға; допты жоғары лақтыруға үйрету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қар басуын бақылау**<br>**Жұмбақ**.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер. (қар)<br>Болжау.<br>Қар түссе - күн жылынады | **Ауа райын бақылау.**<br>**Жаңылтпаш.**<br>Қыс қыспаса, қыс па,<br>Құс ұшпаса, құс па?<br>Өлең.<br>«Қыс» О. Иманәлиев. | **Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты**: қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы | **Қар үстіндегі іздерді бақылау.**<br>**Мақсаты**: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. | **Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.**<br>**Мақсаты**: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** балаларға қар түсуі жөнінде түсінік беру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Қармен ойнау».**<br>**Мақсаты:**Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды атуға жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>(**физикалық, шығармашылық іс-әрекет**) | Көкті бұлт тұмшалап,<br>Жер ақ тонын киеді.<br>Шұнақ аяз шымшылап,<br>Ақ бетіңнен сүйеді.<br>**Мақсаты**: балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын: «Кеглiнi құлат».**<br>**Мақсаты:**Кеглiнi құлата отырып, клюшканың көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.<br>(**танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет**) | өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны. «Нысанаға тигіз».**<br>**Мақсаты**: ұшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.<br>**Ойын-жаттығу:**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | Балаларды байқағыштық, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын: «Ақ қоян».**<br>**Мақсаты:** балаларды ептілікке баулу.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**). | құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Жазда көлге мұз қатты,<br>Табанымды мұздатты.<br>Мұз ойылып кетті тез,<br>Күліп едік, біз қатты.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Ортаға түспек».**<br>**Мақсаты:** тез жүгіруге, секіруге, ептілікке үйрету.<br>**Еңбек:** қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | "**Құстарға жемшашар" тақпағын жаттау.**<br>**Мақсаты**: балалардың "тақпақ" ұғымын жетілдіру, қыстайтын құстар туралы көркем сөз үлгісімен таныстырып, құстарға қыста қамқорлық жасау жөнінде білімдер жиынтығын тиянақтау.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Дамытушы ойын.**<br>"**Суретшінің қатесін тап".**<br>**Мақсаты**: Балалардың ұғымында заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жайлы түсініктерін пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, | **"Сары шымшық".**<br>**Мақсаты**: балалардың қылқаламмен сары шымшық бейнесін салуға үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау.<br>(**шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**)<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Үй құрастыру".<br>**Мақсаты:** балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды,** | "**Дорбадағы құмалақтар"**<br>**Мақсаты**: балалардың заттарды тура және кері санау туралы ұғымдарын қалыптастыру, көзбен көрмей-ақ бірден беске дейін санау амалы туралы, екі заттардың сандарын тең ету амалдары туралы білімдерін тиянақтау.<br>(**танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет**)<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".**<br>**Мақсаты:** эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай | **"Бұлбұл мен тоқылдақ".**<br>**Мақсаты**: балаларды "Бұлбұл мен тоқылдақ" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; мәтіні қысқа әңгімені бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**)<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"**Цирк".**<br>**Мақсаты**: Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды | **"Аялайық құстарды".**<br>**Мақсаты**: балалардың құстардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстар тіршілігі жайлы балалардың ой-өрісін дамытып, сөздік қорын молайту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Хайуанаттар бағы".**<br>**Мақсаты**: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарын арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **коммуникативтік іс-әрекет**) | туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Мадияр Бекәлім,**<br>**Думан Сара**<br>**Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты:.<br>Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Төрежан Жантөре**<br>**Жеке жұмыс.**<br>Қыс келгенде, торғайым,<br>Үй алдына қон дәйім.<br>Ойна, жүгір, желкілде,<br>Тисем саған оңбаймын.<br>**Мақсаты:** тақпақты жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Казенбай Нұрбол**<br>Қағаз бетінде бағдарлай білуді, апта күндерін, жыл мезгілдерін ретімен атау.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина**<br>**"Бұл ұяда не тұрады?" үстел үсті ойыны.**<br>**Мақсаты:** балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**«Бұл қай кезде болады?»**<br>**Мақсаты:** жылдың төрт мезгілін бір-бірінен ажырата алу қабілеттерін дамыту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 29 қаңтар-02 ақпан 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың жеке басының гигиенасы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br>**Мақсаты**: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғады сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| | **Тіл ұстарту жаттығулары.**<br>**Мақсаты:** Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>ра-ра-ра-ара ор-ор-ор-тор<br>ро-ро-ро-рома ру-ру-ру-қару<br>ар-ар-ар-қар ур-ур-ур-ура<br>Р- дыбысын буында, сөзде қайталаймыз:<br>Ра-ра-ра- қозыға жақсы қара.<br>Ры-ры-ры- жинап алдым тары.<br>Ар-ар-ар- далада қалың қар.<br>Ыр-ыр-ыр- жаттап алдым жыр.<br>Ра-ра-ра- Айжан шашыңды тара.<br>Ыр-ыр-ыр- ырылдайды қасқыр.<br>**(коммуникативтік, физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | **Р. Тышқанбаевтың «Қыс» өлеңін оқу.**<br>**Мақсаты**:Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Педагог өлең оқи бастайды:<br>Шыңнан сырғып түсті де,<br>Келді етекке қыс, міне.<br>Ақ қарлар ақ көбелек,<br>Қонды үйлердің үстіне.<br>Боран соғып бірде өкпек,<br>Үйге айдады «кір» деп тек.<br>Мұз көрпеге оранды,<br>Сулар тоңып дірдектеп.<br>Аулаға қар үйгізді,<br>Бетті аязға сүйгізді.<br>Тоңбасын деп теректер,<br>Қырау ішік кигізді.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Қыста қандай жануарлар ұйықтайды?" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты**: балалардың қыстайтын аңдар арасынан ұйқыға бататындарды ажыратып, аңдардың қысқы тіршілігі жөніндегі білімдерін пысықтау.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | **Мақсаты:** Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>**(танымдық-зияткерлік шығармашылық іс-әрекет)** | **Тіл ұстарту жаттығулары.**<br>**Мақсаты.** Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Ра-ра-ра- бал жинайды ара.<br>Мір-мір-мір-қап- қара көмір.<br>Тоқылдақ ағашты қалай тоқылдатады?<br>Тр-тр-тр.<br>Мысық қалай дыбыстайды?<br>Мр-мр-мр.<br>Қарға қалай қарқылдайды?<br>Қаррр-каррр-каррр.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Танертенгі жаттығу кешені №1 (ақпан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүру және жүгіруге дағдыландыру; педагогтің белгі беруі бойынша 1,5 мин қалыпты жағдайда жүгіруге үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Музыка**<br>"Мысығым".<br>Мақсаты: балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** балаларды табанның ішкі жағымен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүгіруге; көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеуге үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>**Мақсаты:** балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты**: балаларды сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұруға; допты екі қолымен басынан асыра лақтыруға үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге ойын құралдарын дайындау.<br>Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.<br>Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | | | | |
| **Серуен** | **Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.**<br>Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ | **Қырауды бақылау.** Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды, сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнектің шынысына, | **Мұз сүңгісін бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету.<br>Тапсырма: «Мұз» тақырыбына сурет салу. | **Терезедегі өрнектерді бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау.<br>Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты: желдің бағытын анықтау.<br>Сұрақтар:<br>1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?<br>- үй мұржаларынан шыққан түтінінен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күнде қар ауырлау тартады, қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br>*Көркем сөз:*<br>Тазалашы мұз болған,<br>Есік алды тайғанақ жата берсін.<br>Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ,<br>Шыға беріп жалтақтай,<br>Ұшып түсті қалпақтай.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар».**<br>Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | ағаштың бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашық кезінде пайда болады.<br>*Көркем сөз.*<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Ақ қоян».**<br>Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)** | Сұрақтар:<br>1) Мұз қандай болады?<br>2) Оның пішіні қандай? Сәбіз сияқты.<br>3) Мұз қалай пайда болады?<br>4) Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма?<br>5) Олар қайдан пайда болады?<br>6) Осыдан қандай қорытынды жасауға болады?<br>*Көркем сөз.*<br>Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап,<br>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,<br>Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.<br>Мұзафар Әлімбаев.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Қоянның үйшігі».**<br>Үйсіз қалған қоян. Ертегіні сахналап отырып, қимылды ойынды ойнату.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)** | терезеге салған көңілді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.<br>*Көркем сөз.*<br>Бір топ бала сырғанап,<br>Барады әне жарысып.<br>Қалды артта қыр қалып.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын. «Айлакер түлкі».** Мақсаты: жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттығу.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады.<br>2. Қыста жел қандай болады?<br>*Көркем сөз.*<br>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын. «Әткеншек».**<br>Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды пысықтау. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **"Ауыл мен қала туралы әңгімелеу. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-л] дыбысы."**<br>**Мақсаты**: балаларды үнді | **"Аквариум балықтары".**<br>**Мақсаты**: балаларды үлкен және кішкентай балықтардың бейнелерін, дөңгелек пен сопақша, үшбұрыш | **"Мысығым менің мысығым".**<br>**Мақсаты:** балаларды мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету. | **"Террариумдағы тасбақа".**<br>**Мақсаты:** балалардың тасбақаның тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптастыру; | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".**<br>**Мақсаты** балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дауыссыз [Л] дыбысымен таныстыру; сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; "ауыл" мен "қала" ұғымдарын тиянақтау.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты**: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | пішінді трафареттерді бастырып салу техникасына үйрету; балықтардың бейнелерін қағаз бетіне үйлесімділікте орналастыру.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**«Үй жануарлары мен төлдері».**<br>**Мақсаты:** балаларды үй жануарларымен таныстыру, төлдерін айыра білуге үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Ойын-жаттығу**<br>"**Түрлі пішінді балықтар".**<br>**Мақсаты:** балаларға салыстыру эквиваленті туралы түсінік беру; бірыңғай және әрқалай жатқан заттар топтарының теңдігі туралы білім беру.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | тасбақаның құрлықтағы әрекеттері жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, үй жағдайындағы тіршілік ету ортасы, мекені, азығы) кеңейту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Ойын-жаттығу**<br>"Тиін жаңғақ кеміріп отыр".<br>Мақсаты: тиінді құрама амалдармен мүсіндеуді үйрету; аңның сыртқы түрінің сипаттық белгілерін көрсетуді үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>**«[р] дыбысын ұстап ал» ойыны.**<br>Мақсаты. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Балалардың дыбыстарды есту, ажырату қабілетін жетілдіру; шапшаңдыққа, мұқияттылыққа баулу.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Балалармен**<br>**Санамақтар.**<br>Бірім - бір,<br>Екім - екі,<br>Үшім - үш,<br>Төртім - төрт,<br>Бесім - бес,<br>Алтым - алты,<br>Ауыр балтам,<br>Қалды қалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Олпық-солпық,<br>Сен кір, сен шық!<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина**<br>**«Не артық?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың логикалық ойын дамыту.<br>Сиыр, ешкі, жылқы, аю.<br>Жолбарыс, арыстан, сиыр, қасқыр.<br>Бұзау, құлын, қозы, түлкі.<br>Бүркіт, қарға, сауысқан, торғай.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Балалармен**<br>Баламен еркін таңдаған кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу.<br>**(физикалық коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 05-09 ақпан 2024 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланы өсіп,жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру,жеке басын құрметтеуді үйрету мәселелері бойынша кеңес беру | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".**<br>Мақсаты: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | **«Дүкенші».**<br>**Мақсаты:** балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөліп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Артикуляциялық жаттығу**<br>Мақсаты. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө,қ" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>өс-өс-өс<br>Жігіт болып өс.<br>Ұстаның құралы төс.<br>қа-қа-қа<br>Менде үлкен сақа.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды,** | **«Шаштараз» сюжеттік-рөлдік ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Шаштараздың еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Тақпақ жаттау**<br>Монтер ағай<br>Ағай епті қолымен<br>Жүреді ылғи от беріп.<br>Тарам-тарам жолымен<br>Жүгіреді тоқ келіп.<br>Көшеде, үйде, кеңседе<br>Жүреді ағай шам жағып.<br>Түн ішінде келсе де,<br>Ол жүрген жер жап-жарық.<br>Мұзафар Әлімбаев<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Сюжеттік-рөлдік ойын «Тігінші».**<br>**Мақсаты:** балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір-бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Тақпақ жаттау**<br>**Шахтер**<br>Шахтерді ел біледі,<br>Оған сарай – жер асты.<br>Көмір қазып жүреді,<br>Сорғалатып тер ащы.<br>Бала оқитын зәулім үй<br>Қалмауы үшін суынып,<br>Үйіп көмір тауды ылғи, | **«Біз құрылысшымыз».**<br>Балаларға құрылыс материалды ұсынамын, үлгі бойынша заттарды құрастыру. Құрастырылған заттардан көрме ұйымдастыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**«Мозаика».**<br>Мақсаты: балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға үйрету. Бір-бірімен ізеттілікпен сөйлеуге үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Санамақ**<br>Санамақтың сан түрін,<br>Кәне, біздер санайық!<br>Онға дейін санды біз<br>Қолымызға алайық!<br>Бір,екі, үш<br>Таңдайықшы түс.<br>Төрт,бес, алты<br>Тату доспыз жалпы.<br>Жеті, сегіз, тоғыз<br>Мынау - қоңыр қоңыз,<br>Мына санным-он,<br>Қыста кием тон.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **коммуникативтік іс-әрекет)** | | Береді ол жылылық.<br>С.Мәуленов<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Танертенгі жаттығу кешені №1 (ақпан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Шуақ шаша<br>Алтын таңда<br>Мөлдір таза ауада<br>Табиғаттың бәрі оянды<br>Оян сен де бар бала<br>Балалар, ертеңгісін көзімізді ашып терезеге қарасақ нені көреміз?<br>Егер күн жарқырап нұрын шашып тұрса қалай қуанамыз?<br>Олай болса, бүгінгі күнге, табиғатқа жылы лебізімізді білдірейік<br>Армысың ардақты аспан ата!<br>Армысың мейірімді жер ана!<br>Армысың шұғылалы алтын күн!<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Ия балалар біз әрбір атқан таңымызға келген жаңа күнге жеткенімізге қуанамыз<br>Балаларға жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеуді ұйымдастыру.<br>«Ойын дегеніміз не?» тақырыбында әңгімелесу. «ойыншы» деген нені білдіреді ойларын сұрау. Суреттер арқылы түсіндіру. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты: бір орыннан (қашықтығы 50 см) ұзындыққа секіру (8-10 рет); 6 м қашықтыққа дейін допты жерге ұрып, жүру (2-3 рет) және топпен қолын жерге тигізбей доғадан (биіктігі 40 см) өрмелеп (2-3 рет) өтуге жаттықтыру.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік коммуникативтік іс-әрекет)** | **Қазақ тілі**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Музыка**<br>"Көңілді арбакеш".<br>Мақсаты: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты: балаларды бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіруге үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Музыка**<br>"Көңілді арбакеш". (қайталау)<br>Мақсаты: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты: балаларды аяқты бірге қойып секіру; допты бір қолымен кедергі арқылы лақтыруға үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру;<br>ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу **(әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік іс-әрекет)**. | | | | |
| **Серуен** | **Алаңдағы ағаштарды бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.<br>Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.<br>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.<br>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр».**<br>Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік коммуникативтік іс-әрекет)** | **Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау.**<br>Мақсаты: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру.<br>Тапсырма.<br>«Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.<br>*Көркем сөз.*<br>Кәне, кімнің бойы ұзын,<br>Паровозы ол пойыздың.<br>Қатар-қатар тұратын<br>Пойызды біз құрайық.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Аңшы мен коян».**<br>Мақсаты: нысанаға затты лақтырып тигізу, жүгіру, өрмелеп жоғары шыға білу.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Саябаққа саяхат.**<br>Мақсаты: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу.<br>Балалардың сөз құрамында: қыс, қар, мұз, аяз, қар қырш-қырш еттеді, жалтырайды, жылтылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану.<br>Балаларды табиғаттың қамқоршысы, жанашыры етіп тәрбиелеу.<br>Тапсырма: «Қыс мезгілінің қызығы» атты тақырыпта шағын әңгіме құрастыру, қыстың жағымды, жағымсыз құбылыстары туралы әңгімелеу.<br>*Көркем сөз.*<br>Ақ қар жауды,<br>Енді аппақ жер өңі<br>Қардан таулар<br>Көлеңкесін көреді.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Біз көңілді баламыз».**<br>Мақсаты: тез жүгіруге, | **Күн көзін бақылау.**<br>Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғы) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру.<br>Күн қысқарады. Күндіз күн ұясынан көтеріледі, кешке ұясына батады. Күн қысқа әрі суық. Көлеңке ұзарды.<br>*Көркем сөз.*<br>Батар күннің атар таңы бар.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Жұп болып эстафета ойынын жүргізу**<br>Мақсаты: шанамен сырғанақ тебу.<br>Балаларды бір-біріне эстафетаны беруге үйрету.<br>Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға ауа райының жағдайын бақылату. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді.<br>*Көркем сөз.*<br>Қыстың кенже баласы ақпанбысың,<br>Аспан астын ораған ақ қармысың.<br>Алай-түлей боранның, аязың да,<br>Әппағым-ау, аз-аздан шақтармысың?!<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Үшінші артық».**<br>Мақсаты: шапшандыққа баулу.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру.<br>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр жерге жауған нұр.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет).** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | "**Кімнің қолынан не келеді?" диалогтар ойыны.**<br>**Мақсаты**: балалардың "мамандық" ұғымын қалыптастыру; диалог пен монологтардың сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру; жұмбақ пен тақпақ, мақал жөнінде түсініктерді пысықтау; болымсыз етістік туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Бағдаршам".**<br>**Мақсаты:** балаларды лего құрастыру материалдарынан бағдаршамды құрастыруға үйрету; жол белгілерін ажырату, жолда жүру ережелері жайлы білімдерін бекіту; көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; бағдаршам және оның шығу тарихи, құрылымы жайлы ақпарат беру. | "**Етікшінің жаңа қос етігі".**<br>**Мақсаты**: балаларды қос етік сұлбасыларын қазақтың оюларымен безендіруге үйрету; етіктің қоншысына дөңгелек пішінді трафаретті басып, бастырылған дөңгелектің үстіне "мүйіз" оюын салу техникасын қалыптастыру.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Ұлттық ойын. Аударыспақ**<br>«Аударыспақ» ─ өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір- біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады.<br>**(физикалық,** | **"Аспаздың кесу тақталары".**<br>**Мақсаты:** балаларда "реттік сан" ұғымын қалыптастыру; геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Ойын-жаттығу**<br>"Мамандықтың бәрі жақсы".<br>Мақсаты: балаларды мамандықтар маңызымен таныстыра отырып, оларды ажыратып, атай білуге үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Абзал жан - дәрігер".**<br>**Мақсаты**: қағазбен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Ойын-жаттығу**<br>"**Мен дәрігер боламын".**<br>**Мақсаты**: балаларды "Мен дәрігер боламын" өлеңімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу және жатқа айтқызу; сахналау арқылы дәрігердің қимылдары мен сөздерін айтуға жаттықтыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын. Допты ұстап алу**<br>Жүргізушіден басқа балалардың бәрі шеңбер құрап тұрады. Балалар допты бір-біріне береді. Жүргізуші шеңбердің сыртында жүреді. Ол допқа қолының ұшын тигізуге тырысады. Егер қолын тигізсе, сол кезде допты ұстап тұрған ойыншымен орын алмасады. | "**Жануарлар емшісі (мал дәрігері)"**<br>**Мақсаты:** балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жануарлардың қысқы дайындықтары туралы түсінік беру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".**<br>Мақсаты: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **коммуникативтік іс-әрекет)** | | Ал, ойыншы шеңбердің сыртына шығады. Ойын қайталанады. **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол Дәрігер** Дәрігермін мен деймін, Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Кәрілікті жең деймін. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре Артикуляциялық жаттығу.** «Сағат» - тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. **(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік шығармашылық іс-әрекет)** | Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Совет Айсана, Мадияр Бекәлім Театрды сахналау.** "Екі аяз" ертегі желісін маскалармен сахнлау. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар".** Мақсаты: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 12-16 ақпан 2024 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".**<br>**Мақсаты:** жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | **"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>**(танымдық-зияткерлік,шығармашылық іс-әрекет)** | **«Көңіл-күйді анықтау»**<br>**Ойынның мақсаты:** мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Текшелермен ойын.**<br>Балаларға текшелер туралы тақпақты тыңдай отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, бағанға қалауға ынталандыру.<br>Қызыл, сары, көк текше,<br>Әрбіреуі ерекше.<br>Көлемдері бірдей,<br>Бір-бірінің үстіне.<br>**(шығармашылық, физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **«Қызықты лото».**<br>**Мақсаты:** логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты.**<br>Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге жаттықтыру; жиһаздары күтуге тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу кешені №2 (ақпан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Суретке қарап компьютер құрылғысы туралы, компьютермен қандай жұмыстар атқаруға болатыны туралы балалардың өздігінен әңгімелеулері.<br>**(коммуникативтік, әеуметтік-эмоционалды іс-әрекет )** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты: құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан оң қолымен (иық тұсынан) тік ұстап, нысанаға лақтыру (5-6 рет); биіктігі 40 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп өту (2-3 рет) және биіктігі 40 см арқаннан аттап жүруге (2-3 рет<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**)<br>**Музыка**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсаты: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты: балаларды ұсақ және алшақ адыммен жүру дағдыларын қалыптастыру; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеуге үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>"Ойыншық аспаптар".<br>Мақсаты: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>"Жүгірушілердің жарыстары".<br>Мақсаты: балаларды аяқтарын алшақ қойып секіруге; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру.<br>(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Қыстың негізгі белгілерін бақылау.**<br>**Мақсаты:** балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>Көркем сөз.<br>Аппақ, аппақ, ақшақар<br>Бірінұстапалайын ...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақшақар,<br>Қайданіздептабайын?<br>(Жақан Смаков)<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Аяз»**.<br>**Мақсаты**: тез жүгіруге жаттықтыру.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Өзен, көл, су тоғандарына саяхат. Мақсаты:** балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы өзгерістерімен таныстыру. Мұздың қасиетімен жете таныстыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Шортан мен табан балықтар».**<br>**Мақсаты:** тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қардың қасиетін бақылау.**<br>**Мақсаты.** Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын. «Ұстап ал».**<br>**Мақсаты**: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қардың түсуін бақылау.**<br>**Мақсаты**. Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары**<br>(учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.)<br>**Мақсаты:** Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады".** | **Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау.**<br>**Мақсаты:** өткен күндердегідей ауа райын бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. Күзде олар қандай болғанын еске түсіру.<br>*Тапсырма.*<br>«Ашық аспан» тақырыбында сурет салу. Қағаз түстерінің бояуын түстеп, бір бояудың үстіне екінші бояуды жаға отырып, түсін келтіруге үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойындар. «Соқыр теке».**<br>**Мақсаты:** шеңберде тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке үйрету, ойынның сөздерін дұрыс айтқызып жаттатқызу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Мақсаты.** Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. (**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | (**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Ұялы телефон жайлы ақпарат беру. Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Орталықтарға бөлініп балалардың дербес таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар жасату. Ұялы телефонды бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру (**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте техника құралы екенін түсіндіру. (**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға дегенұмтылыстықолдау. Еркін тақырыпта сурет салдырту (**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | Балалардың қалауы бойынша әрекет түрлерін таңдату. Құрастыру құралдарымен ормандар, жануарларды құрастырту. Ермексаз және түрлі түсті қағаздармен шығармашылық жұмыстарды орындату. (**шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | Балалар екі орталыққа бөлініп, бірі құрастыру материалдарымен Робот құрастыруына жағдай жасау. (**шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балаларға Тақпақтар айтқызу.** "Күміс қар" (Әли Ысқабаев) Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре Жаңылтпаштар жаттайық.** 1) Торта қойдым, Орта қойдым. Орта қойдым, Жорта қойдым. 2) Топ бала, топ бала, Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол «Суреттер құрастыру».** Мақсаты. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Байменде Раяна, Совет Айсана «Үй құрылысының ретін көрсет».** Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Балаларға Тақпақтар айтқызу.** "Күміс қар" (Әли Ысқабаев) Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Техника құралдары туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну. Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 19-23 ақпан 2024 жыл**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | «Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасы туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп».**<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>**Мақсаты:** балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету.**(әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | **«Спорт-лото».**<br>**Мақсаты:** балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **«Адалдық шеңбері»**<br>**Ойынның мақсаты:** балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Тақпақ жаттау**<br>**"Тазалықтың досы"**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолың жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің, маңдайың.<br>Тазалықтың досы -<br>Су дегенің осы.<br>Бай! Бай!<br>-Бұл бала<br>Қай бала? Қарашы Үстіне,<br>Өзіне<br>- Не түсті Көзіңе? Бет-ауыз<br>Кір айғыз.<br>А.Меңжанова<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын.**<br>**«Не артық?», «Спорт».**<br>**Мақсаты**: есте сақтау қабілеттерін дамыту, қызықтыру. Спорт атауларын бекіту.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **«Тек жақсы қасиеттерді ата»**<br>Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу кешені №2 (ақпан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Дені саудың – жаны сау" тақырыбында әңгімелесу.<br>"Спорт" түрлері туралы әңгімелесу.<br>**(коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты: гимнастикалық қабырғамен әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, қолдарын жіңішке тақтайшалардан ажыратпай, төртінші жіңішке тақтайшаға дейін өрмелеп, қайта түсу (2 рет өрмелеу); гимнастикалық орындықтың үстімен қолды белге қойып, бір аяқтың өкшесін екінші аяқтың ұшына қойып, жүру (2-3 рет) және 6 м қашықтыққа дейін алға жылжи отырып, аяқтан аяққа секіру (2-3 рет), 8 м қашықтықта жүріп келе жатып, допты (баскетбол вариантындағы үлкен диаметрдегі доп) соғуға жаттықтыру.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Қазақ тілі**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Музыка**<br>"Зырлайды шанамыз".<br>Мақсаты: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>"Қол мен аяқтарымыз шымыр".<br>Мақсаты: балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; таяқтың астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Музыка**<br>"Зырлайды шанамыз".<br>(қайталау)<br>Мақсаты: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>"Қанатпен тарту ойыны".<br>Мақсаты: балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру; таяқтың астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Ким шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **"Қырауды бақылау."**<br>Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Ақ қоян».**<br>Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.**<br>**Болжау.** Аязды күні қар жауса, күн жылынады.<br>Суықтан қорықпа, суық сумен жуын.<br>Мақал-мәтел,<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>**Байқау:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болатыны. Жабысқақ қардан аққала жасауғаыңғайлы екенін балаларға түсіндіру.<br>Ал аязды күндері қар | **Қардың тереңдігін бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар).<br>**Бақылау.** Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр | **Қарлы боранды бақылау.**<br>Мақсаты. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>**"Ұшақ".**<br>Мақсаты. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Өзіндік еркін ойын** | **Қардың жауғанын бақылау.**<br>Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей ұшады, жылырақ күндері қар ауырлау тартады,-қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Аңшы мен қояндар».** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **(әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік іс-әрекет)** **Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты:**Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** **Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде».** Мақсаты:Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **әрекеттері: "Келесі кім?"** Мақсаты. Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету. **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Мақсаты:** жылжымалы лақтырған нысанаға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстарын орындату. Төрт түлікке құрастыру құралдарынан қора жасату. Төр түлікті төлдерімен жапсырту, суретін салдырту, мүсінін жасату. **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруды пысықтау Көктем мен қыс мезгілдері бейнеленген суреттерді қарату салыстыруды үйрету Балаларды түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. **(әлеуметтік-эмоционалды,** | Тәулік бөліктері (таңертең,күндіз,кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасату. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттарымен (тостаған, ожау, астау,) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуіне жағдай жасау. **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық, іс-әрекет)** | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарау, әңгімелесу **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалармен:**<br>**Театрды сахналау.**<br>«Күшік пен мысық» ертегісін сахналау.<br>Балалармен бірге ертегі қойылымын қуыршақ театры арқылы ойнап көрсету және үй жануарларын қорғай білуге үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Төрежан Жантөре**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>«Қайсысы қайда орналасқан?»<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлау. Оң жақты және сол жақты ажырату.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>**"Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып беру іскерліктерін жетілдіру.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Баймende Раяна**<br>**"Ненің құйрығы?"**<br>Мақсаты. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық, іс-әрекет)** | **Балалармен**<br>**Шешуін тап та, ата!**<br>Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетіп, онда бейнеленген заттар мен жануарларды атауды сұрайды. Содан соң осы суреттерді кез келген реттілікпен фланелеграфқа бекітеді де, балаларға сұрақтар қоя бастайды. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, фланелеграфтан қажетті суретті табуы және онда бейнеленген заттарды атауы тиіс.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Көктем мезгіліне дайындық туралы әңгімелесуді ұсыну.<br>Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау.<br>Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

***Жоспардың құрылу кезеңі*** 26-01 наурыз 2024 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | «Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** **Мақсаты:** жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | **"Түлкі мен қырғауыл".** **Мақсаты**: балаларды "Түлкі мен қырғауыл" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. (**физикалық, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсаты: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Ертегі желісінің сюжетті суреттерін бояу. (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **«Ата-аналарға қамқорлық жасау»** **Мақсаты**: елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. **(әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын «Ғажайып кітап».** **Мақсаты**: баланың сөздік қорын ертегілердің атауларын білдіретін сөздермен байыту. **(шығармашылық , коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Лото" үстел ойыны.** **Мақсаты**: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. **(танымдық-зияткерлік , коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Ән салып, құс келді".** **Мақсаты**: балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, олардың көктемдегі мінез-құлқында болатын өзгерістермен таныстыру; жыл құстарының белгілері мен ерекшеліктерін ажыратып, атай білуге үйрету. **(әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу кешені №2 (ақпан айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем жаршысы - құстар тақырыбында әңгімелесу. Аналар мейрамдары туралы әңгімелесу. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-** | Көктемнің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | Көктемнің суретіне қарап әңгімелесу. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | Көктем туралы тақпақтар жаттау. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | Көктем туралы ән айту. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекет) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты**: балаларды сапта бірінің артынан бірі бір бағытта жүру және жүгіруге жаттықтыру; педагогтің белгісі бойынша жүріп және жүгіріп келе жатып, басқа бағытқа ауысуға дағдыландыру; жүріп келе жатып, қолға арналған жаттығуларды жасауға және шашырап жүгіруге үйрету. **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Қазақ тілі**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Музыка**<br>**"Анаға сәлем".**<br>**Мақсаты**: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты: балаларды "жыланша" ирелеңдеп жүру; аяқты алшақ қойып, біреуін - алға, екіншісін - артқа қойып, бір орында тұрып секіруге үйрету. **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Музыка**<br>"Анаға сәлем". (пысықтау)<br>Мақсаты: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты: балаларды заттарды алысқа дәлдеп оң қолымен лақтыруға (3,5-6,5 метрден кем емес) үйрету. **(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Қардың алғашқы еруін бақылау.** Тақпақ."Көктем".<br>Көкке бояп өңірді,<br>Көктем келді көңілді.<br>Бау-бақшада, орманда<br>Құстар әні төгілді.<br>**Бақылау.** Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерден қар бірдей еріп кетпейді? (ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің қарлары тез еритіндігі туралы балаларға | **Күннің көзін бақылаймыз.**<br>Жұмбақ.<br>Жұрттың бәрі соны сүйеді,<br>Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі)<br>**Бақылау.**<br>Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.<br>Қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру, салыстыру, шешімін | **Мұз сүңгісін бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (мұз)<br>**Бақылау.** Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару. Көшеде жүру ережелерін пысықтау (мұз сүңгілері бар үйлердің жанында жүрме).<br>**Тәжірибе:** мұз сүңгісін қолда ұстау, бақылау, түрін, түсін анықтау. | **Желді бақылау.** Жұмбақ.<br>Көзіне көрінбейді,<br>Қолына ілінбейді.<br>Бірақ та, құлағына,<br>Ұдайы күбірлейді. (Жел)<br>**Бақылау.** Ауа райы жағдайы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Түрлі-** | **Аспанды бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Орманның, таудың үстінен<br>Ірі кілем төселген<br>Менің де, сенің де<br>Үстіңнен жайылған<br>Бірде сұр, бірде көк,<br>Бірде көгілдір. (Аспан)<br>**Бақылау.**<br>Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру. Байқампаздықты дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Жүгір-отыр-жүгір!»**<br>Мақсаты:Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру.<br>Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | жасау.<br>**(танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Күн мен түн».**<br>**Мақсаты:**Рөлдерде ойнағанда өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | Қорытынды: мұз сүңгі - бұл қатқан су, күн жылы болғанда ериді.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Қоймадағы тышқандар».**<br>**Мақсаты:**Өрмелеу тәсілдерін орындау білімін бекіту. Ойынның ережесін сақтау. Белгі бойынша ұйымдасқан түрде ойнау.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **түсті автокөліктер».**<br>**Мақсаты:** Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік коммуникативтік іс-әрекет)** | ашық аспан,ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Қоңырау».**<br>Мақсаты:Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойымен қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру). Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Көктемгі ғажайыптар. Геометриялық денелер мен геометриялық пішіндер".<br>Мақсаты: балаларды геометриялық денелермен таныстыру; геометриялық денелер және геометриялық пішіндерге ортақ ұқсастық, айырмашылық туралы негізгі ұғымдар беру.<br>**(танымдық-зияткерлік , коммуникативтік іс-әрекет)** | "Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-у] дыбысы. "Тырналар жыры" әңгімесін оқу."<br>Мақсаты: балаларды дауыссыз [У] дыбысымен таныстыру; аналар мерекесі жөнінде мағлұматтарды тиянақтау; жыл құстары, тырналардың тіршілігі жөнінде білім беру; "туған жер", "мекендеу орны" ұғымының адам мен аң-құстарға тән құбылыс екенін түсіндіру.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | "Дос болайық, көбелек"<br>Мақсаты: балаларды үлгі бойынша есептеу таяқшаларынан көбелектерді құрастыруға үйрету.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | "Құмыраға салынған гүлдер".<br>Мақсаты: балалардың вазадағы гүлдер композициясын салу техникасына үйрету; гүлдердің бастарын қылқалам алқылы жақпалап салу, вазаны жарты шеңбер тәрізді етіп, қағаз бетінде бейнелердің үйлесімдігін сақтауға талпындырту.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | "Аққуды мүсіндейміз".<br>Мақсаты: балаларды ермексаздан кесек үзіп, домалату, есу арқылы аққуды мүсіндеуге үйрету.<br><br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалармен Жаңылтпаштар жаттау.** | **Төрежан Жантөре Түрлі-түсті** | **Балалармен Мақал-мәтелдер жаттау.** | **Мадияр Бекәлім, Бейсек Айсана,** | **Төрежан Жантөре "Сюжетті суреттер** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үміт түбіт түтті,<br>Түбітті түтіп бітті.<br>Оюға ою өрнектеп,<br>Үйрет өстіп қолды ептеп.<br><br>Құлық таудан,<br>Құлық бие көрдім.<br>Қуанғаным — құлындапты.<br>Құлық таудың қойнауындағы<br>Қорқауларға ұрынбапты.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **моншақтарды тізбектеу.**<br>Мақсаты: ойындар арқылы балалардың білім және біліктерін қалыптастыру. Моншақтарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету. Ойындар арқылы баланың қызығушылығын туғызу және моншақтардың түсін, көлемін, пішінін тану арқылы ақыл-ой белсенділігін арттыру. Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын дамыту.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | Ананың сүті – бал,<br>Баланың тілі – бал.<br><br>Әдепті бала – арлы бала,<br>Әдепсіз бала – сорлы бала.<br>Әдептілік белгісі –иіліп сәлем бергені.<br><br>Бала –көңілдің гүлі, көздің нұры.<br>Әкені көріп ұл өсер,<br>Ананы көріп қыз өсер.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Думан Сара**<br>**"Құстар келді" тақпағын жаттау.**<br>Биікке, биікке<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>**(шығармашылық, физикалық іс-әрекет)** | **қарастыру.**<br>Мақсаты. "Қазақ халқы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | «Отбасылық салт-дәстүр» атты тақырыпта әңгімелесу. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. | «Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру». | «Абайла! Төбедегі мұз». |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 04-07 наурыз 2024 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | Жоба "Әсем гүлдер". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".*** <br> **Мақсаты:** жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажетіггі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. <br> **(әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | **"Таза бұлақ".** <br> **Мақсаты**: балаларды "Таза бұлақ" әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. <br> **(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Судың қасиеті".** <br> **Мақсаты**: балалардың су туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, тәжірибе арқылы судың қасиеттерімен таныстыру; суға арналған көркем сөздер арқылы сөздік қорын молайту. <br> **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.** <br> **Мақсаты:** қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. <br> **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Таза су".** <br> **Мақсаты**: балалардың судың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейте отырып, судың көктемдегі пайда болатын ерекшеліктерімен және өзгерістерімен таныстыру; көктемгі табиғаттың белгілері мен сұлулығын ажыратып, атай білуге үйрету. <br> **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Танертеңгі жаттығу кешені №1 (наурыз айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Жылғалардан су ақты" тақырыбында әңгімелесу. <br> **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | "Көктем" туралы тақпақтар, әндер жаттау. <br> **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | Табиғи апаттар, қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. <br> **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | Көктем мезгілінің тақырыптарына байланысты дидактикалық ойындар ойнау. <br> **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>"Қапшаларды нысанаға лақтыру".<br>Мақсаты: педагогтің белгі беруі бойынша шеңбердегі бағытты өзгертіп, кубиктердің арасымен шашырап жүру және жүгіруге үйрету.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | **Қазақ тілі**<br>( педагог жоспары бойынша)<br>**Музыка**<br>"Әніміз сыйлық болсын".<br>Мақсаты: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Музыка**<br>"Нұрлы көктем".<br>Мақсаты: балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға дағдыландыру.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>"Қақпашы бола аламыз ба?"<br>Мақсаты: балаларды сапта бір-бірден бытырап жүру; затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру; тепе-теңдікті сақтап тақтаймен жүруге үйрету.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік,физикалық іс-әрекет)** | |
| **Серуенгедайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Ауа райын бақылау**<br>Жұмбақ.<br>Тырсылдап түседі,<br>Жер бетіне жетеді,<br>Жер бетіне жеткен соң,<br>Ғайып болып кетеді.<br>(Бұршақты жаңбыр)<br>Тақпақ.<br>«Жаз келеді».<br>Үйін тіккен жасылдан,<br>Үсті-басы асыл дән.<br>Жаз келеді жайраңдап,<br>Жарық жүзі-сайран бақ<br>**Бақылау.** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету ( күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Құлыншақтар».** | **Аулада тазартушының еңбегін бақылау.** Тақпақ.<br>Еңбек сүйсең, жасыңнан,<br>Бақыттысың, жас ұлан –<br>Дейді атам ылғи да,<br>Сипап менің басымнан.<br>**Бақылау.** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек іс-әрекеттерін көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу, көмектесуге ынталандыру.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір».**<br>Мақсаты:Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету. | **Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек).**<br>Жұмбақ.<br>Ақ көйлекті, көк желек,<br>Орманда орны бір бөлек.<br>Әннің аты деседі,<br>Сызды жерде өседі.<br>(Қайың)<br>**Бақылау.** Ауладағы ағаштарды қарап шығу. Барлық ағаштардың бұтақтарында бүршік бар және олар әр түрлі екендігіне назар аудру. Ағаштың бұтағы мен діңдерін салыстыру. Ағашты қастерлеуге, күте білуге тәрбиелеу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Кім бірінші жүгіріп келеді».**<br>**Мақсаты:**Балаларды тез және белгі бойынша жүгіруге үйрету. Кедергі жасамай өзінің орнына | **Тамшыны бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Мұрны жоқ шымшық,<br>Мұз тесер.(Тамшы)<br>Бақылау.<br>Көктем құбылыстары.<br>Тамшыға назар аударып бақылау. Балалардың сөздік қорларын байыту. Көктемге байланысты айтылатиын «күн қыздырады», «төбеде қар ериді» деген түсініктермен таныстыру.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Кім жоғары секіреді».**<br>**Мақсаты:**Бір орында секіру, қимыл-қозғалыстың шапшаңдығын арттыру. Жолдастық сезімдерін арттыру.<br><br>**(коммуникативтік,** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты:Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру. **(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | қайтып келіп тұру, есте сақтау қабілетін дамыту. **(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | **физикалық іс-әрекет)** | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Торғай ұшып келеді". Мақсаты**: балаларды ұшып жүрген құстардың бейнелерін салу техникасына үйрету; доғалы сызықтың бойына құстың басын, денесін, құйрығын салып, қанаттар мен тұмсығы деталдерімен толықтыру білігін арттыру. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br><br>**Сюжеттті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар". Мақсаты:** балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды** | **"Көктем туралы тақпақты жаттау". Мақсаты**: балалардың "тақпақ" ұғымын қалыптастыруды жалғастыру, көктем туралы көркем сөз үлгісімен таныстыру; көктемді сипаттайтын көркемдеуіш сөздердің мағынасын түсіндіру. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта" Мақсаты**: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу. **(коммуникативтік, шығармашылық** | **"Тамшыларды қалай санаймыз?" Мақсаты**: балаларда дыбыстарды естіп алып, жиынын белгілі санмен немесе эквивалентімен сәйкестеу туралы ұғымдар қалытастыру. **(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет) Сюжетті-рөлдік ойын "Театр". Мақсаты**: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу | **"Көктем белгісі - бәйшешек". Мақсаты**: балаларды мақта табақшаларын екіге бүктеп, шыққан жарты шеңбердің үстіңгі жағынан ортасына қарай қайшымен сопағынан қию арқылы бәйшешек гүлінің басын дайын жазық қағаз бетінде орналасқан сабақтардың үстіне жапсыруға үйрету. **(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет) Сюжетті-рөлдік ойын"Пиццерия". Мақсаты**: өз бетінше рөлдерді бөлу және рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ойын барысында қоршаған өмір жайлы білімдерін кеңінен қолдануға жетелеу. **(коммуникативтік,** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **іс-әрекет)** | **әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | мәнерін дамыту. **(коммуникативтік, шығармашылық әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **шығармашылық әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Балалармен**<br>**Саусақ жаттығулары**<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>(шеңбер құрады)<br>Уықтары шаншылар.<br>(қолдарын жоғары созады)<br>Керегелер керіліп,<br>(қолдарын жандарына созып, үлкен шеңбер жасайды)<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып<br>(шеңбер бойымен айналады)<br>Киіз үй боп көрінер.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".**<br>«Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады.<br>Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады.<br>**(шығармашылық әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Совет Айсана Ырысхан Ұлжан**<br>**«Мозаика».**<br>**Мақсаты**<br>Балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(шығармашылық танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Ата-аналарға арналған 6 кеңес. | Жоба "Әсем гүлдер". | Психолог кеңесі.<br>"Бала тілін қалай дамытамыз?" | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 11-15 наурыз 2024 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br>Мақсаты: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. **(әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | **«Салт-дәстүр» тақырыбында фото суреттер қарастыру.**<br>Суреттер бойынша әңгімелесу.<br>**(коммуникативтік,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын "Сандықтағы қазына".**<br>**Мақсаты:** балалардың зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.**<br>**Мақсаты**: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | **Ұлттық ойын. Бес тас**<br>«Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады.<br>Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.<br>Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші | **"Өрнек құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты**: эстетикалық талғамдарын, қағаз бетінде бағдарлауын дамыту.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.<br>Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу кешені №1(наурыз айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Шаттық шеңбері**<br>**Мақсаты:** Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | «Салт-дәстүрлер» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(шығармашылық әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Шаттық шеңбері**<br>**Мақсаты** Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | Фольклор туралы әңгімелесу.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты: балаларды доғаның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | **Қазақ тілі**<br>(педагог жоспары бойынша)<br>**Музыка**<br>"Бесік жыры".<br>Мақсаты: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты: балаларды бубеннің жиі дыбысына қысқа, кібіртік адымдарды жасауға және бубеннің сирек дыбысына кең адымдарды жасауға үйрету.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Музыка**<br>"Әжеміздің әні тамаша".<br>Мақсаты: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты: балаларды бытырап жүргіру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру; гимнастикалық орындық арқылы еңбектеп өтуге үйрету.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң қутыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Бірінші будақ бұлттарды бақылау.** Жұмбақ. | **Қарды, қар түсуін бақылау.** | **Қар суын бақылау.** Жұмбақ. | **Көктемдегі құбылыстарды бақылау.** | **Күннің шұғыласын бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ, жетеді,<br>Ауызы жоқ ұлиды. (Жел)<br>**Бақылау.** Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен».**<br>**Мақсаты:**Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | Жұмбақ.<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады. (қар)<br>Өлең.<br>Көктен тартып күн нұрын,<br>Жерден тартып жылылық.<br>Әнін тыңдап бұлбұлдың,<br>Қызғалдақтар тұр күліп.<br>**Бақылау.** Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын үстінде мұз қабаты пайда болып, оның астында боз қар болатынына; қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Таспаны ұстап ал».**<br>Мақсаты: Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | Жатты да жатты,<br>Жылғаға жаратты.<br>(Қардың еруі)<br>**Бақылау.**<br>Қар қалындығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. "Горелки" (орыс халқының ойыны).**<br>Мақсаты:Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | Жұмбақ.<br>Жылт-жылт еткен.<br>Жырадан өткен. (су)<br>**Бақылау.** Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Қармақ».**<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | Жұмбақ.<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен дүрлер шашылды<br>(Күнннің көзі)<br>**Бақылау.**<br>Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Ақсақ түлкі»**<br>**Мақсаты:**Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету.<br>**(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқа рау және тағы басқаәрекеттер)** | **"Тұмарша".**<br>**Мақсаты**: балаларды қағаздың бетіне тұмарша үшбұрышын салып, сұлбасы іші мен сыртын қазақтың белгілі ою элементтерімен безендіру тәртібіне үйрету; "ирек", "мүйіз" ою элементтерінің салу техникасын ұштау; тұмаршаны қосымша бөлшектер, шашақтармен толықтыруға бейімдеу.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. | **"Үй жиһаздары".**<br>**Мақсаты**: балаларды құрамында: тақтайша, білеу, текше бар құрылыс материалдар жинағынан үй жиһаздарын құрастыруға үйрету.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**«Арқан тартыс» дидактикалық ойыны.**<br>«Арқан тартыс» ойынының негізгі шарты 2 топтың сынасуы болса, қазақ тілі сабағында 2 топ білім сынасады.<br>Мұны былай жасадым: жуандығы 2 елідей ұзын жіпті тақтаның жоғарғы жағына 2 шегеге іліп, ұштарын теңестіріп қоямын. 2 топтан бір оқушыдан шығып, бір мезгілде мақал-мәтелдерді тоқтамай айтып шығады. Қай топтың оқушысы бұрын шығарса, жіптің ұшын өзіне қарай тартады. Нәтижесінде арқан қай топқа қарай көп жылжыса сол жеңеді деп есептеледі. Бұл ойынды барлық пәндерге қолдануға болады.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Жеті ата тақпағын мәнерлеп оқу".**<br>**Мақсаты:** балаларды халықтың дәстүрі, жеті ата туралы тақпақпен таныстыру, "жеті ата шежіресі" ұғымын түсіндіру; туыстық жөнінде түсініктер аясын кеңейту; сөйлеудің монолог және диалог мысалыдарын көрсету.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**"Бәйшешек".**<br>**Мақсаты**: балалардың бәйшешек туралы түсініктерін кеңейту; көктемде пайда болатын бәйшешектің ерекшеліктерімен таныстыру; наурыз айындағы көктемгі табиғаттың белгілерін ажыратып, атай білуге үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Алдар Көсенің мерекелік сыйлары".**<br>**Мақсаты**: балалардың сілтеуіш арқылы қатарда орналасқан геометриялық пішіндерді санап, жиынын асық эквивалентімен және санмен сәйкестеу туралы ұғымдарын жетілдіру.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**"Ұлттық әшекейлер".**<br>**Мақсаты**: қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарымен таныстыру; тұзды қамырдан мүсіндеуге және бұйымдарды қосымша бөлшектермен безендіруге, өрнекті қырнауыштың көмегімен бедерлер түсіру арқылы толықтыруға үйрету.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **"Баланы қырқынан шығару".**<br>**Мақсаты**: балаларды "Баланы қырқынан шығару" рәсімімен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br><br>**Ұлттық ойыны. Сиқырлы таяқ**<br>Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардыңсаны көп болса, ойын қызықты өтеді.<br>**(физикалық,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | **коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол "Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. **(Танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Балалармен Саусақ жаттығуы.** Дөңгеленіп тұрайық, (шеңбер құрайды) Керегені құрайық. (қолдарын жандарына созып бір-бірінің арқаларына қояды) Уықтар боп иіліп, (қолдарын жоғары созып, сәл иіледі) Киіз үйді құрайық (қолдарына жанына созып, шеңбер бойымен айналады) **(коммуникативтік,шығармашылық іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол Жаңылтпаштар жаттау.** Арқада алты арқар бар, Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Думан Сара "Наурыз" өлеңің жаттау.** Қарды еритіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз, Тәтті болып жасалған, Наурыз дәмін татамыз. Б.Жақып **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Артикуляциялық жаттығу "Дәмді тосап".** Мақсаты: тілдің жалпақ ұшын жоғары көтеріп, тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту». | Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу. | Мектепке дейінгі баланың жан-жақты дамуындағы театрлық іс-әрекет. | «Әкем, анам және мен – біз тату отбасымыз» жоба. | Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру. |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 18-20 наурыз 2024 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау(**коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | Кеңес. "Саусақ жаттығулары".<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".**<br>Мақсаты: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | **«Менің көңіл-күйім»**<br>Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Киіз басу" рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **«Біреуі артық» дидактикалық ойын**<br>Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету.<br>**(коммуникативтік, танымдық зияткерлік іс-ірекет)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығу кешені №2 ( наурыз айына арналған)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер**<br>Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуен жазбасын қосуға болады.<br>Неткен сұлу көктем шақ!<br>Көгалда өскен бақбақ.<br>Сары түс мұнда көп екен,<br>Күннің көзі – нұр көктем.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Дала гүлге оранады,<br>Түрлі түске боянады,<br>Нұрлы көктем келген кезде<br>Табиғат та оянады.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды іс-әрекет)** | **Жылулық шеңбері**<br>«Біздің көңілді топ»<br>Мақсаты:балалар шеңберге тұрып өздерінің көңіл-күйлерімен бір-бірімен бөліседі.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды іс-әрекет)** | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **«Теңін тап»**<br>Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **«Дүкенші»**<br>Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалды іс-әрекет)** | **«Кім шапшаң»**<br>Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады<br>**(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау.**<br>**Мақсаты:** ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн** | **Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік".**<br>**Мақсаты**: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары".**<br>**Мақсаты:** физикалық қасиеттерін, ептілігін, | **«Кім,қайда өмір сүреді»**<br>**Мақсаты**: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **мен түн".**<br>Мақсаты: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқа рау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дербес ойын «Мозайка»**<br>Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **«Аңшылар мен қояндар» қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>**Мақсаты.** Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина**<br>**"Көңілді сан" ойын жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** тура және кері санауды дамыту, кезкелген ұсынылған цифрден санай бастауды меңгерту.<br>**(танымдық-зияткерлік, физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>Суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру.<br>**(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

***Жоспардың құрылу кезеңі*** 25-29 наурыз 2024 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсаты: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңдерді орап, шүберекті сулаңыз және құрғатып сығыңыз, ластанған кезде оны сумен шайыңыз. **(әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| | "Өнер алды - қызыл тіл". **Мақсаты:** балаларды жаңылтпаштармен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып музыкалық аспаптар".** **Мақсаты:** балаларды тыңдау, ән салу қабілетін дамыту. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Қазақ ою-өрнектерінің орнын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты.** Балаларға қазақтың ою-өрнектерін ажыратып, кез келген кескіннің (тақия, етік, ыдыс, белдік, кілемше) бетіне дұрыс таңдап, орналастырып, безендіруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту, қазақ ұлттық қолөнеріне қызығушылықты арттыру. **(коммуникативтік,** | **Үстел үсті ойыны. "Дойбы".** **Мақсаты:** балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. **(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Оюлы текемет". **Мақсаты:** балаларды дайын тіктөртбұрыш, қошқар мүйіз дайындамасын қағаз бетіне оюлы текемет бейнесін құрастырып, желімнің көмегімен текеметтің сол жағына, ортасына және оң жағына оюды жапсыруға үйрету. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **шығармашылық іс-әрекет)** | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу кешені №2 ( наурыз айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | "Өнер көзі - халықта" тақырыбында әңгімелесу. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | Өнер туралы тақпақтар жаттау, өнерлерін көрсету. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | Өнерлі, атақты тұлғалар жайлы әңгімелесу. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | "Өнерлі өрге жүзер" тақырыбында әңгімелесу. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** **Мақсаты**: құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан бір қолымен төменнен көлденең лақтыру (5-6 рет); таяқтың (арқаншаның) астынан оң және сол жағымен еңбектеп шығуды (6 рет) және үрілген доптардың арасымен аяқтың ұшымен жүруге үйрету. **( физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Қазақ тілі** ( педагог жоспары бойынша) **Музыка** "Домбыра". **Мақсаты:** балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру. **( шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру** **Мақсаты:** балаларды жұппен түрлі бағытта жүгіру; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыруға ( 3,5–6,5 метрден кем емес) үйрету. **( физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Музыка** **"Домбыра". (пысықтау)** **Мақсаты:** балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру. **( шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру** **"Топқа ұпай жинайық".** **Мақсаты**: балаларды жетекшінің ауысуымен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету. **( танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Бұтақтардың бүршіктенуін бақылау.** Тақпақ. Көк орманда көп ағаш, Өскен жақсы аралас. Ең әдемі меніңше, Құс ұясы бар ағаш. **Бақылау.** Балалармен бүршіктерді бақылау. Балаларға ісініп бүр жарып тұрған бүрден жапырақтар шығып келе жатқанын көрсету. Күн жылынғанда | **Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау.** Тақпақ. Көк орманда көп ағаш. Өскен жақсы аралас. Ең әдемі меніңше Құс ұясы бар ағаш. **Бақылау.** Балалардың назарын ақ қайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын | **Ағаштардың гүлденуін бақылау.** Жұмбақтар. Жаз болса жайнап, Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. Бұл не? (Ағаш) Жазда жатсаң – көлеңкесіне алады, Қыста жатсаң – жаның рахат табады. (Ағаш) **Бақылау.** Ағаштар бүр | **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша).** Жұмбақ. Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ... (Ағаш) Тақпақ. Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. | **Теректі бақылау.** Тақпақ. Гүлдерге толы ауламыз, Біз өсеміз, толамыз. Бәріміз де ер жетіп, Үлкен жігіт боламыз. **Бақылау.** Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу. **( әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ағаштардың бүршіктеріісінеді, содан жапырақтар пайда болатынын түсіндіру **Тәжірибе.** Құмырадағы бұтақ жылы жерде тез бүршік жарады. **( әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік іс-әрекет)** **Қимылды ойын. «Лақтырып қағып ал».** Мақсаты: Ептілікті, шапшаңдықты ,тапқырлықты талап ету. **(физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | атап өту. Бұл жағдай көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. **( әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік іс-әрекет)** **Қимылды ойын. «Орман дақтары».** Мақсаты:Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ойын шарты бойынша. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен ұстасып тұрған баланы қозғауға болмайтынын айту. Ойынға деген қызығушылықты арттыру. **(физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | жарды, одан кейін жапырақ шықты, кейін гүлдеді. Басқа гүлдеген ағаштардың гүлімен салыстыру. Балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу арқылы олардың әдемілігіне сүйсіндіру. **( әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік іс-әрекет)** **Қимылды ойын. «Домалақты жерге түсіріп алма».** Мақсаты:Берілген дыбыс бойынша қасықты қолына алады. Қасыққа кішкентай домалақ шарды салып түсірмей берілген жерге жеткізу, ептілікке баулу. **(физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Бақылау.** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **( әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік іс-әрекет)** **Қимылды ойын. «Жіпті көтеру».** Мақсаты: Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. **(физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Қимылды ойын. «Түйілген орамал». Мақсаты:** Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету. **(физикалық,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқа рау және тағы басқаәрекеттер)** | **"Дастарханды жаяйық дидактикалық ойыны". Мақсаты**: балалардың қонақты қарсы алу, дастарханды жаю дәстүрі туралы ұғымдарын жетілдеру, кеңейту; наурыз көженінің азықтық құрамымен таныстыру, дәстүрлі ұлттық тағам атауларын, олардың жасалу | **"Жиһазға арналған қалың және жұқа тақтайшалар". Мақсаты**: балалардың заттардың қалыңдығы туралы білімдерін кеңейту, "ең қалың", "жұқалау", "ең жұқа" ұғымдарын жетілдіру. **(шығармашылық,әлеуметтік-эмоционалды іс-** | **"Кебежені безендіру". Мақсаты**: балаларды кебеже сұлбасын қазақтың оюларының элементтерімен безендіруге үйрету; тіктөртбұрышты ортасына "тышқан ізін", бұрыштарына "балтаны", шеттеріне "ботакөзді" салу және орналастыру | **"Төлдер". Мақсаты**: төрт түліктің төлдерін бір-бірінен ажыратып, атай білуге үйрету. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** **Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата".** Бір үстелде отырған | **«Бестас»** - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | негіздері жөнінде білімдерін тиянақтау.<br>**(коммуникативтік ,әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)**<br>**Ұлттық ойын. Ақсүйек**<br>Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **әрекет)**<br>"**Шеберлер елі".**<br>**Мақсаты**: балаларды ою-өрнек түрлерімен таныстыра отырып, ою-өрнек жөніндегі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | техникасын қалыптастыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Қыз қуу" ұлттық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуды жалғастыру; ережелерді өз бетінше орындауға үйрету, ұлттық ойындарға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** | **Ералиева Альбина**<br>**«Қолымда не бар?» ойыны.**<br>**Мақсаты.** | **Казенбай Нұрбол**<br>**«Ұзын-қысқа»**<br>Мақсаты: заттарды | **«Суреттің екінші бөлігін сал»**<br>**Мақсаты:** Балалардың | **Балалармен**<br>**"Көңілді сан" ойын жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты.** Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | Мынадай ұғымдарды пысықтау: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші, оң - сол; кеңістік түсінікті пысықтау, қимылды, түсіну сезімдерін дамыту. **(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | салыстыру, қысқасын табу, ұзынын атау **(коммуникативтік, танымдық- зияткерлік іс-әрекет)** | логикасын дамыту. **(коммуникативтік, танымдық зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Мақсаты:** тура және кері санауды дамыту, кезкелген ұсынылған цифрден санай бастауды меңгерту. **(коммуникативтік, танымдық- зияткерлік, физикалық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | «Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау. | Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу. | Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу. | "Үйде демалысты қалай өткізу керек" әңгімелесу. | Жоба қорытындысын шығарып, ата-аналарға нәтижесін хабарлау. |

**Тексерілді М.М.Усенбева**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 01-05 сәуір 202 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы мейірімге бөлеп, амандасу дағдыларын жетілдіру.Бүгінгі көңіл күйі мен денсаулығы туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге мумкіндік беру. Арнайы жерге төселген секіру ойын кілемшесі арқылы ойнап, топқа өтуіне жағдай жасау. **(әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | Ата- аналарға осы айда болатын мерекелік ертеңгіліктермен іс шаралар туралы ақпарттар беріп, бірлесе атқаратын жұмыстарды талқылау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Өнер орталығында көктем мезгілі туралы шығармашылық жұмыс жасай дамыту **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>«Асан мен Үсен» ертегісін оқып бере отырып достық байланыс, кейіпкерлердің мінез-құлықын сипаттай алады**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Танертенгі жаттығу кешені №1 (сәуір айына арнгалған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері<br>Аспан ашық көгілдір<br>Күн шуағын төгіп тұр<br>Қол ұстасқан біздерге<br>Терезеден қарап тұр.<br>Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу.<br>Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы және жергілікті су шараларын жүргізуді жалғастыру<br>( **физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**«Тез орныңа бар»**<br>**Мақсаты:**Балаларды едендегі шаршыларға тұрып үйрету<br>( **физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Қазақ тілі**<br>( педагог жоспары бойынша)<br>**Музыка**<br>Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу<br>( **шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**«Тында да айт»**<br>**Мақсаты:** айналадағы заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту қабілетін дамыту. кілттер.<br>**(Коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>Заттарды алысқа дәлдеп лақтыру ( 3,5-6,5 метрден кем емес)<br>( **физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Көжектер»**<br>**Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау.<br>( **шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Кім көп тас жинайды?**<br>**Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Дене шынықтыру**<br>затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) 1,5-2 м арақашықтықтан және көлденеңінен ( 2-2,5 м арақашықтықта) оң, сол қолмен лақтыру<br>( **физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Ойын:**«Көңілді балақайлар» Ойын арқылы:Түрлі бағытта жүгіру,қатарда бір –бірден сапқа тұруға қызығушылықтарын арттыру.<br>(**физикалық, танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет**) |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік".**<br>Мақсаты: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары".**<br>**Мақсаты:** физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту.<br>**(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | **Теректің бүршігін бақылау.**<br>Мақсаты: учаскедегі ағаштармен танысуды жалғастыру; бүршік жапырақтың үйі деген түсінік қалыптастыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жол бойымен жылдам жүгіреді?"**<br>**Мақсаты:** ұшу кезінде жақсы секіру техникасына | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау.**<br>Мақсаты: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:**<br>**"Күн мен түн".**<br>**Мақсаты:** қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту. | **Көктем кезіндегі аспанды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:**<br>"Біз көңілді балалармыз".<br>**Мақсаты**: ойын | **Құрылыс жабдықтарын бақылау.**<br>Мақсаты: құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі технологияның рөлі туралы, құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту; ересектердің еңбегіне құрмет сезімін дамыту.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Ормандағы аю", **Мақсаты:** белгі бойынша жылдам қозғалу қабілетін бекіту; қозғалысты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қол жеткізу. **(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)** | **(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)** | ережелерін бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту. **(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | жақсарту. **(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқа рау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Аппақ гүлдер» Мақсаты:** Қарапайым үйлесімдік сақтай отырып гулдің пішінің мүсіндей біледі **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | **«Көктемгі жауын»** Мақаты: қоршаған ортадағы өзгерістерді байқайды **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | **«Көлеңкесін тап»** Мақсаты: Саңырауқұлақтарды таниды және атайды **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | «Мен айтамын, сен жалғастыр» **Мақсаты:** Сурет сериялдарын көрсете отырып, бір суретті айтады балалар қалған суреттерде не бейнеленгенін табады. **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | «Қаншалықты артық» **Мақсаты:** Затты бір – бірімен салыстыра отырып, қанша артық екенін айту. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол Жаңылтпаштар жаттау.**<br>Үміт түбіт түтті,<br>Түбітті түтіп бітті.<br>Оюға ою өрнектеп,<br>Үйрет өстіп қолды ептеп.<br>Құлық таудан,<br>Құлық бие көрдім.<br>Қуанғаным — құлындапты.<br>Құлық таудың қойнауындағы<br>Қорқауларға ұрынбапты.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Ералиева АльбинаТүрлі-түсті моншақтарды тізбектеу.**<br>Мақсаты: ойындар арқылы балалардың білім және біліктерін қалыптастыру. Моншақтарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету. **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | **Балалармен Мақал-мәтелдер жаттау.**<br>Ананың сүті – бал,<br>Баланың тілі – бал.<br><br>Әдепті бала – арлы бала,<br>Әдепсіз бала – сорлы бала.<br>Әдептілік белгісі –иіліп сәлем бергені.<br><br>Бала –көңілдің гүлі, көздің нұры.<br>Әкені көріп ұл өсер,<br>Ананы көріп қыз өсер.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік ,шығармашылық іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол "Құстар келді" тақпағын жаттау.**<br>Биікке, биікке<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина"Сюжетті суреттер қарастыру. Мақсаты.** "Қазақ халқы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. **(коммуникативтік , шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | **Ата-аналарға кеңес:** Күн тәртібін сақтау | **Ата-аналарға кеңес:** "Ішек жұқпасының" адын алу шаралары | **Кеңес:** Күн тию мен ыстық өтудің алдын алу | Әдептілік сөздерді үйренуін ескерту. | Бүгінгі күннің жетістігі туралы әңгімелесу. |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

***Жоспардың құрылу кезеңі*** 08-12 сәуір 2024 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балалар көктем мезгілі, сәуір айындағы табиғаттағы қзгерістер туралы айтып бере отырып сөздерден сөйлем құрастыра алады, сөз бен дыбысты ажыратады **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, сюжеттік-рөлдік ойын.<br>**«Көкөністер»**<br>**Мақсаты:** Балаларға көкөніс туралы, туралы түсінік беру. Көкөністерге, жалпы өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту.<br><br>**( әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу кешені №1 ( сәуір айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>Допты жоғары лақтыру, еденге ұру және оны екі қолымен қағып алу, допты жерге ұру.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**«Жүру» «Жүгіру»**<br>**Ойын:** «Құстар мен мысық»<br>Мақсаты:Сапта аяқтың ұшымен жүру,бытырап жүгіруге қызығушылықтарын арттыру.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Қазақ тілі**<br>( педагог жоспары юойынша)<br>**Музыка**<br>музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау<br>**( шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>«Менің досым»<br>**Мақсаты:** Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.<br>**( шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>құрсауларды домалату. Допты бір-біріне төменнен лақтыру, басынан асыра лақтыру және оны қағып алу<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын: «Орамал тастау».**<br>**Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Музыка**<br>шулы оркестрге қатысу; балалар музыкалық аспаптарын тану және атау<br>**( шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Тақпақ: «Құстар қайтып барады».**<br>**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>**( шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>Доптарды, допты екі қолымен басынан асыра және бір қолымен кедергі арқылы лақтыру ( 2 м арақашықтық).<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылдық ойын:**<br>« Ақ қояным»<br>**Мақсаты:** Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.<br>(**физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) |
| **Серуенгедайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).**<br>Мақсаты: Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | **Аулада тазартушының еңбегін бақылау.** Тақпақ.<br>Еңбек сүйсең, жасыңнан,<br>Бақыттысың, жас ұлан –<br>Дейді атам ылғи да,<br>Сипап менің басымнан.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір».**<br>**Мақсаты:**Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Көшелер".** Мақсаты: балалардың көше, жол туралы ойларын нақтылау және кеңейту; жүк және жеңіл көліктер туралы; көшеде өзін-өзі ұстау ережелері туралы қарапайым білім беру, байқағыштықты дамыту.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:**<br>**"Ұстап ал", "Үшінші артық".**<br>Мақсаты: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек).**<br>Жұмбақ.<br>Ақ көйлекті, көк желек,<br>Орманда орны бір бөлек.<br>Әннің аты деседі,<br>Сызды жерде өседі.<br>(Қайың)<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын. «Кім бірінші жүгіріп келеді».**<br>Мақсаты:Балаларды тез және белгі бойынша жүгіруге үйрету. Кедергі жасамай өзінің орнына қайтып келіп тұру, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-** | **Тамшыны бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Мұрны жоқ шымшық,<br>Мұз тесер.(Тамшы)<br>Бақылау.<br>Көктем құбылыстары. Тамшыға назар аударып бақылау. Балалардың сөздік қорларын байыту. Көктемге байланысты айтылатиын «күн қыздырады», «төбеде қар ериді» деген түсініктермен таныстыру.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Кім жоғары секіреді».**<br>**Мақсаты:** Бір орында секіру, қимыл-қозғалыстың шапшаңдығын арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | **әрекет)** | Жолдастық сезімдерін арттыру. **(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау *(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Дастарханды жаямыз"** **Мақсаты**: Балаларды Наурыз мейрамына қатысты қонақты күту рәсімімен таныстыру, ыдыстардың атауларын қайталау; «сиқырлы» сөздер мен әдептіліктің қарапайым ережелері жөнінде мағлұмат беру. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **"Үй салайық".** **Мақсаты**: Балаларға кірпіштерді еден қалпында жатқан екі қос білеудің үш жағы бойына тігінен қойып, қабырғаларды қалап, үстінен екі призмамен, шатырмен жауып, үй құрастыруға үйрету; құрастыру барысын, құрылыс материалдарының қалпын үнемі түзеп отыруға бейімдеу. (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **"Дастарқанды жаямыз" дидактикалық ойыны.** **Мақсаты:** балаларға үстелге қойылатын ыдыстар мен азық-түліктерді атап айтқызу, қонақ күту дәстүрімен таныстыру. (**әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет**) | **"Қонақ күтеміз" сөздік жаттығуы.** Мінекей, қонақтар келіп қалыпты. Олар сендерге шашу сыйлайды. Кәмпиттен шашу жасау. Балалар кәмпиттерді теріп алғаннан кейін, орындарына отырады. - Ал, қонақтар, мерекелі дастарханнан дәм татып, шай ішіңдер! (шай құюды көрсету) (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **"Наурыз гүлдері".** **Мақсаты**: Балалардың наурыз гүлдерін бақылай отырып, олардың қар астынан пайда болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Наурыз гүлдері туралы білімдерін қалыптастыру. (**әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет**) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалармен** **"Сүттен жасалатын тағамдарды ата" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балалардың сүттен жасалатын тағамдарды ажырату іскерліктерін дамыту. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Мадияр Бекәлім, Байменде Раяна** **"Әдептілік" тақпағын айтқызу.** Мақсаты. Бала тілін дамыту. "Әдептілік" (Өмірбай Өмірзақов). Рұқсатсыз бақшаға, Бақыт тіпті бармайды. Көрнеу қойған ақшаға, Суық қолын салмайды. Айтқан ақыл өзінің Есінен бір кетпейді. Жолда үлкен кісінің Алдын орап өтпейді. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Казенбай Нұрбол** **"Биші" тақпағын айтқызу.** Мақсаты. Бала тілін дамыту. "Биші" (Тоқбай Исабеков). Биле, Алмашжан, билеші, Әжең көріп, жасарсын. Билей берсең күнде осы, Шара апаңнан асарсың. (**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Думан Сара,** **Мадияр Бекәлім** **"Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: судың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру. - Балалар, қазір біз "Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты мынадай: мен "Су" дегенде судың қасиеттерінің біреуін орындарыңнан тұрып айтасыңдар. Екі топқа бөлініп, жауап беруге дайындалыңдар. Қай топ жылдам, әрі дұрыс жауап | **Балалармен** **"Наурыз" тақпағын жаттау** Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз. Тәтті болып жасалған Наурыз дәмін татамыз. Б. Жақыпов (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | берсе, сол топтың балалары жеңіске жетеді. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. |

Тексерілді: Ж.Ж.Жакенова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

***Жоспардың құрылу кезеңі*** <u>15-19 сәуір 2024 жыл</u>

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға көктемгі еңбек туралы айтып түсіндіру *(***коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет***)* | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу** | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары *(тәрбиеші ұйғарымы бойынша)*<br>**«Егіншілер».**<br>Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Нан түрлері туралы әңгімелейді. Заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білуді бекіту арқылы ыдыс түрлерін жапсыру, сазбалшықты бөлуге, өз жұмысын алдында тұрған үлгімен салыстыруға және мүсіндеуге үйрету, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру**. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу кешені №2 (сәуір айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері<br>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>түзу бағытта (арақашықтығы 6 м);<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Ойын:** «Аю жүрген орманда».<br>**Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту<br>Аюдың суретін салу.<br>( **физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Музыка**<br>музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Сөздік ойын**<br>«Жаңылтпаш»<br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің сөзін балалар жалғастыру.Сөйлеу тілін дамыту.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4 м)<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»**<br>**Ойын барысы:** «Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Музыка**<br>Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Сюжеттік ойын:**<br>«Менің балабақшам»<br>**Мақсаты:** Балаларға «Балабақша» туралы түсінік беру олардың үлкенді сыйлауға үйрету, қызметкерлердің жұмысымен таныстыру.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Дене шынықтыру**<br>оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3 м)<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын:**<br>**«**Кім жылдам»<br>Мақсаты: Түрлі-түсті стакандардан биік ғимарат құрастыру.<br>**(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік".**<br>**Мақсаты:** балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**( танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары".**<br>**Мақсаты:** физикалық қасиеттерін,ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту.<br>**( физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Көктем мезгілінің белгілерін бақылау.**<br>**Мақсаты:** көктем мезгілінің белгілерін бақылауды жалғастыру.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі".**<br>**Мақсаты:** балаларды жүгіруге жаттықтыру,ептілікті дамыту.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)** | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау.**<br>**Мақсаты:** ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн".**<br>**Мақсаты:** қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау.**<br>**Мақсаты:** бақылау дағдыларын дамыту; сыпырушының жұмысына құрметпен қарауды тәрбиелеу.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кегльдерді соқ".**<br>**Мақсаты:**ептілікті, реакцияның жылдамдығын дамыту.<br>Балалардың алып шыққан ойыншықтарымен өзіндік әрекеттері.<br>**( физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Шыршаларды бақылау.**<br>**Мақсаты**: балалардың шыршаның құрылымына тән белгілері, оны басқа ағаштардан ажырататын белгілері бойынша тану қабілетін бекіту.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп өт".**<br>**Мақсаты:** серуендеу кезінде балалардың дене белсенділігін арттыру; ұқыптылықты,ептілікті, төзімділікті дамыту.<br>**( физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау *(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Асықтарды санайық".** **Мақсаты**: Балалардың "саны көп", "саны аз", "саны бірдей", "саны тең" ұғымдары туралы түсінігін қалыптастыруды жалғастыру; жұп заттарды тұстастыру және беттестіру тәсілі жөніндегі түсінігін тиянақтау; қазақтың ұлттық ойындары жөнінде түсінік қалыптастыру. **(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Қаз-қаз, бөпем!"** **Мақсаты**: Балаларды "Қаз-қаз, бөпем!" өлеңімен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету; өлеңнің бастапқы шумақтарын үйде өз еріктерімен жаттап алуға дағдыландыру. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Бас орамал оюлары".** **Мақсаты**: Баланы шаршы пішінінің бұрыштарын, ортасын мақта таяқшасын қолданып, оюлармен безендіруге үйрету. **(коммуникативтік, шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **"Тәй-тәй басып келеміз" ойыны.** **Мақсаты**: Балаларға «тұсау кесу» дәстүрі жөнінде мәліметтерді беру, ұлттық ойындармен таныстыру; Наурыз мейрамы туралы білімдерді қалыптастыру. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Төрт түлік".** **Мақсаты**: Балалардың төрт түлік малдың ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Төрт түлік мал туралы түсініктерін қалыптастыру. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол** **Сюжетті суреттер қарастыру.** Мақсаты: "Қазақ халқы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Балалармен** **Көркем сөзді мәнердеп оқу. Мағжан Жұмабаев. "Бесік жыры" (үзінді).** Мақсаты: Балаларды педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру.<br>- Күнім, айым,<br>Еркетайым,<br>Жата ғой, қозым.<br>Әлди, бөпем,<br>Әлди, бөпем,<br>Ұйықта, жұм көзіңді.<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Әлди, әлди-ай!<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол** **"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол** **"Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Балалармен** **Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата".** Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңның енесі мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және төлін айтады. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту». | Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу. | Мектепке дейінгі баланың жан-жақты дамуындағы театрлық іс-әрекет. | «Әкем, анам және мен – біз тату отбасымыз» жоба. | Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру. |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

***Жоспардың құрылу кезеңі*** 22-26 сәуір 2024 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға аула тазалаушылары туралы айтып беру **(әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары *(тәрбиеші ұйғарымы бойынша)*<br>Өнер орталығында маусымдық өзгерістердің ерекшеліктерін жасау барысында екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қиюды, мүсінделген пішіндердің бөліктерін нақтылауға, оларды бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуге үйрету **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>Көктем мезгіліндегі маусымдық өзгерістерлің ерекшелігі туралы түсінік беру, балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Танертенгі жаттығу кешені №2 ( сәуір айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері<br>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты:<br>балаларды қатарда бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, жүру және сапқа тұруға | **Қазақ тілі ( педагог жоспары бойынша)**<br>**Музыка**<br>әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, тыңдау<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-** | **Дене шынықтыру**<br>"Жүру, еңбектеу және секіру бағдарлау: оң жақта, жаттығулары".<br>Мақсаты:<br>балаларды 50-60 | **Музыка**<br>"Көктем шақырады".<br>Мақсаты:<br>балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық | **Дене шынықтыру**<br>"Қимылдар тізбегін үзбе".<br>Мақсаты:<br>балаларды биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру;<br>саптан қатарға ауысып, бір-бірден жүре отырып, педагогтің белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>«Аңдар жүрісі»<br>**Мақсаты:** Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **әрекет)**<br>**«Сүйікті ертегілер»**<br>**Мақсаты:** Баланы сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құрастыруға, сондай-ақ таныс мәтінді қайталауға үйрету.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | метрге жүгіруге үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын**.<br>«Күн мен жаңбыр»<br>Балалардың өз еріктерімен жасайтын іс-әрекеттері.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | секіру; көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүруге үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Аңшылар»**<br>**Мақсаты:** жылдамдыққа, нысанаға дәлдеп тигізе білуге үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік".**<br>Мақсаты: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары".**<br>Мақсаты: физикалық қасиеттерін,ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды физикалық іс-әрекет)** | **Көктем мезгілінің белгілерін бақылау.**<br>Мақсаты: көктем мезгілінің белгілерін бақылауды жалғастыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі".**<br>Мақсаты: балаларды жүгіруге жаттықтыру,ептілікті дамыту.<br>**(физикалық коммуникативтік іс-әрекет)**<br>. | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау.**<br>Мақсаты: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн".**<br>Мақсаты: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік физикалық іс-әрекет)** | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау.**<br>Мақсаты: бақылау дағдыларын дамыту; сыпырушының жұмысына құрметпен қарауды тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кегльдерді соқ".**<br>Мақсаты:ептілікті, реакцияның жылдамдығын дамыту.<br>Балалардың алып шыққан ойыншықтарымен өзіндік әрекеттері.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Шыршаларды бақылау.**<br>Мақсаты: балалардың шыршаның құрылымына тән белгілері, оны басқа ағаштардан ажырататын белгілері бойынша тану қабілетін бекіту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп өт".**<br>Мақсаты: серуендеу кезінде балалардың дене белсенділігін арттыру; ұқыптылықты,ептілікті, төзімділікті дамыту.<br>**(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқа рау және тағы басқаәрекеттер)** | **"Көктем сыйлаған көйлек".** **Мақсаты**: Балаларды мерекелі көйлек сұлбасының ортасында және төменгі жағындағы жолақты қарапайым ою элементтерімен безендіруге үйрету. **(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** **Дидактикалық ойын "Суретші қай жерден қателесті?"** **Мақсаты:** баланың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Қарлығаш туралы тақпақ жаттау".** **Мақсаты:** Балаларды жыл құсы қарлығаш туралы көркем сөзбен таныстыру, қарлығаштың тіршілігі жөнінде мағлұматтар беру. **(әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)** "**Көктеммен бірге құс келді".** **Мақсаты**: Балалардың құстарды бақылай отырып, оның ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. **(танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **"Торғай".** **Мақсаты:** Балалардың торғай туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, оның өмір сүру тіршілігімен таныстыру; торғайдың белгілері мен ерекшеліктері (сыртқы бейнесі, тамақтануы, түсі, көлемі және қыстайтын құсы), түрлері жайлы түсінік беру; көктемнің жаршысы құстар туралы білімдерін кеңейту. **(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** **Ұлттық ойын. Білектесу.** Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. **(танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **"Бантик таққан балапан".** **Мақсаты**: Балаларды қағаз жолағын көлденең бойымен тең бөліктерге бүктемелеу амалдарына үйрету, жасалған гофра жинағын көлденең жіңішке жолақ арқылы жапсырып бөлуге машықтандыру. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** **"Анашым, анажаным".** **Мақсаты:** Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; **(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **"Көктемгі сыйлықтар".** **Мақсаты:** Балалардың геометриялық пішіндер жөніндегі білімін тиянақтау, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең" ұғымдарын түсінуін пысықтау; көктем мезгіліндегі құстардың тіршілігі жөніндегі түсінігінің аясын кеңейту, аналар мерекесіне сыйлық дайындау әдебімен таныстыру. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** **"Жапалақ" қимылды ойыны.** Ойыншылар ішінен жапалақ таңдалады. Басқа балалар құстар, қоңыздар, көбелектер болады. **(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалармен "Көктем" тақырыбында әңгімелесу (иллюстрацияларды қарастыру).** **Мақсаты**: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол "Көктем" тақпағын жаттау.** Көктем қырға төрледі,<br>Төрт түлік мал төлдеді.<br>Бәйшешектер құлпырып,<br>Деп тұрғандай: «Көр мені!»<br>Жылы мезгіл жетіпті,<br>Тастадық біз етікті.<br>Қар көктемге жеткізбей,<br>Тауға шығып кетіпті! | **Казенбай Нұрбол Жыл мезгілі жайлы сұрақтар.** **Мақсаты**: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол "Сиқырлы қылқалам".** **Мақсаты.** Дайын суреттерді бояу. **(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Балалармен Жаңылтпаштар айтқызу.** Бір ақ шымшық,<br>Екі ақ шымшық.<br>Үш ақ шымшық,<br>Төрт ақ шымшық. **(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | К.Ыбырайұлы **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | "Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу. | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу. | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. | Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" | Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?" |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

***Жоспардың құрылу кезеңі*** 29-03 мамыр 2024 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға аула тазалаушылары туралы айтып беру **(әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел-үсті ойыны**<br>**«Ертегіні иллюстрациялар бойынша айт»**<br>**Мақсаты:** Балаларды таныс ертегіні қайталауға шақыру; шығармашылық көрініс үшін жағдай жасау.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Танертенгі жаттығу кешені №2 ( сәуір айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері<br>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.<br>**( әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**<br>балаларды қатарда бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, жүру және сапқа тұруға | **Қазақ тілі**<br>**( педагог жоспары бойынша)**<br>**Музыка**<br>әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, тыңдау<br>**(шығармашылық,** | | **Музыка**<br>**"Көктем шақырады".**<br>**Мақсаты**:<br>балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық | **Дене шынықтыру**<br>"**Қимылдар тізбегін үзбе".**<br>**Мақсаты:**<br>балаларды биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру;<br>саптан қатарға<br>ауысып, бір-бірден<br>жүре отырып,<br>педагогтің белгісі<br>бойынша<br>тапсырмаларды<br>орындауға үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>«Аңдар жүрісі»<br>**Мақсаты:** Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**«Сүйікті ертегілер»**<br>**Мақсаты:** Баланы сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құрастыруға, сондай-ақ таныс мәтінді қайталауға үйрету.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | шығарманы<br>эмоциямен<br>қабылдауға үйрету;<br>дыбыстарды<br>биіктігіне қарай<br>ажырату және<br>әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | секіру; көлбеу<br>тақтайда жоғары-<br>төмен жүруге үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Қимылды ойын: «Аңшылар»**<br>**Мақсаты:** жылдамдыққа, нысанаға дәлдеп тигізе білуге үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау.**<br>Мақсаты: Көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Түрлі түсті көліктер" ойыны. Мақсаты**: Заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br><br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Аспанды бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: Балаларға аспанның әсемдігін байқауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br><br>Мақсаты:. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай | | **Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылау.**<br>Мақсаты: Көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты:Балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)** | **Өрт сөндіру машинасын бақылау.** Мақсаты: Көліктер мен олардың механизмдерінің рөлі туралы білімдерін кеңейту; қызығушылықты дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:**<br>**"Лақтыр да, ұстап ал".**<br>Мақсаты: Педагог ұйымдастырған ойынды балалардың емін-еркін ойнауларына ықпал ету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойнайды).<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқа рау және тағы басқаәрекеттер)** | **Дидактикалық ойын "Суретші қай жерден қателесті?"**<br>Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | "**Көктеммен бірге құс келді".**<br>**Мақсаты**: Балалардың құстарды бақылай отырып, оның ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту.<br>**(танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Ұлттық ойын. Білектесу.**<br>Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. **(танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | "Анашым, анажаным".<br>Мақсаты: Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту;<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **"Жапалақ" қимылды ойыны.**<br>Ойыншылар ішінен жапалақ таңдалады. Басқа балалар құстар, қоңыздар, көбелектер болады.<br>**(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалармен "Көктем" тақырыбында әңгімелесу (иллюстрацияларды қарастыру).**<br>Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол "Көктем" тақпағын жаттау.**<br>Көктем қырға төрледі,<br>Төрт түлік мал төлдеді.<br>Бәйшешектер құлпырып,<br>Деп тұрғандай: «Көр мені!»<br>Жылы мезгіл жетіпті,<br>Тастадық біз етікті.<br>Қар көктемге жеткізбей,<br>Тауға шығып кетіпті!<br>К.Ыбырайұлы<br>**(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол Жыл мезгілі жайлы сұрақтар.**<br>Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол "Сиқырлы қылқалам".**<br>Мақсаты. Дайын суреттерді бояу.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | **Балалармен Жаңылтпаштар айтқызу.**<br>Бір ақ шымшық,<br>Екі ақ шымшық.<br>Үш ақ шымшық,<br>Төрт ақ шымшық.<br>**(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | "Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу. | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу. | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. | Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" | Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?" |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**
**Топ: Ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** 06-10 мамыр 2024 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | Балаларды тәрбиелеуде қиын мәселелері бар ата-аналарға арналған кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу,ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі–зейнет»екенін түсіндіру.Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы:«Бір уыс мақта»,«Бұзау бақтым»,Қайдан келдің бауырсақ?» деген әңгіме, ертегілер арқылы балаларға барлық заттардың еңбек пен келетіндігін түсіндіру."Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".<br><br>Мақсаты.Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыптықарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өзбетінше анықтауға үйрету(топырақтың түсімен күйіне,өсімдіктің пайда болуына байланысты),суару техникасын еске түсіру. | | | | |
| | "Санамақтар".<br>Бірім-бір,<br>Екім-екі,<br>Үшім-үш,<br>Төртім-төрт,<br>Бесім-бес,<br>Алтым-алты,<br>Ауырбалтам,<br>Қалдықалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырматауық!<br>Олпық-солпық,<br>Сенкір,сеншық!<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) | | Дидактикалық ойын "Ғажайып нүктелер".<br><br>**Мақсаты**:«Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады.<br>Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | «Сиқырлы қапшық»<br><br>Дидактикалық ойыны.<br>**Мақсаты**:заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br><br>**(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Танертенгі жаттығу кешені №1 ( мамыр айына арналған)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Әдемі табиғат көрінісі жайлы әңгімелесу. | | Табиғат туралы қызықты мәліметтер айту. | | Әдемі табиғат көрінісі жайлы әңгімелесу. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>Мақсаты: Ойын арқылы жетекшіні ауыстырып жүгіру, араларын алшақ ұстау және жақын жүру. (**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Ұшты-ұшты" ойыны.**<br>Мақсаты: Балаларға ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажыратуды үйрету. (**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты**:балаларды сапта тұрып оңға және солға бұрылыстар жасауға;затты көлденеңінен (2–2,5м арақашықтықта) оң қолмен лақтыруға үйрету. (**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны.**<br>Мақсаты: Белгі бойынша жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. (**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты**:балаларды затты көлденеңінен (2–2,5м арақашықтықта) сол қолмен лақтыруға үйрету. (**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жаттығулар.**<br>**Мақсаты**: Екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу. (**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қоңызды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балаларды жәндіктердің (көбелектің, қоңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, | | **Жаңбырлы күнді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр,ажыратуға үйрету.<br>*"Жауын"*<br>- Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | | **Құмырсқаларды бақылау**<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру,шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру,қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Кім солай сөйлейді?» доппен ойын**<br>**Мақсаты:** Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету.<br>**(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | **Танымдық ойын: «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»**<br>Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.<br>(**танымдық-зияткерлік,шығармашылық іс-әрекет**) | | **«Өз үйіңді тап» дидактикалық ойын**<br>Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.<br>(**танымдық-зияткерлік,шығармашылық іс-әрекет**) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>ұсақ қол моторикасын дамыту<br>(**танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | . | **Казенбай Нұрбол**<br>тыныс алу жаттығуын жасату<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | **Казенбай Нұрбол**<br>түстерді ажырата білуге үйрету<br>(**танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

***Жоспардың құрылу кезеңі*** 13-17 мамыр 2024 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | «Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Үстел -үсті ойыны: «Кімге не қажет?»** Мақсаты: Маман иелерінің құрал-саймандарымен таныстыру. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **«Қай аспап жоқ?»** Мақсаты: Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту. **(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу. **«Ертегі әлеміне саяхат»** Мақсаты: Ертегі туралы түсінік беру. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. **«Бағдаршам»** (сурет қарастыру) Мақсаты: Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту. **(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңертенгі жаттығу кешені №1 (мамыр айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Үш қыз» әдептілік әлемі** Мақсаты: Қыз бала туралы туралы түсінік беру. **(коммуникативтік, әлеуметтік –эмоционалды іс-әрекет)** | **«Бағдаршам»** (сурет қарастыру) Мақсаты: Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **«Ғажайып қапшық»** Мақсаты: Әр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану. **(коммуникативтік, әлеуметтік –эмоционалды іс-әрекет)** | **«Сәукелені әшекейлейміз»** Мақсаты: Сәукеленің суретінсалуға үйрету. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Шаштараз қалай жұмыс істейді?** Қуыршаққа көрсетеміз Шаштараз жұмысы туралы балаларға білім беру. **(коммуникативтік, әлеуметтік –эмоционалды іс-әрекет)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** Қолына зат ұстап, | **Қазақ тілі (педагог жоспары бойынша)** **Музыка** | **Дене шынықтыру** Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, | **Музыка** Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, | **Дене шынықтыру** Қолына зат ұстап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** **Ойын: «Еңбектеп, дегенмен сызықтардан асып кетпе»** **Мақсаты***:* бауырмен жылжуға жаттықтыру **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** **«Достық» мерекесі** Мақсаты: Балаларға достық мерекесін түсіндіру. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | қолдарын алға созып көтеру **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** **Ойын: «Өз орныңды тап»** **Мақсаты:** Балалардың зейінін, шапшаңдығын дамытып, жүгіруге жаттықтыру. **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** **Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар»** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту. **(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** **Ойын: «Кім епті»** **Мақсаты:** Зейінді дамыту, допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру. **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Желді зерттеу. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** **Қимылды ойын:** «Мені қуып жет» **Мақсаты:**Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет** ) | Ағаштарды зерттеу **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** **Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа, мықты болуға тәрбиелеу. **(ойын қызметі)** **«Ақ қоян»** **Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа, мықты болуға тәрбиелеу. **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | Күннің көзін бақылау. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** **Қимылды ойын:** **«Ақ қоян»** Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, мықты болуға тәрбиелеу. **(физикалық, танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | Күннің көзін бақылау. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, мықты болуға тәрбиелеу. **(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | Ауа-райы бақылау. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** **«Кім баяу?»** **Мақсаты**: Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру дағды ларын қалыптастыру **(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру,шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру,қолдарын жуу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** Мақсаты: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол** Ұсақ қол моторикасын дамыту. **(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина** тыныс алу жаттығуын жасату. **(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол** Қайшыны дұрыс ұстауға үйрету. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина** түстерді ажырата білуге үйрету. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** | **Жантөре Төрежан** ұсақ қол моторикасын дамыту. **(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлыайту,апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 20-24 мамыр 2024 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | "Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсаты.** Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; (**коммуникативтік ,шығармашылық іс-әрекет)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсаты**. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз. **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Оқу қызметіне дайындық". Мақсаты**. Кезекшінің міндеттерін өз бетімен, адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажетіне қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау. **(әлеуметтік-эмоционалды,танымдық -зияткерлік іс-әрекет)** | Үлкендердің көмегімен жаз айларында даладағы гүлдерді суару, ағаштарға су құю, түптерін қопсыту, сыпырысу, қоқыстарды жинауға үйрету. **(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту". Мақсаты**. Балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. **(әлеуметтік-эмоционалды,шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Санамақтар".<br>Бірім - бір,<br>Екім - екі,<br>Үшім - үш,<br>Төртім - төрт,<br>Бесім - бес,<br>Алтым - алты,<br>Ауыр балтам,<br>Қалды қалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Олпық-солпық,<br>Сен кір, сен шық!<br>(**танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет**) | Ойын шарты.<br>Балалар екі-екіден отырады.<br>Оның алдында үшбұрыш пішіндер бар. Қандай пішін? Нешеу? Бұл пішін қалай аталады?<br>Жұмбақ.<br>Жазда да, қыста да,<br>Үнемі бір түсте. (Шырша)<br>Балалар үлгіге қарап, шыршаны<br>Берілген үшбұрыштардан құрастырады.<br>(**танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет** | **"Қалаға саяхат» үстел - үсті ойыны**.<br>Мақсаты:Балалардың туған қаласы туралы білімдерін бекіту:<br>онда кімдер тұрады, еңбек етеді,<br>қандай транспорт түрлеріб ар, қала қалай безендірілген.<br>(**танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет** | **"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны**. Мақсаты: Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет** | **"Ұқсайды - ұқсамайды"** заттар мен ойналатын ойын.<br>Мақсаты: Балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Танертенгі жаттығу кешені №2 (мамыр айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жаз туралы әңгімелесу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет)** | Жаз туралы тақпақтар жаттау<br>**(әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет)**. | Жаз табиғатының суретіне қарап әңгіме құрау. **(әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет)** | Жаз туралы жұмбақтар шешу. **(әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет)** | Жаз туралы әңгімелесу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**"<br>**Мақсаты:** гимнастикалық орындықпен етпетінен жатып, екі қолымен (орындықтың екі жанынан ұстау) тартыла еңбектеуге үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**«Сақина жасыру»**<br>Мақсаты: Баланың зейінің тапқырлығын дамыту.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Музыка**<br>**Мақсаты:** балаларды көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**«Өз үйіңді тап» дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** балаларды ұзындыққа 4-6 сызықтың үстінен секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40-50 см) үйрету.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Ойын «Дұрыс айт»**<br>**Мақсаты:** Мынау не? қандай? Сұраққа жауап беруге үйрету<br>(**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет**) | **Музыка**<br>"Кел,билейік!"<br>Мақсаты: балаларды көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**Д/о:«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер»**<br>Мақсаты: адамның жақсы жақтарын көре білуге | **Дене шынықтыру** Мақсаты: балаларда қатарға үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен,табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**«Сиқырлы таяқша»**<br>**Мақсаты:** балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.<br>**(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сақтауға үйрету.<br>(**шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қазақ тілі**<br>**(педагог жоспары бойынша).** | | тәрбиелеу<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | | |
| **Серуен** | **Жәндіктерді бақылау**<br>(көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке)<br>Жұмбақ.<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады.<br>Мұны да ойлап көрейік,<br>Шешуін кім табады?<br>(Қоңыз)<br>Мақсаты:<br>Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту. Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру..<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Ұшады не ұшпайды».**<br>**Мақсаты**: Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау.<br>(**физикалық,әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Гүлдерді бақылау**<br>(петунья, космея) Жұмбақ.<br>Өзіне шап-шақ,<br>Киген қалпағы аппақ,<br>Аулада тұр қаптап.<br>(Бақбақ)<br>Мақсаты:<br>Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсінІктерді кеңейту.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Көбелектер, бақалар».**<br>Мақсаты:<br>Балалалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту.<br>(**физикалық,әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Шықты бақылау**<br>Жұмбақ.<br>Маржандарым тығылды,<br>Таң атқанша ағылды.<br>(Шық) Мақсаты:<br>«Шық» деп аталатын өлі табиғаттағы құбылыс жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Шықтың тек таң ашашығып, күн көтерілгенде еріп кететініне назар аудару. Табиғатқа деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Менің көңілді добым».**<br>Мақсаты: Доппен ойнау әдістерін бекіту, қимыл-қозғалыстарын дамыту ептілікке баулу.<br>(**физикалық**, **әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**) | **Ауа райын бақылау**<br>Жұмбақ.<br>Тырсылдап түседі,<br>Жер бетіне жетеді.<br>Жер бетіне жеткен соң,<br>Ғайып болып кетеді.<br>(Бұршақ)<br>Мақсаты: Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға,салыстыруға үйрету (күн шықты – ыстық болды,жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел).<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br><br>**Қимылды ойын.**<br>**«Допты дәлдеп тигіз»**.<br>Мақсаты: Допты дұрыс, дәлдеп, түзу лақтыру арқылы балалардың ойынды жалғастырулары, арақашықтықты сақтау.<br>(**физикалық**, **коммуникативтік іс-әрекет**) | **Жидектерді бақылау**<br>(құлпынай, бүлдірген).<br>Жабайы өсетіндерін салыстыру.<br>Тақпақ.<br>«Қып-қызыл мына алманы-ай!»<br>С. Оспанов.<br>Қып-қызыл мына алманы-ай,<br>Алма емес, нағыз арман-ай.<br>Алманы үзіп алайын,<br>Өссеңші, бойым, сәл ғана-ай.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды балабақша алаңында өсетін жидектермен таныстыру, олар жайлы білімдерін жетілдіру. Жидектердің ақшыл түстісін жұлуға болмайды, олар әлі піспеген, ал қызылдары – піскен, оларды жинауға болады, бірақ үлкендердің рұқсатымен. Жидектерді дұрыс үзуге үйрету. Жабайы өсетіндер – тауда, далада өсетін жидектер екендігін түсіндіру. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет**)<br>**Қимылды ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **«Көжектер».**<br>Мақсаты: Топпен ойнаудың әдістерін, белгі бойынша ойнауды түсіндіру. Ұжымдық қасиеттерін қалыптастыру.<br>(**физикалық, коммуникативтік іс-әрекет**) |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны**.<br>Мақсаты.<br>Сөйлеу тілін дамыту.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | **"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын. Мақсаты.**<br>Зейін, бақылау, реакция жылдамдығын дамыту.<br>(**танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет**) | **"Ұшады,ұшпайды, өседі, өспейді" театрландырылған ойын**.<br>**Мақсаты.** Балалардың танымдық қабілетін дамыту.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | **Театрды сахналау. "Алма" ертегісін сахналау**.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | **"Күн мен жаңбыр" қимылды ойын**. **Мақсаты:** Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді т.б..<br>(**әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол Артикуляциялық жаттығу. "Әткеншек". Мақсаты.** Тілдің қалпын тез өзгерте білу дағдысын қалыптастыру.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | **Ералиева Альбина «Әдемі кілемшелер». Ойынның мақсаты**.<br>Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | **Казенбай Нұрбол «Айырмашылығын тап» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты.** Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойынайта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту;<br>(**танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет**) | **Ералиева Альбина "Зообақ". Мақсаты**.<br>Балалар жануарлардың қасиеттерін дұрыс анықтай білуге тәрбиелеу.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**) | **Балалармен Кел,жазайық.**<br>**Мақсаты.** Тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету.<br>(**коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет**). |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Әңгіме: «Жаздағы дамытушылық ойындары». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша Сұрақ қою, әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес. Баланың белсенділігі - оның Денсаулығының кепілі. | "Жазда баланың демалысын қалай ұйымдастырасыз?" ата-аналарға кеңес. |

Тексерілді М.М.Усенбеева

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: « М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ «Қарлығаш» шағын-орталық**

**Топ: Ересек топ**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 27-31 мамыр 2024 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (**коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | «Әжелердің немерелерді тәрбиелеуге арналған кеңестері» қабырға газеті. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Ойын алаңын сыпыру. Мақсаты**: сыпырғышты қолдану біліктілігін бекіту, ойын алаңын тұрақты және уақытылы жинауға дағдыландыру, берілген тапсырмаға деген жауапкершілікті қалыптастыру. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Бөлме өсімдіктеріне пульверизатормен су бүрку". Мақсаты**:жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтағы ылғалдылықтың қажеттілігі жайлы түсініктерін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты күтім жасауға тәрбиелеу. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсаты:** балаларды кезекшілік міндеттерін өзбетімен тиянақты, адал орындауға үйрету. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Киім шкафын реттеу"(тәрбиешініңкөмекшісімен бірігіп). Мақсаты:** балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауға үйрету. (**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсаты:**еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын,тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету.Еңбектенуге, Ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Сақина"ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды зеректікке, ептілікке, шапшандыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу..<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>**Мақсаты:**көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Үстел үсті ойыны. "Лото."Ұл баламен қыз бала киімдері". Мақсаты:** балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Текшелер" құрастырғышымен ойындар.**<br>**Мақсаты:** балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балалар құрылыс материалдардан балабақша құрастырады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Дойбы"үстел үсті ойыны.**<br>**Мақсаты:** балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Танертенгі жаттығу кешені №2 (мамыр айына арналған)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Демалыс күндерін қалай өткіздің?" тақырыбына әңгімелесу.**<br>**Мақсаты**: балалардың ойын жинақтау, есте сақтау,сөйлеу қабілетін дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Менің ой-қиялым" шабыттану сәті.**<br>**Мақсаты:** балалардың ой-қиялын дамыту; босаңсыту жағдайын жасау.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Балабақша" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.**<br>**Мақсаты:**балалардың балабақшадағы күн тәртібін пысықтау.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>**Мақсаты**: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **«Кім не істейді?"сөздік ойыны.**<br>**Мақсаты**:көрсетілген объектінің ,құбылыстың суретіне қарап немесе атауын естіп, оның не істейтінін айтуға машықтандыру; сөздік қорды молайту: ойлау,есте жаңғырту қабілетін дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Демалыстың ойын-сауық шаралары.** | **Демалыстың ойын-сауық шаралары.** | **Демалыстың ойын-сауық шаралары.** | **Демалыстың ойын-сауық шаралары.** | **Демалыстың ойын-сауық шаралары.** |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **Жаз мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістерді бақылау.**<br>Мақсаты:балаларға жазғы ауа-райы жайлы түсінік беру. Табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін қалыптастыру, оның әсемдігін көрумен бағалауды үйрету. | **Арнайыкөліктердібақылау**<br>**Мақсаты**;арнайы көліктер жайлы білімдерін кеңейту; сөздік қорын молайту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Шетендібақылау.**<br>**Мақсаты**: шетенді бақылауды жалғастыру; қара және қызыл түсті шетеннің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын байқап,айтуғ аынталандыру; қоршаған орта объектілеріне деген | **Өрмекшінібақылау.**<br>**Мақсаты**: өрмекшілер олардың ерекшеліктері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру;қоршағанортағ а деген қызығушылықтарын арттыру. | **Күн-жылумен жарық көзі.**<br>**Мақсаты**: күн-жылумен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау;<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Ақсерек"қимыл-қозғалыс ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**Орамал"қимыл-қозғалыс ойыны**.<br>**Мақсаты**:балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>. | **Қимыл-қозғалыс ойыны. "Тым-тырақай" ойыны.**<br>**Мақсаты**:балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | қызығушылықтарды арттыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**."Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты**: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру;<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**.Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бір,екі", "Үнсіз адымда".**<br>**Мақсаты:** дұрыс жүру дағдысын, қозғалыс координациясын меңгерту; төзімділікке тәрбиелеу.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Ойын мақсаты**: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру;.<br>**(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік, физикалық іс-әрекет** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Не жасырылған" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарынарттыру.<br>**(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | "**Не артық?" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** балалардың заттармен құбылыстарды жіктеу бойынша білімдерін бекіту; талдау және қорытындылау қабілеттерін, қиялдарын, зейіндерін дамыту.<br>**(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | "**Ғажайып қап" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты**: балалардың кейбір бұйымдар жайлы түсініктерін бекіту; байланыстыра сөйлеу,ойлау қабілеттерін дамыту, зейіндерін тұрақтандыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **"Не жасырылған" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | "**Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу.**<br>**Мақсаты:** балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Казенбай Нұрбол**<br>**"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>**Мақсаты:** есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтарымен айырмашылықтарынтабу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>(**танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Балалармен**<br>**Жыл мезгілдері жайында әңгімелесу.**<br>**Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға нақты жауып беру біліктіліктерін жетілдіру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Казенбай Нұрбол**<br>**"Жаз" (сюжеттік суреттерді қарастыру) тақырыбына әңгімелесу.**<br>**Мақсаты:** қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Ералиева Альбина**<br>**"Ғажайып қап" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:**ойыншық атаулары мен сөздік қорларын арттыру.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Жантөре Төрежан**<br>**"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.**<br>**Мақсаты**:балалардың сөздік қорларын, жақын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру.<br>(**әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Ата-аналарға арналған кеңес.<br>"Бала белсенділігі-оның денсаулық кепілі." | | | | |

Тексерілді М.М.Усенбаева